

Зернебек Шілдебайұлы

КЕУДЕМДЕГІ КЕПТЕРІМ

(Өлеңдер)

«Ан арыс» баспасы

Алматы, 2015

УДК
ББК
Ш

Шілдебайұлы З.

Ш Кеудемдегі кептерім /Өлеңдер/ Зернебек

Шілдебайұлы – Алматы, «Ан арыс» баспасы, 2015 ж.,
168 бет

ISBN

Өлең – ақынның мынау жарық әлемге кеудесінен мәпелеп ұшырған ақ кептері. Бұл жинақтағы жырлар соның жарқын дәлелі бола алады. Поэзия дүниесінде өзіндік үнін танытуға талпынған Зернебек Шілдебайұлы қай тақырыпқа қалам тартса да, ойы мен сезімін қатар өрбітіп, оқырман жүрегің толғандыруға күш салды. Әсіресе, еліміздегі өтпелі кезеңнің шындығы жан-жақты қамтылған. Кез келген өлеңінен ақынның жан дүниесі айқын көрінеді, мазмұнына түрі сай көркемдік қуаты адамға нәр береді, көкірек көзің ашылады.

«Тас бұлақтың суындай сылдырап өңкей келісім» деген дана Абайдың талабын ойдағыдай орындай алғандығымен ерекшеленіп, есте қалады.

ISBN

© Шілдебайұлы З., 2015

© «Ан арыс» баспасы., 2015

АЗАМАТТЫҚ ҮНІ ЗОР АҚЫН

Өлеңдері республикалық баспасөз бетінде там-тұмдап жарияланып жүрген, поэзия дүниесінен үміті мол Зернебек Шілдебайұлының шығармашылығы бізге жақсы таныс. Ол нені қалай жырласа да ағынан жарылып, сырын бүкпесіз айтып, шындықтың көзіне тура қарайтын қасиетімен ұнайды. Мысалы, сонау Желтоқсан оқиғасы кезінде көптеген жандар күнәға батып, кейін өзін сол оқиғаның белсенді күрескері етіп көрсетуге ұмтылған пендешілік іс-әрекетімен халықтың көзіне қаяу түсірсе, осы өлеңдер жинағының авторы өзінің ар-ұяты алдында басын иіп, қателігін мойындай білуімен оқырманның ыстық сүйіспеншілігіне бөленді. Соның жарқын айғағы ретінде кезінде, 1990 жылдары республикалық «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Жанымды жеген дерт немесе Қайрат Рысқұлбекұлына» деген өлеңінен үзінділер келтірейік.

*«Сол күндерді есіме жиі аламын,
Қалай ғана жер басып жүре аламын.
Жетіп бардым «горкомның» нұсқауымен,
Жасың кіші болса да, ойым төмен
Болғанына мен бүгін ұяламын», –*

деп өз кінәсін жете сезінген ақын жүрегі соған қатты қайғырып, сол бір трагедияға байланысты ұпай жинап, елге көрінгісі келген пысық пасықтардың бишара тіршілігі жөнінде былай дейді:

*Кей адамдар шөп басын сындырмаған,
Өмірінде ешнәрсе тындырмаған.
Желтоқсанның ызғары басылған соң
Көрсетіп жүр «батыр» ғып өзін-өзі,
Ең болмаса өтірік қынжылмаған.*

Иә, адам үшін бұдан өткен арсыздық жоқ шығар. Тіпті, өз ұрпағының алдында шімірікпей мақтанатыны зығырданыңды қайнатады-ау. Зернебектің өзі түйіндегеніндей, кейін ондайлардың жөнін құдай табады, сормаңдайдың нақ өзі болып шығады.

Бір қуанарлық жағдай, ол өз өлеңдерінде оқырманына

ой орманын аралатып, тәтті жемісін теріп жеуіне кеңінен мол мүмкіндік жасайды. Пікіріміз жалаңаш қалмас үшін нақты фактіге жүгінейік. Мысалы, өмір туралы өлеңдерінде мынандай жолдар бар:

Бітсе үнім, бітеді
Қастандықпен ұрғанда.
Бірақ қасым бітпейді
Өзім аман тұрғанда.
Бітсе сөйлем, бітеді
Қойылар да бір нүкте.
Бірақ өмір бітпейді
Шексіз мынау тірлікте!

Міне, мұнда салмақты ой басым. Бас-аяғы жұп-жұмыр. Әрқайсымызға тән нәрсе. Ақын екі дүниені салыстыра суреттеу арқылы адамды еріксіз тұңғыық ой түбіне батырады. Қандай қорытындыға келу керектігін оқырманның өзі шешеді. Өлеңнің әсері де, қуаты да сонда жатыр.

Әлбетте, бұған қарап оның өлеңдерінде сезім жағы тапшы екен деген ұшқары ұғым тұмауы керек. Керісінше, көптеген өлеңдері сезімге бай, жүрек қылын бабына келтіріп шертеді. Әсіресе, ол махаббат жырларында сезім әлемін жүректен жүрекке әдемі жеткізеді. Сөзімізге нәр беру үшін мына өлеңінен үзінді оқып, талдап көрейік.

Серуен құрып шаттықтың ауласында,
Жүрміз, сәулем, түсімде бау қасында.
Иығымнан асылып қарағаның –
Күн секілді жымыған тау басында.

Осы шумақтың өзінен-ақ талай сыр түюге болады. Көз алдыңызға сөзбен салынған сұлу сурет келе қалып, көңіліңізді өзіне магниттей еріксіз тартып әкетеді. Тағы да салыстыра теңеу тәсілін шебер пайдалана білген ақын жүрегі Сізді гажайып дүние ішіне енгізіп жібереді. Одан қайта шыққыңыз келмейді. Бақыт құшағында тербеліп тұрғандай керемет күй кешесіз. Адам мен табиғаттың жаратылысы осындай гажап ұқсастығымен тәнті етеді. Сөз жоқ, өлеңді талдағаннан гөрі тұшынып оқыған пайдалы.

*Сонымен, сөз соңында қазақ поэзиясына өлеңдерінде
өзінің сезімталдығын, құнарлы ойға байлығын, парасатты
ой-өрісін, биік азаматтық өресін таныта білген тағы бір
ақынның келгенін паш еткенді жөн көрдік.*

***Күләш АХМЕТОВА,
ақын, Жастар одағы сыйлығының иегері.***

***Қайырбек АСАНОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.***

ӨМІРІМНІҢ ҮЗІК СЫРЛАРЫ

*Мақтанасың біреуге мақтасын деп,
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп.
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар
Антұрғаннан құдайым сақтасын деп.*

Ұлы Абайдың кемеңгерлігі сонда – ол өзінің алдында отырған кісінің нендей ойда тұрғанын тез ұғатын сезімталдығымен бізді тәнті етеді. Солай десек те, пенде болған соң, жасымыз біразға жеткендіктен бе екен, өзін туралы бірдеңе дегенді жөн көрдім. Бәлкім, жұрт, тағы да Абайға жүгінсем, өзіне керегін алар, керексізі өзіме қалар. Өйткені мен де біреуге мақтанғым келеді, қашанғы іштен тынып жүре бересіз?!

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», – дейді халық даналығы. Мен де осы бір сара жолмен өсіп жетілдім. Жетімдіктің зарын тартпасам да, жоқшылықтың мұңын бір кісідей бастан кештім. Өйткені әке-шешем қалт-құлт етіп тіршілік еткен кедей кісілер еді. Азын-аулақ 5-10 тұяқ ешкі, қойымен 8 ұл-қызын бағып-қағып, қатарынан кем қылмады. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігі Ильич шамымен нұрланып отырғанда біз сығырайған май шаммен оқыдық. Қанттың өзі бірде бар, бірде жоқ. Тек әйтеуір әкемнің бейнеткештігінің арқасында үйде ешкі мен қойдың сүті үзілмейтін. Онда да, көбінесе, оны өзі сауатын. Оған себеп – шешем науқас, үнемі дәрігерге қаралатын. Шиеттей балашағаны асырау әкеме қиын тиді. Сондықтан да үлкен ағам Әбілжан Қаратау қаласындағы мектеп-интернатта оқыса, ал одан кейінгі ағам Әбзелбек көрші Кеңес совхозында мектеп-интернатта білім алды. Менің өзім демалыс кезінде қасымыздағы 30-40 шақырым жердегі «Үшарал» совхозында тұратын туыс әпкемнің қолына екі-үш жылдай барып, қошқарын бағыстым. Сөйтіп каникул біткен соң үйге әжептәуір киініп қайтатынмын.

Иә, әкем колхозда жұмыс істесе де, кейін мен ес білгелі ауылдық жұмысшылар кооперативінде, содан соң қой қырку пунктінде қарауыл болса да адалдығынан бір танбаған кісі еді. Біреудің ала жібін ешқашан аттап көрмепті. Бізді де солай тәрбиеледі. Өйткені ол сталиндік заманның жақсысын да, жаманын да өз басынан өткерген болатын. Жақсысы дейтінім, әкемнің де, үлкендердің де айтуына қарағанда, жұрт ұрлық жасауды мүлде ұмытқан екен. Себебі – тәртіп қатал болыпты, егіс даласынан бір уыс дән алсаң, саудан біткені – түрмеден бір-ақ шығасың. Ал қазір ше? «Түйені түгімен, биені бүгімен» жұтқандар жер бетінде алшаң басып, халқының болашағы, өз ұлтының келешегі жөнінде мүлде бас қатырмайды, бұл дүниенің бар байлығын о дүниеге өзімен бірге алып кететіндей қомағайлығын әлі күнге қоятын емес. Бәрінен де кереметі – ондайлардың түрмесі де жұмақтай екен. Бір таңғаларлығы, соның бәрі – Кеңестік тәрбиені бойына сіңіріп, коммунист болған, жоғары білім алғандардың не өздері, не балалары немесе немерелері. Соны көріп өскен, есейіп қалған екі ұлыма «адал бол, ешкімнің ақысын жеме, еліңе адал қызмет ет» деп ақыл айтуға аузым барар емес. Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ. Бар бітіргенім «жоғары білім алып, қатарыңнан кем қалма» дегеннен әрі аспады. Қалғанын өздері тауып алар.

Әлі есімде. Әке-шешемнің ауыр тұрмысын аяғандықтан болар, тоғызыншы сыныпта оқуды тастап, совхоздағы механизаторлар даярлайтын курсқа жазылдым. Сондағы қызыққаным – ай сайын беретін 70 сом ақшасы. Бірақ, бағыма қарай, оны бітіру маңдайыма бұйырмады. Олай болатын себебі – сол кездегі мектеп директоры Шәйбек Шоңов ағай: «Міне, Шілдебаевтан мықты механизатор шығады», – деп ылғи жиында мақтап жүретін (ал мен соған едәуір марқайып, мәртебем өсіп қалатын), совхоздың партия ұйымының хатшысы Ералы Дадабаевпен айтысып жүріп, мені мектепке қайтадан алып келді. Тағдыр деген шынында да, осындай оқиғаларымен қызық қой. Егер ол кісі болмаса мен қазіргі деңгейіме жете алмас едім, өмірім тіпті басқа арнада ағары анық.

* * *

Сонымен, Шәйбек ағамның арқасында онжылдық мектепті 1967 жылы бітірдім. Кәмелеттік аттестатыма қазақ тілінен 3, орыс тілі мен әдебиетінен 4 қойылыпты. Қалғандары – түгел бес. Арманды қуып Алматыға келдім. ҚазПИ-дің де, ҚазМУ-дың да филология факультетінде конкурс жоғары екен. Жүрегім шайлығып, құжатымды адамы аз Ауылшаруашылығы институтының механика факультетіне тапсырып, оқуға түстім. Әлде бағыма ма, әлде сорыма ма, кім білсін, 1970 жылы оны тастап, құжатымды әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне өткіздім. Осылай етуге итермелеген күш – Мұқан Төлебаев көшесіндегі ұлы Мұхаң мұражайының қасиетті әлемі. Мұнда жұма сайын сан алуан тақырыпта әдеби кештер болады. Соған тұрақты қатысып жүріп, әдебиет дүниесіне еріксіз еніп кеткенімді білмей де қалдым. Оған қоса институтта әдебиет үйірмесі де жақсы жұмыс істеді. Бұл үйірмеге сол кезде агрономия факультетінде оқыған, бүгінде білікті кәсіпкер, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты, дарынды ақын Ерболат Төлегенұлы басшылық жасады. Ол аздай-ақ, «Лениншіл жас» газетінде екі мәрте өлеңдерім жарық көріп, соның буымен «ақын болған осы екен» деген күйде асып-тасып жүрдім. Сөйтіп, не керек, осының бәрі маған қатты әсер етіп, инженер-механик мамандығынан мүлде қол үздірді. Филология факультетіне құжат тапсыруыма басты себеп болған негізгі факторлардың бірі – қазақтың біртуар ірі ақындары – сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Жұбан Молдағалиев пен Жүмекен Нәжімеденовтің титтей талабымды ерекше бағалап, ресми түрде университеттің филология факультетінің деканы Х.Сайкиевке жазбаша ұсыныс жасауы. Декан мұны өзі шеше алмайтынын тілге тиек етіп, университет ректоры Асқар Закаринге кіруімді өтінді. Алайда, өкінішке қарай, ол кісі оған жөнді мән бермей, апарған қағазыма «жалпыға бірдей тәртіп негізінде оқуға түсу керек» деп жазып берді. Амал жоқ, салым суға кетіп, көптен бірге білім додасына қосылдым. Бірақ балым жетпей, конкурстан өте алмадым.

Сөйтіп, ең соңында не ауылшаруашылығы институты жоқ, не Қазақ мемлекеттік университеті жоқ, айдалада сенделіп қалдым. Ауылға қайтуға қу намыс жібермеді. Ұяттан өртеніп кете жаздадым. Біраз күн қайғыға батып, өзімді-өзім қамшылап, белімді бекем будым да, төлқұжаттың тіркемесін сұрамаған Алматыдағы №2 баспаханаға қолбала жұмысшы болып орналастым. Кез келген жұмысшы әрнәрсеге жұмсап, зықымды шығарды. Үш-төрт айға әрең төздім. Одан құтылу үшін тағы да төлқұжат тіркемесін сұрамайтын №5 подшипник өңдеу зауытына жұмысқа кіріп, станокта подшипникті өңдеп, жылтырату ісімен айналыстым. Әрине, мұнда да жұмыс жеңіл болған жоқ. Күні бойы табаныңнан тік тұрып қимылдайсың. Жұмыстан соң сілең бітіп, үйге шаршап келіп құлайсың. Дегенмен, оған еш өкінбейсің, өйткені өз еңбегіңнің жемісін көресің ғой.

* * *

Себепсіз салдар жоқ. Менің Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп кетуіме себеп болған жағдай – осы оқу орнындағы М.Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің тыныс-тіршілігі. Бұл бірлестік жыл сайын желтоқсан айының 24-25-терінде ұлы Мұханды еске алу кешін өткізуді тұрақты дәстүрге айналдырған екен. 1970 жылы да сол бағытынан айнымады. Мұхана арналған әдеби кешке мен де келіп қатыстым. Қасымда өзіммен бірге зауытта жұмыс істейтін астраханьдық Қатима Ерғалиқызы бар, ол кейін білдей заң қызметкері болды. Осы кеште кілең жастар өз өлеңдерімізді оқыдық. Төрде – арқалы ақындар Мұқағали Мақатаев пен Өтежан Нұрғалиев және көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішев. Кешті бірлестіктің жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сұлтанғали Садырбаев жүргізіп отырды. Араларындағы жалғыз жұмысшы болғандығымның әсері ме екен, әлде өз өлеңімді жатқа жақсы оқығандығымның арқасы болды ма екен, кім білсін, Мұқағали ағамыз оқылған өлеңдерге шолу жасай келіп, менің де адресіме жылы лебізін білдірді, бірақ сары уайымға салынып, күйректік таныту жас адамға мүлде жараспайтындығын тілек ретінде айтып өтті.

Кеш бітісімен киім ілетін жерге асыға жетіп, қыстық пальтомызды алып, Қатиманың пальтосын өзіне кигізіп, өзім де киініп болып, сыртқа шығуға бұрыла берген сәтімде бірлестіктің жетекшісі Сұлтанғали Садырбаев ағам шақырып алып, биыл қайда баратынымды сұрады. Мен былтыр журналистика факультетінде конкурс төмен болғанын, сондықтан да құжатымды соған тапсырсам деген ойда жүргенімді баяндадым. Алайда ол кісі бірден маған визиткасын беріп, құжатымды филология факультетіне тапсыруымды, тапсырған соң өзіне телефон соғуымды өтінді. Бірақ, неге екенін қайдам, көңілім оған соншалықты сене қойған жоқ.

Арада талай уақыт өзен суындай жылжып ақты. Бір күні Жазушылар одағында жұмыс істейтін жерлес ағам, ақын Рафаэль Ниязбековпен әңгімелесіп, үстіңгі қабаттан төмен түсуге бұрыла берген жерде Тұрсынбек Кәкішев ағам қарсы жолықты. Сызылып сәлем бердім. Ол ағам да биыл қайда құжат тапсыратынымды сұрап алып, өзі емтиханда болатынын айтып, құжатымды филология факультетіне өткізімді қалады. Содан соң барып ойландым...

Бұл кісілердің маған деген жылы ниетіне ішім жылып, құжатымды өз уақытында осы факультетке қуана тапсырдым. Тапсыруын тапсырғанмен, ішім күпті болды. Олай болатын себебі – Сұлтанғали ағама күніне үш мәрте телефон соғамын, ешкім телефон тұтқасын көтермейді. Соның салдарынан көтеріңкі көңілім су сепкендей басылды.

Өкініштен ішім өртеніп кете жаздады. Өйткені ол кісіні көрмей-ақ шығармадан сынақ тапсырдым. Күнде оқу корпусына келіп, қара тізімнің шыққан, шықпағанын қараймын. Сондай күннің бірінде көшенің арғы бетінен бері қарай Тұрсынбек Кәкішев ағам келе жатыр екен. Керемет қуандым. Алдынан шығып, жаным қалмай амандасып жатырмын. Ол кісі бұл арада неге жүргенімді сұрады. Мен: «Аға, қара тізімді қарап жүрмін», – дедім. Ағам болса ашуланып: «Бар, жоғал, жатақханаға барып, емтиханға дайындал», – деді. Бұлай ұрысқанына ішім біртүрлі жылып, іштей қуана-қуана тайып отырдым.

Осыдан кейін өзіме үлкен сенім пайда болып, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша қобалжымай еркін әзірлендім. Көптен күткен сын сағаты да келді. Абитуриенттердің бәрі екіге жарылып, өз кезегімен күн астында шыжып тұр. Ал мен есік алдында күзетте тұрған студенттердің көбісін әдеби бірлестік арқылы жақсы танытындықтан, ішке көлеңкеде қазақ тілін қайта-қайта пысықтаған кейіптемін. Бір кезде абитуриенттердің қақ ортасын жарып, ішке еніп келе жатқан Сұлтанғали Садырбаев ағамды көзім шалып қалды да, қасымнан өте берген кезінде «Сәлеметсіз бе, ағай!» деп тақ ете қалдым. Ағайым болса көз қырын да салған жоқ. Танымаған пішінде қасқайып өте шықты. Ал мен болсам қап-қара боп түтігіп кеттім. Көпке дейін өзіме келе алмадым. Ішімнен ағамды біраз сыбап тастадым. Есімді жинап алған соң «болар іс болды ғой» дедім де, нар тәуекелдің қайығына мініп, алдыңғы лекпен бірге емтихан тапсыру үшін аудиторияға кірдім. Кірген бетте ағамның келісті жүзі көзіме оттай басылып, бағанағы «сыбағаным» мүлде ұмытылып, қуанғаннан екі бетім алабұртып бал-бұл жанды. Батыр болып кеткенім сонша – билетті алысымен артқа қашпай, ең алдыңғы орынға отырдым. Сұрақтарға өзімше дайындалған тәріздімін. Бір кезде жауап беруге мені шақырды. Сұлтанғали ағай мен қасындағы ер тұлғалы нән апайдың қарсы алдына батыл келіп отырдым да, Ғабит Мүсіреповтің Ана туралы әңгімелері жөнінде білгенімді заулатып айта бастадым. Ол кісі мұқият тыңдап алып, қосымша сұрақ қоймастан маған: «Тілге байланысты жауабыңа көш», – деді. Енді мен апайға қарап, қазақ тіліндегі «меңгеру, матасу, жанасу» және басқалары туралы өзімше бір көсілдім-ай келіп. Апай үн-түнсіз тыңдап болды да, ақырын ғана ағайға еңкейіп: «Сұлтеке, қалай, төрағаны шақырамыз ба?» – деді. Ағайым болса ойланып қалды. Сол кезде апайдың өзі: «Несіне қорқамыз, шақырайық, егер бала білмей қалса, онда төртін қойып береміз», – деп сыбырлады. Ағай барып денесі ірі, жүзі келісті бір апайды ертіп келді. Кейін білсем – Сармұрзина Мәскен апай екен, ал менен қазақ тілінен емтихан алып отырған апайдың аты-жөні –

Ақанай Дәулетова. Мәскен апай келген бетте Ақанай апай оған қарап: «Мәке, бұл бала тілден құйқылжып тұр, сайрап тұр», – деді. Сонда Мәскен апай: «Е, сайрап тұрса жақсы екен, мен әдебиеттен сұрақ қойып көрейін. Шырағым, Ұлы Отан соғысына арналған қандай шығармаларды білесің, соны аташы», – деп маған бар зейінін аударды. Мен Бауыржан Момышұлының, Ғабит Мүсіреповтің, Тахауи Ахтановтың шығармаларын атай келіп, Рафаэль Ниязбековтің:

*«Арқалап әкем өлді мол арманын,
Тұтқасын маған тастап қол арбаның.
0, соғыс! Енді қайтып жер бетіне,
Әкемді тірілтсең де оралмағын!» –*

деген бір шумақ өлеңін жатқа соғып жіберіп едім, риза болған Мәскен апай екеуіне қарап: «Міне, міне, осындай балаға бес қоймағанда кімге қоясыңдар?!» – деді де, шығып жүре берді. Менің қуанышымда шек жоқ. Керемет жауап бердім деген мақтаныш үстіндемін. Бірақ, өкінішке қарай, артынан оқулық арқылы жауаптарымды тексеріп шыққан сәтімде бетімнен отым шығып, кірерге тесік таппадым. Өйткені қазақ тілінен мүлде басқа жаққа лағып кетіппін, маған келген сұрақ – сөздердің дауыс ырғағы, шылаулар және т.б. арқылы байланысу тәсілдері екен. Демек, бұл – менің жауабым «екі» деген сөз. Марқұм Ақанай апайдың «құйқылжып тұр, сайрап тұр» дегендегі ойы – тілден сұрақ қойдырмаудың амалы екен ғой. Дегенмен, мен сол кісілердің маған артқан үлкен сенімін, үмітін ақтадым-ау деп ойлаймын. Бүгінгі тест арқылы сынақтан абитуриенттің қабілеті, ой-өрісі, сөзге шешендігі жан-жақты танылады деу бекершілік, болашақтың тамырына балта шабумен бірдей нәрсе.

ТӨРДЕГІ СУРЕТ (ағам Әбзелбекке)

*Шексек те азап мұқтаждық қыспағында,
Өкініштен толса да іш жалынға,
Өмір сүрдік Таластың «Ойығында»
Бой берместен тұрмыстық күшті ағынға.*

*Ұмыта алман кезімді қарным ашқан,
Балғын шақты борпылдақ шаңын басқан.
Сығырайған май шаммен кітап оқып,
Білім алдық ешкімге жалынбастан.*

*Сол кезден-ақ тірлікке бейімделдің,
Қиындықтың сан алуан көбін көрдің.
Мақаланы, сынды да бұрқыратып,
Кей дәулерден қайтардың «кегін» де елдің.*

*Ерте бастан танытып қарымыңды,
Жан-жағыңа түсірдің жарығыңды.
«Ленин жолы»,¹ содан соң «Еңбек туы»²
Газеттері шыңдады дарыныңды.*

*Қаламақың солардан көп келетін,
Ал біреулер «жазғыш» деп жек көретін.
Бірақ Өзің айнымай тура жолдан,
Сыпсың сөзбен дұшпаның шектелетін.*

*Сөйтіп жүріп аттандың армияға,
Үңірейіп орының қалды ұяда.
Сонау Қиыр Шығыста солдат болып,
Терді төктің талпынып өр қияға.*

1.«Ленин жолы» – Талас ауданының газетінің бұрынғы аты.

2.«Еңбек туы» – Жамбыл облысының газетінің бұрынғы аты.

*Сағынышты хат жаздың бізге дәйім,
Ата-анаңа жоқшылық болды уайым.
Қабырғаңа батса да соның жайы,
Сұрайтынсың қалай деп ауа райын.*

*Жасыратын несі бар, шын тарықтық,
Зардабына тым ауыр мың қарықтық.
«Бәрі арығын білдірмес» деген сөз бар,
Сондай күйде өтті әке-ай, жарықтық!..*

*Былай депсің жолдаған бір хатыңда:
«Өздеріңсің – ең асыл қымбатым да.
Газеттерден жиналған қаламақым
Суретімнің төрдегі тұр артында.*

*Соны алып, Зернебек, жаратыңдар,
Шешемізді доғдырға қаратыңдар!»
Ағыл-тегіл жыладым оқығанда,
Жан емеспін сол сәтте адам тыңдар.*

*Осы «ерлігің» босатты көңілімді,
Өзгерткендей біржола өмірімді.
Бірден жылдам есейіп кеткендеймін,
Таппай қалдым балалық желігімді.*

*Әкемізде байлық жоқ мұрагерлік,
Алты ұл, қос қыз бағуы – сынақ ерлік.
Жетеді екен біразға қаламақың,
Әжептәуір қоңданып шыға келдік.*

*Бүтінделіп қалғандай жыртығымыз,
Жазылғандай болды бұл тыртығымыз.
Ең бастысы – еңсеміз көтерілді,
Қуаныштан келтірді ұйқы қымыз.*

*Осылайша күйге ендік шат-шадыман,
Мерейіміз кем емес ақшалыдан.*

*Жүзі жарқын әкенің, шешеміз мәз,
Айы оңынан туғандай қарсы алдынан.*

*Саған ырза інілер, қарындастар,
Көздерінде сен деген лағыл жас бар.
Бас иеді сенің сол «ерлігіңе»,
Ақ тілегі айтатын: «Әділ басқар!»*

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖАНАРЫМДА - ЖҰМЫР ЖЕР

*Зернеме түйіп келем ұққанымды,
Ерте ойлап күнгейім мен бұлт жағымды.
Рухы туған жердің көгертеді,
Наз жырым – кеудемдегі құт бағымды.*

*Ер болсам жүре алмаспын көп сенделіп,
Барымды арманым жоқ өтсем беріп.
Елімнің ертеңіне елеңдейтін,
Күресем шындық үшін кетсем де өліп!*

ЖЕР-АНАНЫҢ ТОЛҒАНЫСЫ

*Айналайын, адамдар!
Ақ сүт емген баламсың бәрің маған,
Өздеріңді кезім жоқ сағынбаған.
Бірақ менің өкпем бар айтатұғын
Өкініштен қарайып қалыңдаған.*

*Түсінбей-ақ қойдым-ау,
Не жетпейді сендерге жер үстінде,
Өмірлерің бітпейтін керіс күнде.
Шошығаннан бомбаңнан бағымдағы
Бара жатыр азайып жеміс мүлде.*

*Алды бұлдыр, тым шолақ
Мақсатыңды орындап ойыңдағы,
Суларымды суалттың бойымдағы.
Бүгініңмен өлшедің барлығын да,
Дүниеге мәз болып қолыңдағы.*

*Бақ-дәулеті таусылып,
Жұрт қызығар түр қалмай мекеніңде,
Кеттің қор боп қу құлқын жетегінде.
Ұйтқып соққан борандай қайран тұзым
Үйлеріңе қасірет әкелуде.*

*Сау жері жоқ денемнің,
Ядролық жарылыс мазамды алды,
Көгалдардың орнында тозаң қалды.
Қыдырғанға не жетсін тіршілікте
Емін-еркін аралап газондарды.*

*Бір-біріңді жау көрмей,
Айқара ашып құшақты табысыңдар,
Қару емес, еңбекте жарысыңдар.
Неліктен бұл саналы бола тұрып
Хайуан екеш хайуаннан арысыңдар?*

*Бір-біріңді итеріп,
Күншілдіктен жүрмегін құлап орға,
Басқаға да тисін де құла жорға.
Бәрің маған бірдейсің, бөтенің жоқ,
Ауырлау сөз айтты деп кінә қойма.*

*Арлы жандар ізденіп,
Туған елдің тарихын жатқа білер,
Сын сағатта қақ жарып топқа кірер.
Қалбалақтап мерт болған көбелектей
Өз анасын сүймеген отқа күйер.*

*Сондықтан да ойланғын,
Анаң жалғыз шындықтай шырқыраған,
Опық жейді сырты құр жылтыраған.
Қара бастың қамынан түк шықпайды,
Болу керек қашан да жұртың аман.*

*Сондықтан да ойланғын,
Жер-Анаңның тағдырын тәлкек қылма,
Жатасыңдар көрпемді қымтап қырда.
Бір-біріңе сүйеніп күн көріңдер,
Шаша алмайды топырақ қорқақ мыңға.*

*Сондықтан да ойланғын,
Ең асыл зат – әлемнің тыныштығы,
Деп бағала ғажайып ырыс мұны.
Ақ тілегі аналық жүрегімнің:
«Суымасын мәңгілік Күн ыстығы!».*

ДЕСЕҢ ДЕ

Қанша жақын десең де,
Барар жерің алыс-ау.
Мүлде бөтен десең де,
Болып шығар таныс-ау.

Шабан жабы десең де,
Кейде шабар жеткізбей.
Арам жаны десең де,
Адал жолын кетті іздей.

Қайғысы жоқ десең де,
Жүрегінде мұңы бар.
Қарғысы жоқ десең де,
Тілегінде зілі бар.

Қанша асық десең де,
Алтыныңды жез етер.
Аспан ашық десең де,
Дауыл соққан кез өтер.

Төзімді зат десең де,
Темірің де майысар.
Көтеріп тұр десең де,
Қара жер де қайысар.

Сондықтан да, адамдар,
Салмағыңды түсірме.
Ғашық көзбен қараңдар
Өмір сүру үшін де!

КЕУДЕМДЕГІ КЕПТЕРІМ

*Кеудемдегі кептерім,
Кеттің ұшып алыстап.
Көз алдымда – өткенім,
Байымадым мал ұстап.*

*Өзің едің – әкемнен
Қалған жалғыз байлығым.
Маған атақ әперген –
«Кедей» деген жарлы ұғым.*

*Өзің едің – анамнан
Қалған жалғыз дәулетім.
Шықпай қойдың санамнан,
Түсінбеді-ау әулетім.*

*Кімнен мұны көрем мен,
Кінәлі тек бір басым.
Безгендей жұрт өлеңнен,
Мәңгі ерке сырласым.*

*Сен де тастап ұяңды,
Бет түзедің қай жаққа?
Тағдыр билеп қиялды,
Айналдым ба қаңбаққа?*

*Әлде сені үркітіп
Алдым ба екен, білмеймін.
Қабағыма мұң бітіп,
Түнімен көз ілмеймін.*

*Қайтем енді, жоқ амал,
Оралатын күн туар.
Шабытыңа орап ал,
Ғашығымсың ынтығар.*

*Сондықтан да Өзіңнен
Үмітімді үзбеймін.
Сені сұлу сезімнен,
Гүлді өмірден іздеймін!*

САҚ БОЛЫҢДАР

*Маза бермей диқанға, егіс, Күнге,
Бітпей қойды-ау сұм соғыс жер үстінде.
Ақ ниетті адамдар, сақ болыңдар,
Өртке күйіп кетпесін жеміс мүлде.*

*Бомба жатқан, дән жатпай жемсауыңда
Жолатпайық Отанға жау шаңын да.
Қасиетті қара жер, білесіңдер,
Ядролық апаттың қоршауында.*

*Әлсіздерге азапты тұзақ құрар
Жеткілікті Гитлер сияқтылар.
Көзі қашан құриды? Көкейде бұл
Қорқынышты осындай сұрақ тұрар.*

*Солар бүгін әр тұстан мылтық атқан,
Талайларды жазықсыз шырқыратқан.
Бар арманы – байлық пен билік қана,
Адамзатты айырмақ Ынтымақтан.*

*Қаруына жауыздар сүйенеді,
Қабағына қаратпақ дүниені.
Уысынан амалсыз шығып кеткен
Азаттықтың туына күйінеді.*

*Бал ағызбай өмірде қан ағызған
Қасқыр тектес жандарды арамыздан
Алыстатсақ, шіркін-ай, біржолата,
Кетер еді мұң-қайғы санамыздан.*

*Бейбітшілік жалауын құлатқалы
Құтырынып дұшпанның тұр ақпаны.
Сондықтан да, адамдар, сақ болыңдар,
Бір есерсоқ баспасын кнопканы.*

*Ондайларды есіртіп, еліктірмей,
Міндеттіміз ұстауға желіктірмей.
Бүкіл елдің баянды Достығы тек
Күлсін көкте шуағын төгіп Күндей!*

АРМЫСЫҢДАР, ДОСТАРЫМ!

*Көптен бері сендерге сыр ашадым,
Тірлігімде төсімді ұрып таспадым.
Жеткенше әлім ізгілікке ұмтылдым,
Жел сөзге еріп жамандыққа баспадым.*

*Ойлап әлі көрмеппін-ау бас қамын,
Қазір оттай жанып тұрған жастамын.
Өз шыңыма келем беттеп алдағы
Күзетумен бейбіт өмір аспаным.*

*Біреулер бар бағын ашқан қулықтан,
Біреулер бар жүрегіңнен жырды ұққан.
Өзім кешпес «пенделігім» болса да,
Еш ауытқып кеткенім жоқ шындықтан.*

*Біреулер бар жылтылдаған сынаптай,
Біреулер бар басқан ізі шырақтай.
Сезем іштей дүниені жаралы,
Жанға батып бара жатыр шыдатпай.*

*Ақ сазандай азап шеккен қайраңнан
Қайран жаным жол таба алмай сандалған.
Менің мына кеудемдегі бар қайғым
Өздеріңді қуантуға арналған!*

ДОСТАР

*Келмей жүрген кезімде
Қысқа жібім күрмеуге,
Бөлеп ыстық сезімге
Жүрсің, достар, күн кеуде!*

*Тауға, тасқа, шөңгеге
Табанымды тілдірмей,
Келесіңдер өңгеге
Жыртығымды білдірмей.*

*Сендер барда түгелмін,
Ашық-жарқын аспаным.
Еркін ойнап күлермін,
Керегі жоқ басқаның.*

*Сендер барда жүрмін мен
Күншілдерден кекті ала.
Бір күн қызық бір күннен
Өздеріңмен тек қана.*

*Сәтсіздікке күйініп,
Уайымда қалмадым.
Сондықтан да сүйініп,
Жырымды осы арнадым.*

*Демеулерің екен зой
Шыққан өрлеп әр төбем.
Доссыз өмір бекер зой,
Сендер – менің мәртебем.*

*Шіркін, достар, сырласым,
Жолығысар жамырап.
Сағың ешбір сынбасын,
Мықты болсын шаңырақ!*

ДОСҚА СЫР

*«Өміріміз келте» деп
Қайғырмайды түріміз.
Жүрмейміз-ау еркелеп
Бірімізге біріміз.*

*Баю жолын іздейміз,
Ал өзіміз жалқауымыз.
Бірақ күдер үзбейміз,
Керек жерде аңқауымыз.*

*Ор қазамыз біреуге,
Бетпе-бетке қорқақпыз.
Шебер-ақпыз іреуге,
Бүтіндеуге шорқақпыз.*

*«Көрші қандай күйде?» деп
Бас сұқпаймыз үйіне.
Сөзбен шаншып, түйрелеп,
Мәз боламыз сүйіне.*

*Мынау нұрлы ғаламда
Зұлымдықты қуған бар.
Не жетпейді адамға,
Айтыңдаршы, туғандар?*

*Болар-болмас дауыңды
Тірейді әкеп жанжалға.
Елемейді бауырды,
Жармасады қанжарға.*

*«Мешкей қалай асайды?
Деп байғұсты күндейміз.
«Қарға ұзақ жасайды...»
Неге оны тілдейміз.*

*Тым секемшіл, үркекпіз,
Қаламыз тез түйіле.
Мың жыл өмір сүрсек біз,
Не болады дүние?..*

*Көзің көрді, досым-ай.
Жаның терең ұғынды.
Қор қыламыз осылай
Қайран қысқа ғұмырды!*

*Айы туып оңынан күле келген,
Мен жігіт ем бәрін де жүре көрген.
Азын-аулақ осынау тірлігімде
Тек ізгілік кеудемнен түрегелген.*

*Демеуімен елімнің көкке өрлеймін,
Білем өзім, сол үшін көп терлеймін.
Аңысын да тағдырдың татқан жақсы-ау,
Тәттілігін онсыз да жек көрмеймін.*

*Бір іс бітсе достарым сүйінгендей,
Базбіреулер көре алмай күйінгендей.
Мен әйтеуір түбі бір сілкінемін,
Пенде емеспін жүрген құр күйім келмей.*

*Әлі-ақ құмды шөліңе гүл егемін,
Келер күнім, өзіңе сүйенемін.
Асықпашы, асықпа, ақырын күт,
Жырымнан бұл жасаймын жүрек емін.*

*Дей алмаймын: «Уақыт қалды азайып»,
Алаулайды алдымда сан гажайып.
Болашағым қол бұлғап шақырады,
Жақсылығын қашан да алға жайып.*

*Соқса боран, тайсақтап, ығын ықтай,
Жүргенім жоқ өмірдің сырын ұқпай.
Бәріне өзі жауапты сезінеді
Менің мынау жүрегім жұдырықтай!*

ҚАЙРАУ

*Қайран халқым талтүсте тоналуда,
Келімсектер байып ап жоғалуда.
Ана тілін қор еткен баяғыдай
Көсемсиді ұялмай топ алдында.*

*Тәлім алмай тарихтың сабағынан,
Брыс қашқан тәрізді табағынан.
Қаласының шошимын қулығынан,
Ауылының сұрланған қабағынан.*

*Оған себеп – өндірген жоқ өнімі,
Табылмайды із-түзсіз көп өлігі.
Абақтыға қамалған ұл-қызының
Аянышты естілер төмен үні.*

*Бөліп берер дымы жоқ жақынына,
Бара жатыр азайып ақылы да.
Ел тізгінін қолына ұстаған бұл
Әкімі де алдайды, қатыны да.*

*Артылмаған байларың өз басынан
Қорықпайды ұрпақтың көз жасынан.
Кері кетіп барады өміріміз
Министрдің құйтырқы айласынан.*

*Қайда барсаң жол ашық наданға әзір,
Жасамайды өлсе де сараң мәзір.
Ойы шолақ, намыссыз, тілі кекеш
Байдың ұлы сөйлейтін заман қазір.*

*Шетелдік қой ендігі құдайым да,
Құлдық ұрып алдында жылайын ба?..
Басқа жаққа су тегін ағылуда
Түсті металл, газың да, мұнайың да.*

*Байлығыма көз тігіп жалақтайды,
Бауырымды кемсітіп жаратпайды.
Кәсібіне үйрету былай тұрсын,
Қақпасынан кеніштің қаратпайды.*

*Бір қиырға ұрындық бір қиырдан,
Түк шықпады-ау көпірме құр жиыннан.
Өнер, білім жөнінде жақ ашпайды,
Тіл туралы миына құм құйылған.*

*Жаутаңдайды жат жұртқа Жер-Анамыз,
Ушығуда алауыз өз арамыз.
Алматыдан зәулім үй салып алған
Құмды ауылды басқарған елағамыз.*

*Ал ауылдың жастары тентіреген,
Кәрілері қайғыдан жер тіреген.
Сауатсыздық жайлаған халі мүшкіл,
Ұрыларын табасыз тор түрмеден.*

*Кім емдейді жүрегін жара ғасыр,
Айта алмаймын ашылып балама сыр.
Шабәк жұтқан шортаның шырылдайды-ау,
Қомағай кит құтырып салады асыр.*

*Қарсы тұрып жауыздық, надандыққа,
Кім түзейді көш бетін адамдыққа?!
Қайда бүгін Исатай, Махамбеттер,
Ер дегенім – мақтаншақ, арам, бұқпа.*

*Намыссыздық отына елім күйіп
Тұрған шақта жау күлді-ау ерімді иіп.*

*Бір Баукеңе мыңымыз татымадық,
Кетеміз бе үндістің кебін киіп.*

*Сондықтан да, халқым-ау, қос басыңды,
Айбалтаның астына тоспа асылды.
Жұдырықтай жұмылып күреске шық,
Тәубесіне келтіріп тас қасыңды.*

*Қайта мініп қаһарлы айбыныңа,
Ие болғын жеріңнің байлығына.
Кінәліні аямай жазалағын
Заманыңның қатігез тарлығына.*

*Діні күшті өзгеге табынбаған,
Болашаққа қасқайып адымдаған.
Рухани әлемі жұтаң жұрттың
Маңдайынан тек соры арылмаған.*

*Қу құлқынға құл болған келешегі,
Дауы бітпес түбінде ел өшеді.
Ана тілін пір тұтқан ер халықтың
Айдарынан періште жел еседі.*

*Қатпаса да бұғанам, қауырсыным,
Көріп келем өмірдің ауыр сынын.
Жүрмін әзір маңдайым тасқа тиіп,
Бұл өзіңе ақтарған, бауыр, шыным.*

*Қол қысқалық салмақ боп бұғалығын
Жасауда әлі бір мендік құдалығын...
Тіршілікте өзіме пір тұтамын
Ұлы Абай мен Жамбылдай жыр алыбын.*

*Әлін білмей жетесіз тыртаңдайды,
Бұлаң құйрық зыр қағып жылпаңдайды.*

*Заңын осы тірліктің түсінбедім,
Шарапатым тигендер сырт айналды.*

*Адамзаттың қара жер – нақ тұрағы,
Біреуді ерте, бірін кеш ап тұрады.
Біреулерге бақ беріп, енді бірін
Туған жерден айырып, жат қылады.*

*Қыран біткен шарықтар биігінде,
Күрсінеді оты жоқ жиі күнде.
Тау қопарар талабым мұқалмаса,
Өзгереді жанымның күйі мүлде.*

*Өмір қайта оралмас, түсінікті,
Ертеңге алаң ақынның іші күпті.
Мен де өтермін, бірақ та артқыларға
Мұра етіп қалдырам кісілікті!*

МӨЗГІЛ ӘУЕНДЕРІ

КӨКТЕМ КҮЙЛЕРІ

«Көктем!» – дейді сең біткен көк өзенде,
Күн шуақтап үй алдын кәрі әжем де.
«Көктем!» – дейді жымыып көзі Күннің
Қонақ болып отырған тереземде.

Құлап төмен төскейден зыр қағарда:
«Көктем!» – дейді сан тарам жылғалар да.
«Көктем!» – дейді төбемнен ұшып өткен
Ұзын сирақ, қыл мойын тырналар да.

«Көктем!» – дейді шаттанып шатқалдар да,
Жіпсіп жылжып тауда еріп жатқан қар да.
«Көктем!» – дейді бұлқынып кеудемдегі
Бозторғай жыр сайрайтын ақ таңдарда!

Көктем, көктем... көктемі жиырма бірдің,
Байқадың ба шыққанын қырга гүлдің?!
Үйленерде жасанған қыздай болып,
Жаңа ғана мен жазған жырға кірдің.

Сені көптен сағындым гашық жардай,
Көзіме оттай гүл бейнең басылғандай.
Сенің мынау гажайып көркіңе әсем
Өзге дүние ынтығып бас ұрғандай.

Көктем, көктем... көктемі жас шағымның,
Жатсың ба ойнап құмында тас шағылдың?!
Өзің баста өзгеге ұқсамайтын
Толқын жырын жанымның, басқа ағынның!

*Дүниеге дүбірін тыңдаттырып,
Келді көктем қырлардан жылға ақтырып.
Сүйсінемін сүйкімді келбетіне
Жүрегім жырлап тұрып.*

*Тау басының жылатып жатқан қарын,
Келді көктем жаңғыртып шатқалдарын.
Қарсы алдымнан қарайды күлімсіреп
Жайып сап бақтар барын.*

*Сыр шертеді талдардың бүршігі өніп,
Шуақ біткен соңымнан жүрсін еріп.
Ерке өзендер, шөлдердің кеберсіген
Ернінен сүйші келіп.*

*Қайсар қысты сәбидей өкпелетіп,
Келді көктем төбесі көкке жетіп.
Жіберсе зой, шіркін-ай, бар ызғарын
Өмірдің көктем етіп!*

*Қарашы, көктем лебі
Жер бетін терлетуде.
Сірескен көптен бері
Өзеннен сең кетуде.*

*Үнімен сағыныштың
Келіпті қаз оралып.
Көзінде жанып ұшқын,
Жатыр бақ наз оранып.*

*Төскейде трактордың
Жүрегі күй тартады.
Оянған шуақ қырдың
Құмары бір тарқады.*

*Тілгілеп тау бөктерін,
Ақты мың бұлақ құлап.
Менің де тұр көктемім
Кеудемнен жыр атқылап!*

ЖАЗ ШЫҚҚАНДА

*Құмды шөл жауын көрмей,
Еріні кезереді.
Жаралы жауынгердей
Сонда да төзер еді.*

*Балғын шақ құлынша ағып,
Жол шаңын аспанға атқан.
Еруде мұңын шағып
Тау мұзы тастай қатқан.*

*Жан бітіп көк егінге,
Жанарды алғызбады.
Пісуде көгенінде
Қауыны, қарбыздары.*

*Ұстатпай кетпесе екен,
Кеудеме қоншы, назым!..
Жеміссіз өтпесе екен
Менің де осы жазым!*

КҮЗ БОЛАРДА

*Түнеріп күннің қабағы,
Сұрланды дала реңі.
Жөңкілген бұлттар жабағы
Жауа алмай кейде жүдеді.*

*Шашылып жатыр амалсыз
Жапырақ біткен сарғайып.*

*Жоқ болып күнде хабарсыз
Кетуде құстар, бар ма айып?*

*Көріксіз талдар ашулы,
Соп-солғын тартқан баялыш.
Тек шырша білмей жасуды,
Білдірген түр бар аяныш.*

*Күрсінген гүлдер салбырап,
Иығы кірген ішіне.
Тұр сонау шилер қалтырап,
Кектеніп мезгіл ісіне.*

*Күз солай сыйын тартса да,
Көңілде кірбің жатпасын.
Мезгілдің жазы қайтса да,
Адамның жазы қайтпасын!*

ҚЫС ТҮСКЕНДЕ

*Далаға шықсам таң атқан,
Ақ киім киген маңайым.
Күн күліп нұрын таратқан,
Қар күреп жатыр ағайым.*

*Үйінің алдын тазартып
Жүр екен көршім күйбеңдеп.
Қояды маған наз артып:
«Балақай, менен үйрен!» - деп.*

*Қарасам көзге көрінген
Бір шөкім бұлт жоқ аспанда.
Сықырлап бір күй бөлінген
Ақ ұлпа қарды басқанда.*

Елітіп осы күйіне

*Көкірек жырлап жатқандай.
Болса зой, шіркін, дүние
Кіршіксіз мынау ақ қардай!*

ШӘКІРТТЕРІМЕ

*(Алғаш ұстаздық еткен Тамды орта мектебінің
оқушыларына)*

*Жүрегіңнің дастарқанын жимастан,
Тіршілікте өмір мәні – сыйласқан.
Жыр жаздырды сағыныштың отымен
Шығарып сап тұрғандарың қимастан.*

*Мен деген де барлығың да тік тұрдың,
Оңашада көздің жасын сықтырдың...
Бар адамзат бас иетін алдында
Ұстаздықтың қасиетін ұқтырдың.*

*Үміт артып алдағы аппақ таңдарға,
Армандамас, қиялдамас жан бар ма?!
Тұңғыш рет сездірдіңдер жаныма
Қоштасудың ауырлығын жалғанда.*

*Пайдам менің көп тиетін еліме
Жерді издесем, түп төркіні әріде.
Жыр жолында қиып кетсем сендерді,
Кешіріңдер, түсініңдер мені де.*

*Әлі талай сан қайғырам, көп күлем,
Ешкімнің де таласы оған жоқ білем.
Туған жердің нық шегесі болсаңдар,
Мен өзімді бақыттымын деп білем!*

ЕЙ, МЕНІҢ ЖАСТЫҚ ШАҒЫМ!

(публицистикалық толғау)

*Қуатым зор тасыған мың арнадан,
Сұлу, іңкәр дүние құмар маған.
Жүрсің бе ойлап әлемнің бүтіндігін
Жүрегімнен бүгін бір жыр арнаған,
Ей, менің жастық шағым!*

*Жауларымнан жасқанып теңселмеймін,
Күнім күліп тұрғанда мен сөнбеймін.
Аңыз болған даңқым – құт, жұртқа мынау
Тарихыңнан сыр шертіп берсем деймін,
Ей, менің жастық шағым!*

*Әрең шыдап байлардың тепкісіне
Өтті өмірі ... бермеді көп түсіне.
Құл болған бұл басының азаттығы
Тыным бермей, айналған кекті ісіне –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Әр ғасырдың жасайтын бар алыбы,
Толып жатыр ғаламат жаңалығы.
Мыңмен жалғыз алысып Абай өткен,
Надандарға қорланды-ау даналығы–
Бұл – менің жастық шағым!*

*Асыр салмай алаңсыз бала шағы
Сонау тәтті күндерге бал ашады.
Білім берген жастарға Ыбырайдай,
Толғандырып жұртының болашағы –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Кеудесінен халықтық от арылмай,
Сүйе алмаған басқаны Отанындай,
Жер-жаһанға танытқан құдіретін
Аққан жұлдыз секілді Шоқанындай –
Бұл – менің жастық шағым!*

Ғұмыр бойы түспеген тақымы аттан,
Әділ ісін көретін халқы мақтан.
Исатай мен Махамбет қаһарманым
Борап қыстай хандарды қалтыратқан –
Бұл – менің жастық шағым!

Атып келе жатқанда таң асыға
Дұшпан салған қарамай жарасына,
Мандат алып Лениннен Әлібидей,
Қызыл туды жайқалтқан даласына–
Бұл – менің жастық шағым!

Күн нұр төгіп мәңгілік босағамда,
Шешім күткен игі істер тосады алда...
Бақытты шақ бақшасын Сәкен болып
Жырға қосып, қолымен жасаған да –
Бұл – менің жастық шағым!

Топырағын туған жер гүлдетумен
Еңбек күйін тойлаған бірге Тумен.
Құштарланып Фанидай қыршын кеткен,
Өмірін кейінгіге үлгі етумен –
Бұл – менің жастық шағым!

Астық артқан ән салып арбасында,
Нұрлы өмірді жасартқан сан ғасырға.
Социалистік заманның дүбірімен
Бесжылдықтың соқтырған балғасын да –
Бұл – менің жастық шағым!

Тартқан шақта жемісін тері сіңген,
Тажал өрті төнді зой немісіңнен...
Ақымақ тым жауының басын жарған
Тамағына оқ тіреп көп ісінген –
Бұл – менің жастық шағым!

Тән жарасы болса да ауыр жанда,
Төзе білген соққыға жау ұрғанда.

*Быт-шыт қылған бетпе-бет келген сәтте,
Айбаты бар ғаламат Бауыржанда –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Туған жердің рухы жебегендей,
Жап-жас жігіт жаралы келеді өлмей.
Ишек-қарын жатса да ақтарылып,
Алып кеткен жастығын Төлегендей –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Жанды тербер жігерлі жырды ұнатқан,
Сай-сүйегін сұм соғыс сырқыратқан...
Шыбын жанын қасының қан майданда,
Әлия, Мәншүк болып сырқыратқан –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Гүлді әлемді ойрандап ушықтырған
Қу жауызды тұрмастай тұмсыққа ұрған.
Өр кеудесін Сұлтандай оққа төсеп,
Жау дзотын көрінде тұншықтырған –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Қабағынан қар жауып түйілгенде,
Көктен Талғат, Нұркендей шүйілгенде,
Қарқылдаған мәз болып өздерінше
Қалды фашист ұмытып күйін демде –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Мейір қанып мөп-мөлдір бал бұлақтан,
Жан баспаған сыр аулап жал-құмақтан,
Өртке тиген дауылдай өлеңімен
Фашистерді Қасымдай зар жылатқан –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Алға аяғын бір елі бастырмаған,
Аласұрып ұлиды қасқыр заман.
Қарт Жамбылдың жырындай ажал көзін
Суқараңғы соқырдай аштырмаған –
Бұл – менің жастық шағым!*

Естілгенде зұлым үн зеңбіректен,
Дауысынан шошызан жер дір еткен...
Төбесінде Берлиннің Рақымжандай
Көкбайрағын Жеңістің желбіреткен –
Бұл – менің жастық шағым!

Қуанышқа құлағын ел түргенде,
Бейбіт өмір орнатқан еркін жерде.
Қирап жатқан соғыстың ылаңынан
Дүниені қалпына келтірген де –
Бұл – менің жастық шағым!

Сылып тастап бетінен шаңды жұққан,
Өршілдікке үйреткен жанды бұққан.
Терең ойлап Гүлстан келешегін,
Қырда үніндей трактор жаңғырыққан –
Бұл – менің жастық шағым!

Жеңіп шыққан жалмауыз ажалыңды
Енді басқа бермесін азабымды.
«Абай жолы» арқылы жыр ғаламға
Мұхтарымдай танытқан қазағымды –
Бұл – менің жастық шағым!

Шаттығына досының мақтанатын,
Қилы жұмыс бір өзі атқаратын,
Келер күнге көз тігіп нық сеніммен,
Қазынамды Қаныштай ақтаратын –
Бұл – менің жастық шағым!

Қиналамын сөз таппай теңеуіне,
Бақ дарызан жезтаңдай көмейіне.
Әміре мен Күләштай әнін шырқап,
Адамзатты тәнті еткен өнеріне –
Бұл – менің жастық шағым!
Тіршіліктің шуағын шашып қолдан,
Өзгелерден ерте ұшып, асып қонған.
Дүниеге осынау от көкірек

*Айбергенов сияқты ғашық болған –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Көкке самғап кәдімгі Байқоңырдан,
Қазағымның сәлемін Ай қондырған.
Қызды ауылға қырындап бет түзеген
Көкпар тартып шыққанда ойхой, қырдан –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Шөл далада құлпыртып гүлді өсірген,
Алтын дәнді ағызған Тың төсінен.
Жансұлтандай, Кәмшаттай, Жазылбектей,
Сөз сөйлеген өр дәуір мінбесінен –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Құлазыған өңірді жандандырған,
Ерлігімен жержүзін таңдандырған.
Ұлы Достық тамырын терең жайып,
Жерұйыққа өлкесін айналдырған –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Ешқашан да еңсесін түсірмеген,
Тындырып-ақ тастаған ісіңді ерен,
Бейбітшілік кептерін көкке ұшырып,
Имандылық сарайын мүсіндеген –
Бұл – менің жастық шағым!*

*Айтқан сөзі салмақты қорғасындай,
Еңбегімен еліне болды асылдай.
Тіл деп Мұхтар Шаханов шамырқанған,
Күллі әлемде ақының бар ма осындай?!
Бұл – менің жастық шағым!*

*Тұра алмайды зұлымдық кектендірмей,
Жоғалуда біртіндеп кеткен кірдей...
Мейірімді жүрегің сүйіп бәрін,
Жаса мәңгі табиғат көктеміндей,
Ей, менің жастық шағым!*

ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢ ШЫНДЫҒЫ

Қазағым, қиын заман бұл,
Белгісіз әлі бағыты.
Наданға бүгін адам құл,
Мойынды қажап қамыты.

Шынымен озды қатардан
«Есектің артын жуғандар».
Байлыққа бола маталған
Жауласты бірге туғандар.

Намыссыз «шала» қазақтар
Ұстады билік тұтқасын.
Жаныңды сенің азаптар
«Қайғыңды» сезем ұқпасын.

Әке мен бала өштесіп,
Көрсетіп жуан білегін.
Жомарттың қолын жоқ кесті,
Ақылы қинап жүрегін.

Бойжеткен қаңғып көшеде,
Шешесін жеді жегідей.
Көгерер емес көсеге,
Еңсені басты көп үрей.

Қанішер біткен құтырды,
Бөктіріп қанға отбасын.
Парамен одан құтылды,
Қалайша қылмыс тоқтасын?..

Еңбегін сауған жандар аз,
Айналаң — жаппай «саудагер».
Дүние үшін болды араз,
Өнерін «достың» дауда көр.

Темірді тепсе үзетін
Жігіттер шұлық сатып жүр.
Аяқпен таптап ізетін,
Қыздарды құдай атып жүр.

Тапқаны жетпей айына,
Айналды ұстаз жетімге.
Білімнің қалды жайына,
Ғылымың желдің өтінде.

Қорланып әлсіз күштіден,
Жылайды іштей тұншығып.
Әкімің елдің үстінен
Екі жеп биге жүр шығып.

Онсыз да қысқа ғұмырда
Қарайтын жан жоқ көңілге.
Адамның көбі – құбылма,
Тексіздік басым өмірде.

Бар ма екен бұған тосқауыл,
Әй, қайдам, әзір жоқ амал...
Керемет қандай «басқа ауыл»,
Ұрланбас үйден орамал.

Қарашы қытай, жапонға,
Нәр алған сұлу тілінен.
Берілген бәрі Отанға,
Бірі жоқ безген дінінен.

Біз қазір мәзбіз тойғанға,
Әуреміз «әулет мұңымен».
Қасқырдай ұлып орманға,
Жолдаспыз нағыз ұрымен.

Осындай пизғыл бой бермей,
Серігің болды-ау «ит өмір».

*Рулық дертің қойды өлмей,
Ұрпақтан қымбат «қу темір».*

*Басыңа сәуле қонбаса,
Түк шықпас босқа қайраудан.
Темірдей тәртіп болмаса,
Түңілді халық сайраудан,
Түңілді халық сайлаудан!*

ШАҢҚАЙ ТҮСТЕ АДАСТЫМ

*Миым мүлде шаршады
Күнделікті күйбеңнен.
Он сегізін аңсады,
Сыры жұмбақ күйге енген.*

*Сағым сынып жасыды
Басшылардан өресіз.
Миым әбден ашыды,
Кімнен қайтіп көресіз?*

*Жібермейді жан-жағым,
Ішкі есебі өзінде.
Тұншыққандай арманым,
От сөнгендей көзімде.*

*Жүрмей қойды жұмысым
Кесірінен талайдың.
Сырт айналды туысым,
Кебін кидім Абайдың.*

*Нарық қысқан қоғамнан
Жаным қатты түңілді.
Елді тонап жоғалған
Пысықтарға күйінді.*

*Көбі баю жолында,
Ұстаз қорлық күйде жүр.
Өлең менің сорым ба,
Тыныштық жоқ үйде бір.*

*Қабырғама батады
Бала-шаға мұқтажсы.
Таңым мұңмен атады,
Сор-ау ердің тіпті азы.*

*Байлық шешер тағдырды,
Ар-намысың құл оған.
Ақынды естен тандырды
Жұрттан қарыз сұраған.*

*Қу жан үшін көнесіз,
Қанжар сұғар қарынға.
Қайтіп сабақ бересіз
Имандылық жайында?*

*Өз әулетін мықтылар
Жарылқаудан аспады.
Ұлты үшін тік тұрар
Тәуекелге баспады.*

*Тұйықталды жаза алып
Ойлайтындар ел қамын.
Бара жатқан азайып
Мейірімнен қорқамын.*

*Мұның бәрі миымды
Көртышқандай кемірді.
Алдым солай сыйымды,
Өр мінезім жеңілді.*

*Алаяқпен санастым,
Ісін істеп қатынның.
Шаңқай түсте адастым,
Азабынан ақылдың.*

ЖАНАЙҚАЙ

*Сүйендік жекеменшікке,
Ұжымдық еңбек жат бізге.
Айналып теңіз көлшікке,
Түсті-ау бұл қара дақ жүзге.*

*Байлыққа басшы қулардың
Кеткендей әбден есі ауып.
Амалсыз, санам, уландың,
Барады құрғыр күш алып.*

*Қайтейін, солай айналам,
Құтылар жерім қалмады.
Деуменен қалай жан бағам,
Ұйқым да мынау қанбады.*

*Тіл үшін күрес басылып,
Қалғандай маған сезілді.
Тірлікте аштар ашынып,
Тауысқан жандай төзімді.*

*Болашақ жағзы беймәлім,
Жоқтықтан миым шайқалған.
Түңілдім шаршап кейде әлім,
Түк шықпай жалғыз айқайдан.*

*Күлетін кезде күле алмай,
Қабақты бұлттай түнертіп,
Адамша өмір сүре алмай,
Жүрміз-ау итше күнелтіп...*

ӨЗІМІЗДЕН ҚОРҚАМЫН

*Мен де тірі пендемін өзгелердей,
Көріп едім өмірді өзгерердей.
Амал қанша, үмітім ақталмады,
Түр байқатты ешнәрсе сезбегендей.*

*Баяғыша секілді барлығы да,
Елбасының қауқарсыз жарлығы да.
Қылмыстылар қаптады маңайымда,
Қайран қазақ тағдыры қалды мұңда.*

*Әкімінің қарны тоқ, ет тісінде,
Ақынының арманы кетті ішінде.
Діні – дүмше молданың күнкөрісі,
Тілі «шала қазақтың» тепкісінде.*

*Жастарының бимәлім болашағы,
Кәрісінің тозғандай жерошағы.
Имансыздық жаулады жұрт жүрегін,
Әділеттік жол таппай адасады.*

*Қайда барсам бір-бірін алдағандар,
Ебін тауып дұшпанын арбағандар.
Ел үрейін ұшырып жібергендей
Байлығымен баскесер жалдағандар.*

*Бүгінгі өмір шындығы дәл осындай,
Жазылмайтын жанымның жарасындай.
Махамбетке татитын біреуі жоқ,
Қайран халқым, қор болып барасың ба-ай?..*

*Қайда әлгі айбары Алпамыстың,
Бір-біріңе итше үріп арпалыстың.
Содан шыққан мүйізің қане сенің,
Құдіретін ұқпадың ар-намыстың.*

*Сор арылмай алауыз елімізден,
Жас кетпеді-ау құрғыр бұл көзімізден.
Ұлттық мінез өшкендей бойымыздан,
Сондықтан да қорқамын өзімізден.*

ҚОҒАМҒА СЫЙМАЙ БАРАМЫН

*Қоғамға симай барамын,
Маңдайда сорым бес елі.
Сала алмай жөнге адамын,
Кемірді миды кеселі.*

*Қайраңда қалған кемедей,
Бағыты әлі белгісіз.
Жүрейін десем елемей,
Өңменнен өтті-ау зәрлі сыз.*

*Ауылдың құты қашқандай,
Жемісін үсік шалғандай.
Еңсесін қайғы басқандай,
Қолының қары талғандай.*

*Ұйыған тәтті айрандай
Баяғы өмір жоқ қазір.
Іріткі ішке салғандай,
Зар қылды газға, токқа әзір.*

*Азайып мейір көзінен,
Қарайды қатал қабақпен.
Сезіліп ызғар сөзінен,
Санаңа сіңер тамақпен.*

*Дұрдараз туыс, ағайын,
Безгендей туған бауыры.
Көңілін қайтіп табайын,
Сол болды маған ауыры.*

*Намысты жанышып табанға,
Құл етіп байға ұятты,
Күнелткен әрең қалаң да
Салдақы қатын сияқты.*

*Ашығын айтсам жасырмай,
Бірде тоқ, бірде қарным аш.
Күйеуі үйде масылдай,
Әйелі делдал қаңғыбас.*

*Жастарға толы түрмеңіз,
Жейтіндей содан сыбаға.
Келешек күйрек күйдеміз,
Иманнан жүзі тым ада.*

*Билігі барлар алдайды,
Құйрығын бұлғап түлкідей.
Аларда – жанын жалдайды,
Берерде – тиер түрпідей.*

*Киесі қашқан бойында
Тілімнің құртты-ау діңкесін.
Бұралаң нарық жолында
Жия алмай жатыр жұрт есін.*

*Қайнатты-ау қанды байыған
Әумесер ұлы әкімнің.
Оң-солды енді таныған
Кезімде, жүрек, өкіндің...*

*Байлық па адам мұраты,
Тең бе екен патша батырға?!
Кірленді неге ұлы аты,
Неліктен хан өш ақынға?!*

*Шықты естен бай да, патша да
Еліне әмір жүргізген.*

*Мұң жырмен таңы атса да,
Қатар тұр Жұбан жұлдызбен!*

*Білсе де соны бүгінгі
Дөкейлер құмар долларға.
Көбінен жаным түңілді,
Алдында, Құдай, қор қылма.*

*Өсер деп қалай жас ұлан
Келемін желдің өтінде.
Ақылым жетпей осыған,
Құр сүлдем жардың шетінде...*

*Десек те біз тапшылықты көз көрді,
Жақсылыққа қарай заман өзгерді.
Бұрын, тіпті, ана әлдиін ұмыттық,
Енді, міне, бесік түзер кез келді.*

*Сондықтан да мұндай сәтті уыстан
Шығармайық, есің болса, туысқан.
Өмір бойы көксегені қазақтың
Азаттық қой Батыстан да, Шығыстан.*

*Даламыздың кеңдігіне мақтандық,
Барлығына құшақ жайып шаттандық.
Бірақ содан көгермеді жеріміз,
Ал өзіміз от-жалынға қақталдық.*

*Тыңдамайтын батырды да, ақынды
Сендік талай «көсемдерге» ақылды.
Бірін-бірі жамандаумен күні өтіп,
Алыс етіп кетті ақыры жақынды.*

*Өкініші қалғанымен жүректе,
Елім өмір сүре алмады түнекте.*

*Бүкіл әлем танып жатыр мойындап,
Қандай бақыт жеткеніміз тілекке!*

*Өткен күнге көз жіберіп бойлайық,
Ақылға сап, болашақты ойлайық.
Қарнымыздың аштығына қайғырмай,
Рухани мұрамызды қорғайық.*

*Мағынасыз тірлігіңді малданып,
Бұдан былай жүре берме алданып.
Тұрса егер армансызбыз бәріміз
Жас ұрпақтың алдынан тек шам жанып!*

ЖАРЫЛҚА, НАУРЫЗ, ХАЛҚЫМДЫ

*Құдайым төгіп мейірін,
Жарылқа, Наурыз, халқымды.
Тарылтпай адам пейілін,
Дамытқын дәстүр, салтымды.*

*Өзіңе деген үміті
Шексіз бұл елдің көзінде.
Ару Жер сұлу жігіті —
Ер Күнмен ойнар сезімге.*

*Жарылқа, Наурыз, даламды
Толтырып төсін ырысқа.
Көркейткін күллі қаламды,
Айналсын күншіл туысқа.*

*Болмасын ызғар желіңде,
Желпісін бетті самалы.
Күй шалқып жатсын көгімде,
Еркелеп өссін маралы.*

*Жарылқа, Наурыз, пендеңді,
Шаттыққа бөле отбасын.*

*Зардабын соғыс көз көрді,
Ұлтты ұлт езген тоқтасын.*

*Көңілде кірбің қалдырмай,
Тарқатқын жұрттың өкпесін.
Қызғаныш отын жандырмай,
Бір-бірін жандар сөкпесін.*

*Жарылқа, Наурыз, халқымды,
Биік ет мәңгі жұлдызын.
Дарыны ғажап сан қырлы
Сүйіп өт ойлы ұл-қызын.*

*Болсаң да, мейлі, ауыр жыл,
Қазақтың байып әр үйі.
Адамның бәрін бауыр қыл,
Ұйықтасын тыныш сәбиі!*

ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА ЖЫР

Бірінші жыр

*Бір өзіңде сыналар алып күшім,
Сырға толы жасампаз уақытпысың?!
Ақын жанын тасытар шашып өлең,
Ассалаумағалайкүм, Жаңа жыл – шабыт құсым!*

*Сенде айқын танылар дара шыңдар,
Игілікке айналар бар асылдар.
Жұлдыздарға жол тартып жалғастырап,
Ассалаумағалайкүм, Жаңа жыл – жаңа асулар!*

*Сәулеттенер қала, ауыл, тоғайларым,
Көркіңе қарап тұрып тоя алмадым.
Саған үміт артады жүрек біткен,
Ассалаумағалайкүм, Жаңа жыл – ой-арманым!*

Екінші жыр

*Төрлет, Жылым! Қысылма, шық жоғары,
Жүрегімнің бол өзің сый қонағы.
Дастарқаным алдыңда жаюлы тұр,
Сендік шаттық жанымды жырға орады.*

*Көңіл серпер қызықты, дәмді, мәнді,
Көрген-білген айта отыр әңгімеңді.
Қуанышым қойныма сыймады бұл,
Бәлкім, шырқап кетермін әнді мәңгі.*

*Тұла бойың жаралған мұраттардан,
Ізгі ойлардан, жұмбақтау сұрақтардан.
Сыр іздеймін шуақты жанарыңнан,
Төсіңдегі таулы орман, бұлақтардан.*

*Ел біледі жер жарған дыбысыңды,
Ардақтаған абырой, намысыңды.
Жұлдыздарға самғаған нұрлы өмірде
Арманым жоқ танытсам шабысымды.*

*Ұнатпайсың тірлікте аласаны,
Тәкаппарлық тұлғаңа жарасады.
Бұрынғыдан жарқырап көрінсін тек
Адамзаттың гажайып болашағы!*

Үшінші жыр

*Бір керемет қуат бар білегіңде,
Шын құдірет жатыр зой жүрегіңде.
Құтты болсын, туған ел, жаңа жылың,
Тойың тойға ұлассын ұлы өмірде.*

*Жаңа жылың айналсын қалаларға,
Сәбиімен бақытты аналарға.
Айналсын ол нұр шашқан ГЭС-терге,
Қызғалдағы құлтырған далаларға.*

*Жаңа жылың айналсын мерейіңе,
Күллі әлемді тәнті еткен өнеріңе.
Сөйлесін ол Қаныш пен Мұхтар болып,
Күләш болсын бақ қонған көмейіне.*

*Жаңа жылың айналсын ырысыңа,
Алтын, күміс, қорғасын, мырышыңа.
Айналсын ол мұнайлы мұнараңа,
Қара қылды қақ жарған қылышыңа.*

*Айналсын ол ер диқан астығына,
Барлық ұлттың баянды достығына.
Жаңа жылың әр үйге құт әкелсін,
Көтерейік сол үшін тосты мына!*

ТУҒАН ЖЕРМЕН СЫРЛАСУ

БІРІНШІ СЫР

*Тірлігінде жақсылық жасамаған,
Арам ойлы жан көрсем қашам одан.
Өзің жайлы толғану, адам жайлы,
Жеңіл тиіп жүрген жоқ аса маған.*

*«Өмір — күрес», — деп бекер атамаған,
Тірлік етпей төсінде жата ма адам?!
Ұл екенсің кеудеңнің оты бар деп,
Берген де өзің о баста бата маған.*

*Бұрынғыдан асыл ой көнермеген,
Маңдай терім екен зой өнер деген.
Үстіменен ауырдың жүргендер бар,
Бірақ солар түбінде көгермеген.*

*Қиналсам да көзімнен жас ақпаған,
Ұлың болам ешкімге тас атпаған.*

*Досым түгіл қасыма ең әуелі,
Қолдан келген сыйымды жасап бағам.*

*Күн шуағын жаныма құяр ағын,
Содан ғана шабытты күй аламын.
Көрген кезде ездiгiн кей пендеңнiң,
Тесiк таппай кiрерге ұяламын.*

*Ертеңi үшiн маңдайы тершiмеген,
Жiгiт емес жалыны өршiмеген.
Бiр сiмiрмей мөп-мөлдiр бұлағыңнан,
Туған жер-ай, көңiлiм көншiмеген.*

*Жарып шыққан жырымсың өзегiмдi,
Қасиетiңдi жүрегiм сезе бiлдi.
Магниттей ерiксiз тартып алған
Өлiп-өшiп сүйемiн мен Өзiңдi!*

ЕКІНШІ СЫР

*О, туған жер, қасиеттi қара жер,
Төсiңде өскен өзге дүние «ана» дер.
Мына сендiк омыраудан басталған,
Күллi әлемдi таңғалдырған бар өнер.*

*Түлеп ұштым қауызымды жардым да,
Есейсем де басымды ием алдыңда.
Сен болмасаң ұлылықты ұқтырған,
Бiлмес едiм еш қадiрiн бардың да.*

*О, туған жер, өзiңдi аңсап келем мен,
Сен деп соққан кеудемдегi өлеңмен.
Ұлыңмын ғой, құшағыңа алшы ыстық,
Қанат қағып ұшқан сонау төбеңнен.*

*Қалыппын-ау сондай қатты сағынып,
Кеттi жырым бұлағындай ағылып.*

*Сіміргенше дауа ауаңды еркін бір,
Кетпесе екен жүрек құрғыр жарылып.*

*Жан сырыма, достым, әсте таңғалма,
Кеткендер бар көрмей де оны арманда.
Бір-ақ уыс топырағың бұйырса,
Туған жер-ай, бақыттымын жалғанда.*

*Айта берсем, таусылмайды бұл арман,
Білерім тек: сенсіз думан құра алман.
Ну орманың, асқар тауың, күміс көл,
Қайда барсам, қолын бұлғап тұр алдан!*

*Ғұмырымда көбінесе мұң құшқан
Таяқ жедім қолы қысқа тұрмыстан.
Түк шықпады қимылымнан бүгінгі
Өрге қарай жанын салып тырмысқан.*

*Киімім жоқ жібі түзу үстімде,
Қайғырғаннан келіп кетер ішкім де.
Байып жатқан солар деп ұқ өмірде,
Болса егер қулық кімде, күш кімде.*

*Елді жейді министр де, әкім де,
Туған халқы құйтырқы жел өтінде.
Коммерсант көп өнімі жоқ өндірген,
Тілден жүрдай, имансыздық бетінде.*

*Қызығамын «Мерседесті» мырзаға,
Қысастығы бермей қойды-ау бір маза.
Тіршілікте дүниеге жарымай
Өтетұғын шығармын мен жыр жаза.*

*Не десем де, тағдырыма көнемін,
Көңіл босап, көзден жасты төгемін.
Небір сыйлы кісілерді дұрыстап,
Қонақ етіп шақыра алмай келемін.*

*Қарасуға туғаныма жоқ шамам,
Сондықтан да әлім бітіп шаршағам.
Маған олар қарайтындай жаутаңдап,
Ал мен үшін арман — мықты болса ағам.*

*Жоғалмастан жылт-жылт еткен алдан-ай,
Алдамшы үміт құр әуреге салғаны-ай.
Өмірдегі өкінішім жалғыз-ақ –
Құдайдың бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.*

*Құрғыр байлық түсіме бұл жиі еніп,
Азаптайды, қалғандаймын тірі өліп.
Жүрмін бірақ Абай бабам сияқты
Ақылым мен еңбегіме сүйеніп!*

АЛМАТЫ – АРУ ҚАЛАМ

*Ғажайып сұлулық бар тал бойыңда,
Гүл бейнең мәңгі-бақи қалды ойымда.
Көркейіп күннен-күнге құлпырасың
Тәкаппар Алатаудың баурайында.*

*Ынтызар нұрлы ғалам,
Алматы – ару қалам.
Білімнің бұлағысың
Кеудеме құйылатын.*

*Ғашықтар жыр-әнісің
Табынып сиынатын.
Сондықтан жөнің бөлек,
Өзіңді сүйген жүрек,
Туған ел, туған далам!*

*Ежелгі дәуірлерден сыр ұқтырған,
Бір Өзің шежіресің тұнып тұрған.
Ғұлама арыстарын халқың мынау
Даналық мұхитында шынықтырған.*

*Қайырмасы:
Көгімнен серпіп тастап қасіретті,
Әлемге ұлттық рух шашып өтті...
«Желтоқсан оқиғасын» мақтан еткен,
Жастардың бесігісің қасиетті.*

«АЛМАТЫ АҚШАМЫНА»

*Аша алмаған бұлағымның
Көзін аштың қуанып.
Баса алмаған құмарымның
Шөлін бастың суарып.*

*Жұмбақ сұңқар сырларымның
Ұштап қанат қағысын.
Асау тұлпар жырларымның
Қамшылайсың намысын.*

*Киелі өлең өлкесінде
Сындырмадың сағымды.
Қалсам егер ел есінде —
Жандырғаның бағымды.*

*Сондықтан да ыстықсың-ау,
Күн жүзіндей өзіме.
Жақсылыққа ынтықсың-ау,
Құт дарыған сөзіңе.*

*Биыл онға толғаныңды
Жұртың мынау тойлауда.
Танып оң мен сол жағыңды,
Шынықтың от қайнауда.*

*Туған күнің – нұр құйылған,
Шабыт берген бойыма.
Өзіңе арнап гүл жырымнан
Шашу шашам тойыңа.*

Өзегімді жарып шыққан
Айтар аппақ тілегім:
«Жан-тәніңмен халықты ұққан
Соқсын мәңгі жүрегің!».

КӨЗІ АШЫҚ, КӨКІРЕГІ САУАТТЫ

*немесе революцияға дейін қазақ халқы қараңғы болған
деген пікірге қарсылық*

*Тұрақ таппай бәрі өмірден көшеді,
Табиғаттың заңы солай шешеді.
Социалистік төңкеріске дейін бұл
Сауатсыз ел болған қазақ деседі.*

*Кір секілді жұғып қалған жағама,
Келіспеймін мұндай шала бағаға.
Даласындай жомарт мінез халқымның
Даналығы нұрын құйған санама.*

*Сол далада көшіп-қонып малымен,
Қонағына сый көрсеткен барымен.
Жауына да тілемеген жамандық
Бойға сіңген қасиеті қанымен.*

*Тірлігінің мәні жоқ бұл даласыз,
Тұрмысының сәні жоқ бұл даласыз.
Әншілері бұлбұлменен жарысып
Сайрағанда, таңдай қағып қаласыз.*

*Тіршілікте пір тұтары — адалдық,
Дүниеде жеккөрегі — арамдық.
Бірақ, шындық — орыс тілін білмеуім,
Созан бола сауатсыз деу — надандық.*

*Әркімге де ыстық атамекені,
Бар ғұмырым содан нәр ап өтеді.*

*Тарихым бар ұқсамайтын басқаға,
Әдет-ғұрып, дәстүрім де жетеді.*

*Сондықтан да ойланған жөн әуелі,
Тыңдап көрші, ерекше зой әуені.
Домбырасы қалай-қалай сөйлейді,
Тамыр жайған бәйтеректей мәуелі.*

*Өсиеті сіңіп кеткен дұғама,
Айналды ол сарқылмайтын мұрама.
Екі-ақ ауыз сөзбен шешкен ер құнын
Көсем биі — ағып тұрған ғұлама.*

*Шаңырағы әнін шырқап төбеде,
Ақ боз үйде сыр шертеді кереге.
Тәлімі зор термесімен қазағым
Танытады ұрпағына өнеге.*

*Жауға бермей ұлан-байтақ жерімді,
Ерлерімнің қаны талай төгілді.
Қиссалары, дастандары көл-көсір,
Кім айтады сауатсыз деп елімді?!*

*«Қараңғы» деп бір әумесер дау айтты,
Ондайларға мен берейін жауапты.
Шежіресін жатқа соғар түгелдей
Қазағымның көкірегі сауатты.*

*Бұған, досым, талас мейлі, таласпа,
Ел сауатсыз болған деп тек адаспа.
Оқып па едің көне түркі жазуын?
Білмей тұрып, өздігіңнен бал ашпа.*

*Не десең де, көкейіме қонбайды,
Қонбақ тұрмақ, намысымды қорлайды.
Түсінбеген мақалы мен мәтелін
Түбінде бір өкініштен сорлайды.*

*Сол арқылы тәрбиелеп ұрпағын,
Ақ тілекпен қарсы алыпты нұр таңын.
Бозінгендей боздағанда қобызы
Көз салмаған, елемеген хан тағын.*

*Болғанымен елім менің көшпелі,
Қиындыққа төтеп берген есті еді.
Гүл өмірді өлшемеген байлықпен,
Ән-жырымен көрінеді өскені.*

*Өз өнерін киелі іске балаған,
Төрт амалдың бәрін ойша санаған.
Асан қайғы, Қорқыт баба күйлері
Музыкалық білімсіз-ақ тараған.*

*«Айман-Шолпан», «Қыз Жібегі» халқымның
Бағасынан қымбат күміс, алтынның.
Бір күндері қалсаң одан қол үзіп,
Көні кепкен сусыз көлдей тартылдың.*

*Төмен түсіп көрмеген бұл арнасы,
Ішкен жанның мейірі анық қанбасы...
Халық ауыз әдебиеті — гажайып
Сауатымның жарқыраған айнасы.*

*Жырау, жыршы атанған бұл мекенге
Сауатсыз деп күйе жақпа бекерге.
Домбырасын қалдырыпты мұраға
Нағыз қазақ дүниеден өтерде!*

ҰЛЫ ЖЕҢІС

*Орнап жатты ашық күнді
Жаңа дәуір елімізде.
Тұтқиылдан басып кірді
Опасыз жау жерімізге.*

*Асыр салып ойнар шақта
Болды заман құбылмалы.
Қанша армандап ойға алсақ та,
Оған мойын бұрылмады.*

*Қиындығы жүректі езген,
Балалықты бердік қимай.
Бір тілім нан ұшып көзден,
Аңызды өртеп, жедік бидай...*

*Сонда да бел қайыспады,
Еңбек еттік жанды аямай.
Басымыздан бақ ұшпады,
Күттік нұрлы таңды аялай.*

*Жауынгерлер жерін қорғап,
Отан үшін отқа түсті.
Намыс ыстық қаныңда ойнап,
Соққы берді жауға күшті.*

*Келді ақыры Жеңіс күні
Құшағына ап бар адамды.
Кең даламның еңіс-қыры
Құттықтады жан анамды.*

*Бұлақ күліп ақты мына,
Дегендей Күн: «Сызды көрме!»
Бөлеп бақыт шаттығына
Жеңіс тойы қызды жерде.*

*Содан бері біздің елде
Жалғасуда Жеңіс тойы.
Аққу еркін жүзді көлде,
Әнге толы егіс бойы.*

*Аспанымыз шайдай ашық,
Жаз күніндей көңіліміз.
Ұлы Жеңіс, саған ғашық
Шуағы мол өміріміз!*

ҮЛКЕНДЕР-АЙ

*Үлкендер-ай, қайранмын мінезіңе,
Шаң жуытпай өтесің бір өзіңе.
Шеттеріңнен жастарға көсемсің-ау,
Әлің келмей жатса да шын өзіңе.*

*Еге алмадың дұрыстан егінді де,
Төге алмадың ел үшін теріңді де.
Құлығыңмен жан бағып, ұялмастан
Адал өмір сүр дейсің кейінгіге.*

*Кейде шалқып Құдаймен тілдесесің,
Байлығыңа мастанып құр бөсесің.
«Намысты бол, қарағым!» – деп кішіге,
Бұқпантайлап ал өзің күн кешесің.*

*Мансап үшін жан жалдап, қаның қатып,
Тіршілікте күнәға арың батып,
«Мейірімді бол!» – дейсің шімірікпей,
Қатыгездік қылығың толып жатып.*

*Үлкен бе әлде кіші ме, кім бұзылды?
Ойлап соны қан бойда мың қызынды.
«Оқып адам бол!»- дейсің басқаларға,
Параменен түсіріп ұл-қызыңды.*

*Ақыл айтсаң біреуге ішің жылып,
Күлкі етеді, қаласың мысың құрып.
«Арақ орға жығады», - дейсің бізге,
Азғындықтың шарабын ішіп жүріп.*

*Бүгінгі күн қазаққа кез өрлейтін,
Қорқамын тек жандардан өзеурейтін.
Өп-өтірік халқының қамын жейді,
Жарылқаудан жалықпай өз әулетін.*

*Үлкендер-ай, ұқпадым жүрегіңді,
Бір-біріңе қоспадың білегіңді.
Ең алдымен жөндемей өз мініңді,
Түзеймін деп ойлама бұл еліңді!*

*Сылдырмағы шертіп әсем бір күйді,
Тал бесікте жатыр бөбек сүйкімді.
Қарайды ана күн көзіндей елжіреп,
Мейірімі балқытқандай бұл түнді.*

*Бесік жыры әнұраның емес пе,
Бойтұмардай сақтайды оны ел есте.
Ұққандай боп шешесінің әлдиін
Тәтті ұйқының құшағында нәресте.*

*Шырай қосқан ажарына әр үйдің
Қандай ғажап осы сәті сәбидің!
Құдіреті жыр нәсерін төктірді,
Азыл-тегіл жаңбырындай сәуірдің.*

*Бұған теңеу таба алмадым тең келер,
Бәлкім, іздеп табар мұны өзгелер...
Дәл осылай өспеді ме ержетіп
Ойы бұзық, қара ниет пенделер?*

*Атқан оғы кімге барып тиеді?
Соны ойлап шыбын жаным күйеді...
Қалай ғана дәті барып бұзды екен
Екі жанның тыныштығын киелі?!*

ЖАНЫМДЫ ЖЕГЕН ДЕРТ

немесе

Қайрат Рысқұлбекұлына

*Қайрат інім, сен қандай бақыттысың,
Оны жұртқа паш етіп танытты ісің.
Буырқанған Желтоқсан дауылында
Бұқпантайлап дәл мендей күн кешпедің,
Қарындасты қорғады намыс күшің.*

*Толып жатқан онсыз да сұрақ алды,
Кешіре алсаң, кешіргін бұл ағаңды.
Еті үйренген қорқақтық ауылында
Мен сияқты ездермен тілдеспедің,
Отты жырың жұбатты жылағанды.*

*Сол күндерді есіме жиі аламын,
Қалай ғана жер басып жүре аламын.
Жетіп бардым «горкомның» нұсқауымен,
Жасың кіші болса да, ойым төмен
Болғанына мен бүгін ұяламын.*

*Шындық іздеп ішінде жүрсің көптің,
«Ержүрек жан халқы үшін күйсін», - дептің.
Әлдекімге «үш әріп» қыстауымен
Жала жапқан күнәсін ақтар немен?
Ал сен болсаң нақақтан қыршын кеттің.*

*Туған-туыс, дос-жаран қауымына-ай
Ажалыңның соншалық ауырын-ай...
Әділеттің ақ туын құлатпаған*

*Өзіңдей ұл сиректеу тіршілікте,
Өкінішке қарай бұл, бауырым-ай.*

*Құлығымен біреулер жан бағады,
Арын сатып кейбіреу қарғанады.
Мойнындағы парызын шын ақтаған,
Ұқсамаған бос кеуде, құр шірікке
Сендей ерден бар қазақ айналады!*

*Кей адамдар шөп басын сындырмаған,
Өмірінде еш нәрсе тындырмаған.
Желтоқсанның ызғары басылған соң
Көрсетіп жүр «батыр» ғып өзін-өзі,
Ең болмаса өтірік қынжылмаған.*

*Құдай жөнін табады ондайлардың,
Солар деп ұқ нақ өзі сормаңдайдың.
Барлық сыры түбінде ашылған соң,
Қалай өзін пақырың сезінеді,
Із қалмайды соңында қор болғанның.*

*Күрең шайы анаңның ішілмеді,
Бірақ әкең еңсесін түсірмеді.
Сенен сотқар шықпасын білген олар,
Оған куә — ақындық сағынышың
Ақтарғызған шеріңді ішіңдегі.*

*Қайрат інім, сен қандай текті едің,
Имандылыққа табынып өтті демің.
Кеудеңдегі қыраның шыңға қонар,
Махамбеттей халқыңның дарынысың,
Бауыржандай айбатты, өткір едің.*

*Бауыр десе езіліп елжіредің,
Таза бұлақ сияқты мөлдір едің.
Күйі өзің боп кеудемнің туган жыры,
Сені жоқтап көзімнің тамды жасы,
Тәуелсіздік туындай желбіредің.*

*Байқоңырдан зорға бұл қазақ ұшқан,
Ал Семейі у ішіп, аза құшқан.
Азаттықтың алғашқы құрбандығы,
Азаттықтың алғашқы қарлығашы,
Болған саған қарыздар Қазақстан!*

АТАМА ХАТ

*Ата, қалай саулығың?
Жүрмін аңсап, сағынып.
Ізгілікке баулыдың,
Ағыңнан кіл жарылып.*

*Бізді өсірдің тағдырдың
Тәлкегіне бағынбай.
Жоқты лаждап бар қылдың,
Тірі жанға жалынбай.*

*Қажысаң да шат қылды
Қос гүл, алты балапан.
Қанатты алыс қақтырды,
Сендік ыстық алақан.*

*Қу кедейлік қол байлап,
Тастаса да, сезінбей,
Мен келетін жолды ойлап,
Жүрсің, білем, көз ілмей.*

*Тұрдың ба ерте күлімдеп,
Өңің кіріп, жарасып?!
«Жетіп келер ұлым!» деп,
Отырмысың бал ашып.*

*Тыңдамайсың келіспей
Кәріліктің арызын.
Сезем бәрін мен іштей,
Ақтау соны — парызым.*

*Жырға қостым жасымнан
Нұрлы өмірдің от бағын.
Кешіп келем басымнан
Ақындықтың соқпағын.*

*Түсінесің бар жайды,
Бір көмегім тимеді.
Шамым жырсыз жанбайды,
Мәңгі тербеу күй мені.*

*Қай қабағың тартады,
Жолға шығам жақында.
Мезгіл өзі айтады,
Пақыр ма ұлың, ақын ба?!*

ШЕШЕ

*Шеше, кешір ұлыңды бұл жақтағы,
Емін-еркін арқаңда бұлғақтады.
Болар, сірә, жанымда жоқтығыңнан,
Суық сорып бойымды, күн қақтады.*

*Шеше, кешір, қолыңды ұзартпадым,
Жұрт алдында әйтеуір қызартпадым.
Қанға сіңген киелі қуатыңнан
Жақындады біртіндеп ұзақтағым.*

*«Осы құрғыр жүрегім нені білді?»-
Деп жүрсің бе күнде ойлап серігімді.
Шеше, шыда, бәріне төзімді ең ғой,
Жарқ еткізем бір күні келініңді!*

ЗЕРДЕЛІ

*Дүниеге шыр етіп сен келгенде,
Жырға толып кетті зой кеудем демде.
Қуанышымды бөлістім жасыра алмай,
Дос-танысты ұстап ап көрген жерде.*

*Мен сол күні барымша ақтарылып,
Шалқып жүрдім, жан сырым жатты ағылып.
Енді анық із-түзсіз жоғалмасым,
Жүрмесін тек жаманат ат тағылып.*

*Шаттығыңнан жүрегі жарылардай,
Бір сен үшін анаң жүр жаны қалмай.
Көзімізге сенсіз күй елестейді,
Үй секілді тұрған бір шамы жанбай.*

*Алмайсың-ау күнұзақ шырымыңды,
Көрсетумен сан қилы былығыңды.
Бір өзің боп ендігі ермегіміз,
Күнде тойлап жатамыз қылығыңды!*

ҒАНИҒА

*Қызығыңа тоймастан отбасында
Өмір сүрдік мұқтаждық, жоқ қасыңда.
Жібі түзу тәрбие бере алмадық,
Келгенімен көргіміз топ басында.*

*Тентектігің жетеді бір баладай,
Іздеп сені шешең де зар қағады-ай.
Ойын қуып мектептен шыққан бойы
Сөмкең қалар жайына қу далада-ай.*

*Кейісек те шын ұрсып талай саған,
Жырымыз тек Өзің ең бар аңсаған.*

*Болғандай-ақ бәріне біз кінәлі
Бұртидың-ау өкпелеп, балам, соған.*

*Енді бүгін жігітсің шаш тараған,
Жамандыққа жетелі ұл бастамаған.
Жолығарсың сан алуан қиындыққа,
Бірақ бүгін ешқашан қашпа одан.*

*Айтатұғын әкеңнің көп тілегі,
Жебеп жүрсін еліңнің текті лебі.
Арманым сол – ортаңа сыйлы болсаң,
Ән салады кеудемнің ет-жүрегі!*

АТАСЫНЫҢ «ӘЛДИІ»
(немерем Қазыбекке)

*Айналайын, жан балам,
Сен барда ғажап айналам.
Нұрланып кетті Алматым,
Құлтырды гүлге бай далам.*

*Қызық-ау бізге ойының,
Күлкіге толы қойының.
Құрбыларыңның алды бол,
Оқ бойы өсіп мойының.*

*Машина айдап күні-түн
Жалғайсың әке үмітін.
Анаң да кейде шаршайды-ау
Өткізе алмай «үгітін».*

*Атаңның тыңда әр күйін,
Үйреніп алғын ән-биін.
Әжең де жүрер көтеріп,
Өзінше шырқап «Әлдиін».*

*Сен барда жарқын үніміз,
Сен жоқта солғын түріміз.
Сенсіз бұл өмір көңілсіз,
Жарығы жоқтай үйіміз.*

*Иығы бұлттың салбырап,
Көшкенде тауға жаңбыр ап,
Атаңның «Әлди» жырымен
Ұйқыға шомдың балбырап.*

*Жолатпай түннің мұздайын,
Ұйқыңды тәтті бұзбайын.
Өскеніңше ержетіп
Қолғанатыңа біз дайын.*

*Тып-тыныш ұйықта, ботам-ау,
Қалжырағандай ма атаң-ау?!
Еліңнің ері атанғын,
Осы зой берер батам-ау!*

КҮТЕМІЗ ЕРТЕҢІНЕН ЗОР ҮМІТТІ (немерем Зейінге)

*Зейін деп қойдым тұңғыш мен есімін,
Шаттығын сыйлай берсін келесі күн!
Түседі асты-үстіне әжесі де,
Атамның деп еркелер төресімін!*

*Іздейді келе салып Қазыбегін,
Тербейді дауысының сазы көгін.
Екеуі кешке дейін думан қылса,
Жасаған бір-біріне назы дегін.*

*Келгенде шабыттары шарықтайды,
Ұшақпен бірге көкте қалықтайды.
Ойыншық машинасы толып жатыр,
Екеуі айдаудан еш жалықпайды.*

*Қазақша, орысшасы араласып,
Бүгінде алты жастан барады асып.
Сүртеді қос қолымен екі бетін
Әдемі сүйе алмасам қара басып.*

*Ол үйде жемесе де қазы, етті,
Ойыңды қағып алар алғыр, епті.
Болатын түрі бар зой болашақта
Биғазы құдамыздай қабілетті.*

*Жолында талқан етіп бар күдікті,
Азамат болар дейміз ол жігітті.
Осыған арқа сүйеп бәріміз бұл
Күтеміз ертеңінен зор үмітті!*

ҒАЖАП МӘН БАР КИЕЛІ ЕСІМІНДЕ

(немерем Айзереге)

*Шыр етсең де желтоқсан – қыс айында,
Тып-тынышсың анаңның құшағында.
Мұнда үлкен сыр жатыр ұғынғанға,
Біз де отырмыз арманның ұшағында.*

*Бере салған аруды Айға ұқсаған
Құдіретің шығар-ау, о, жасаған!
Қыздан тұңғыш немере болған соң ба,
Бәтиманың аңсары ауды саған!*

*Күндей жүзің балбырап енді өлеңге,
Қылығыңды жырлаймын кең көлемде.
Елжірейді ерекше тіршілікте
Атаңның да жүрегі сен дегенде!*

*Көңіл бөлмей машина гүліне,
Әжең, атаң мас бүгін уіліңе.
Ал екеуі Өзіңді қойды апарып
Алатаудың қол жетпес биігіне.*

*Танитындай қарайсың жан-жағыңа,
Айналдырдың әжеңді бағбаныңа.
Кейде атаңды еріксіз бала қылып,
Түсіргендей күлесің қармағыңа.*

*Енді бізге бұл үйде сен «көкесің»,
Кедергіден еңбектеп тез өтесің.
Жыламайсың, томпыып ұйқыдасың,
Ал, оянсаң, жымыып мәз етесің.*

*Көп түссең де өмірдің өзеніне,
Ұяласын мейірім өзегіңе.
Ғажап мән бар киелі есіміңде,
Соны ақтасаң – мақтаныш өз еліңе!*

ҰЛЫ ЗАҢ

*Қамыққанда көңілімді жебеген,
Қиын кезде қолтығымнан демеген.
Өзің ғана, айналайын Ұлы Заң,
Өзгелермен тереземді теңеген.*

*Санам ашық, ойым заңғар бүгінде,
Шырқай алам барлық ұлттың тілінде.
Өзің ғана, айналайын Ұлы Заң,
Емін-еркін кенелдірген білімге.*

*Өріс ашып, әдет-ғұрпым, салтыма,
Тапсырдың шын бақыт кілтін халқыма.
Өзің ғана, айналайын Ұлы Заң,
Еңбегімді айналдырған даңқыма.*

*Мәртебесі биік болып ұдайы
Кең өлкемнің құлпырып тұр шырайы.
Өзің ғана, айналайын Ұлы Заң,
Үйіп төккен қамқорлықты шынайы.*

*Жүрегімнен жыр қайнарын ағытқан,
Сарқылмайтын қуат бойға дарытқан,
Өзің ғана, айналайын Ұлы Заң,
Қазағымның құдіретін танытқан!*

ҚҰТТЫҚТАУ

*Қуан, далам! Қуанатын күн бүгін!
Серпіп таста мұңды жүрек түндігін.
Тіл туралы Заңым енді күшіне
Паи еткендей кескен жаңа кіндігін.*

*Қуан, бабам! Қуанатын жөнің бар,
Деген едің: «Тіл бар жерде өмір бар!»
Халық жауы атандың-ау сол үшін,
Ғұмырыңды құрбан етіп жолында ар.*

*Қуан, анам! Ұзағынан сүйініп,
Сәтің де көп кеткен кейде түңіліп...
Ақ сүтіңмен бойға біткен тіліңді
Пір тұтамын мен алдыңда иіліп.*

*Қуан, балам! Туған тілдің киесі,
Жебеп сені, болғаныңа иесі!
Тек мұнымен бітпейтінін ұғып өс,
Дүниеде тіршіліктің күресі.*

*Қуан, халқым! Күшіне енді Тіл заңы,
«Сүйінші!»- деп ақын ұлың жырлады.
Ел елдігі бағаланар тілімен,
Сол арқылы құлпырады гүл бағы!*

«ТІЛ – ӘДЕБИЕТ» ЖУРНАЛЫ

*Сырласайын Өзіңмен
Бүгін түгел арылып.
Айырылдым төзімнен,
Жүрмін қазір қамығып.*

*Ел билеген мықтылар
Түсінбеді мұңымды.
Күш қалмады ұқтырар,
Жүнім әбден жығылды.*

*Шығарам деп жүйелі
Келем әлі тіресіп.
Саған қабақ түйеді,
Жол бермейді сіресіп.*

*Сызып тынды ақыры
Бюджеттегі тізімнен.
«Жетті соған ақылы»,
Бұрқ етті кек жүзімнен.*

*Алу үшін кегімді
Қару жырға сүйендім.
Аттым оқ қып сөзімді,
Жауар бұлттай түнердім.*

*Түнергенмен жоқ дәрмен,
Күшті істеді дегенін.
Туған тілін жеккөрген
Мойыңға ілді көгенін.*

*Тынысыңды тарылтып,
Қаржы бөлмей жүдетер.
Оқырманды сағынтып
Шыққаныңша жыл өтер.*

*Осылайша өмірің
Жақсармай-ақ қойды-ау бұл.
Тұншыққандай Өр үнің,
Қараңғыда «ойлы ауыл»*.*

*Бұған көңіл аударған
Үкіметте жан жоқ бір.
«Берме ақша» деп қаулы алған
«Ерді» түзер бар ма өткір?*

*Өкінішке қарай бұл,
Сені сызған мәз күнде.
Жегідей жер талай жыл,
Елді ойлайтын аз мүлде.*

*Көзімізге мұндайлар
Үймелетер көк шыбын.
Кесірінен сор қайнар,
Айтсам егер тек шынын.*

*Не десек те түбінде
Тілін құртқан оңбайды.
Күндердің бір күнінде
Өзі көрер зор қайғы.*

* «Ұстаздар қауымы» деген мағынада.

ӨМІР ТУРАЛЫ

Өмірдің қайшылығын кім білмейді,
Біреуге таң атқанмен, күн күлмейді.
Біреулер ыржаң қағып, түсін бермей,
Жымысқы басқан ізін білдірмейді.

Өзінше ұғады әркім қу тірлікті,
Жетерлік ойлайтындар бір күндікті.
Біреулер түртпектеніп мазаңды алар,
Жайыңа қаншалықты жүргін тіпті.

Бұл өмір ақылдырақ ақылдыдан,
Қызық жоқ адам үшін жақын бұдан.
Кенеттен басқа түсер жай отындай,
Сақтасаң, сақта, Құдай, ақырғыдан!

Өмір деген – екі жол
Айырылып кететін.
Адастырып біреуі,
Бірі – бақыт жететін.

Кейбіріміз жөн білмей,
Жарты жолда тындық қой.
Екі жол деп тұрғаным –
Зұлымдық пен Шындық қой.

Бітсе үнім, бітеді,
Қастандықпен ұрғанда.
Бірақ қасым бітпейді,
Өзім аман тұрғанда.

Бітсе сөйлем, бітеді,
Қойылар да бір нүкте.
Бірақ өмір бітпейді,
Шексіз мынау тірлікте!

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

*Жазылған ат үстінде дастан жыры,
Болмаған басқаларға астамдығы.
Қаншама ғасыр бойы армандаған
Жасасын Қазағымның Бостандығы!*

*Көз тіксек оның балғын ғұмырына,
Талайлар тас лақтырған тұнығына.
Желбіреп көк Байрағым аспанымда,
Қонды енді Тәуелсіздік тұғырына.*

*Жақсылық жасауды шын мұрат көрген
Ешқашан ырыс қашпас шуақты елден.
Сондай ел – Қазағымды Құдай қолдап,
«Желтоқсан ереуілі» қуат берген.*

*Тарады сәулесі оның жан-жағына,
Ұмтылды қаналғандар арманына.
Сондықтан Қайрат, Ләззат, Ерболдарды
Еске алып, тәу еткен жөн аруағына.*

*Зер салсақ, өткен тарих – нағыз майдан,
Жаласын небір жауыз шығарды ойдан.
Даламда Азаттықтың ақ таңы атып,
Бақыттың бал бұлағын ағызды Айдан.*

*Сұрапыл қырғында да жасымаған
Қазағым қысылғанды асыраған.
Жинады талай мәрте қандастарын
Тарыдай жер бетінде шашыраған.*

*Сыр түйіп бұрынғы өмір сабағынан,
Танитын қас пейілін қабағынан
Ер халқым төл теңгесін көрген сәтте
Ыршыды шаттық жасы жанарынан.*

*Қазақтың қатты сынап «балалығын»,
Жалғаған замандардың аралығын
Жүз елу жылдық тойы ұлы Абайдың
Паш етті бабамыздың даналығын.*

*Бас иіп әділетті төресіне,
Сүйсініп ұлағатты өресіне,
Қалың жұрт Ордабасы биігінде
Үш биін тік көтерді төбесіне.*

*Желбіреп көк Байрағы ел көгінде,
Ілінген Елтаңбасы ең төрінде.
Қабылдап қасиетті Ата Заңын,
Қазақтың жанды бағы өз жерінде.*

*Қалайша қиындықтан жасқанамыз,
Болған бұл жауға – күйік, досқа – аңыз.
Арқаның кең төсінде құлпырып тұр,
Жаңадан салынған жас Астанамыз.*

*Ісінің ақтығына сендіретін,
Намысты азаматқа ел білетін,
Мәрт халқым өз еркімен дауыс беріп,
Сайлады ең бірінші Президентін.*

*Қаншама тайса да өр бастан бағы,
Ғұмырын тек болашақ жасқа арнады.
Сол Қазақ жырын оқып Күлтегіннің,
Рухы Астанада аспандады.*

*Құт дарып мұңға шомған тасқа Күннен,
Арқаңды күйдіретін басқа күймен,
Айқындап шекарасын бақытты елім
Шырқайды Әнұранын асқақ үнмен.*

*Тағдырын өз қолымен шешкен жандай
Ел барда тұра алмайды өшкен жанбай.*

*Дұшпанын таспен ұрған аспен ұрып,
Елбасы келе жатыр көштен қалмай.*

*Өзге үшін қайыстырған қабырғасын
Қазаққа бүкіл әлем таңырқасын.
Нұрекең тебіреніп дейді бізге:
«Алламыз алдымыздан жарылқасын!»*

*Түбінде орға жығар ашу мықты,
Жүрекке жолатпайық қатулықты.
Мұра ғып қалдырайық кейінгіге
Ең басты асыл байлық – Татулықты.*

*Тығылып тасадан жау мылтық атқан
Сескеніп намысты елден беті қайтқан.
Тілерім күндіз-түні өз еліме:
«Тәңірім айырмасын Ынтымақтан!»*

ЫСТЫ ҰРПАҒЫНА

*Аруақтары қолдап барлық бабаның,
Өзі жебеп ер Бәйдібек дананың,
Бұғыбай мен Жауатарым жарқылдап,
Тастамады тепкісіне табаның.*

*Қырғи тілді Майкөт ақын күш беріп,
Бөлтірік би ауылыма түстеніп,
Қазағымның кемеңгері – Димекең
Кеше ғана нұрын шашты түске еніп.*

*Жер жәннаты – Жетісудың елінде,
Асқақтаған Алатаудың белінде,
Тұңғыш рет Ысты ұрпағы бас қосты,
Көркі гажап Алматының төрінде.*

*Сондықтан да кім бол мейлі, бай болғын,
Байлығыңмен сатып алып Ай қонғын.
Кім бол мейлі, батыр болғын, бол әкім,
Жарлы болғын, қу тіліңмен жауды орғын.*

*Бірақ елдің берекесін қашырма,
Мықтымын деп пенделерді басынба.
Жұрдай болсаң мейірімнен, иманнан,
Қалмайды ешкім сенің сорлы қасыңда.*

*Сондықтан да қара бастың тірлігін
Күйттей бермей, ойла қазақ мұңды үнін.
Жеті атаңды біліп жүріп сақтағын
Өз ұлтыңның ынтымақты бірлігін
Соны мәңгі ұмытпайтын күн бүгін!*

АМАНАТ
немесе
КЕЛЕР ҰРПАҚҚА АЙТАР СЫР

*Айналайын, жас ұрпақ!
Тыңдашы шалдың сөзін алпыстағы,
Ал, ойы – таза, аппақ қар қыстағы.
Сендерге аманатын қалдыруға
Жүрегін азаматтық ар қыстады.*

*Сондықтан төкті сырын жанарынан,
Сезіліп бір ауыр мұң қабағынан.
Қоярға жер таппай-ақ келе жатыр,
Қинаған шыбын жанын баяғыдан.*

*Берейін әңгімелеп сол жайында,
Пақырмын соры қалың маңдайында.
Әйтеуір намыс туын құлатпадым,
Бабамның тектілігі бар бойымда.*

*Сегіз жыл коммунисттің сеніп өткен,
Аядым шөл даламды көні кепкен.
Бірақ та оған көмек бере алмадым,
Ішімде небір ойлар өлі кеткен.*

*Өйткені түсі мен ғой Абылайдың,
Өртеді өзегімді малы байдың.
Қорқамын өтем бе деп дүниеден
Жұмбағын шеше алмастан жарық Айдың...*

*Бұл шумақ ғұмырымның түйіні анық,
Біледі менен бұрын мұны халық.
Ақындық жүрегіме, ұқсаң егер,
Бүгінгі қазағымның күйі қанық.*

*Көзімнен жасым ағып жаздым соны,
Тілеймін болмасын деп жаздың соңы.
Біреулер салып алған Хан сарайын,
Бітпей-ақ қойды-ау маған қойдың қоңы.*

*Дейсің бе: «Қартым, бұған кім кінәлі?»
Ақылым толмаған-ау мүмкін әлі...
Құдайдан тілейтінім жылап тұрып:
«Елімнің ұшпасынышы үркіп әні!»*

*Қазақтың момындығын пайдаланып,
Барады билік құмар майдаланып.
Жұртымыз арба айдаған делдал ғана,
Саусағын сора алмайды балға малып.*

*Өйткені көбі қазақ түрмеңіздің,
Жоғалған ұлттық сәні күйеміздің.
Мал тауып үйге қайтып кірген із жоқ,
Тек қана шыққаны бар үйден іздің...*

*Көпірген мақтан етіп кең даласын,
Шетелге шай-пұл қылған бел баласын,*

*Ешнәрсе дей алмайсың бұл қазаққа
Сатқан соң ең қымбатты Жер-Анасын.*

*Бұл күнде мейірімге тапшы ауасы,
Бір-екі ұлдан аспай жатса ауласы,
Қазақтың қазынасы ұрпағының
Мұрасы екенінде жоқ шаруасы.*

*Дәл қазір мұратқа біз жеткендейміз,
Белшеден құлыққа әбден бөккендейміз.
Тамыры талқандалған сексеуілдей
Екінші АҚШ-қа ұқсап кеткендейміз.*

*Өзінше ақын жырын әл көргендей,
Жай қазір отыр күйде сенделгендей.
Деген сөз «Суға кеткен тал қармайды»
Бүгінгі бейнемізді дәл бергендей.*

*Себебі тілден басқа сүйенетін
Тірек жоқ, жандармыз ба тірі өлетін?..
Жем болдық құзғын-қарға, сауысқанға
Жейтұғын сылып тастап сүйек етін.*

*Қазіргі шындық осы мен білетін,
Бетім жоқ көруге шын елдің бетін.
Ей, Алла, сақтай көргін пендеңді бұл
Қолайсыз оқиғадан ел күлетін.*

*Ең соңғы осы менің аманатым,
Әзірше шыққан емес жаман атым.
Ғасырдан ғасырларға жетсе, шіркін,
Өлеңмен сендерге арнап жазған хатым!*

ЖАС ҰРПАҚҚА

*«Дүниенің тиегі –
Орыс тілі», – десек те,
«Бұл әлемде киелі –
Өз тілім!» – деп есепте.*

*Қазақ тілі – өз демің,
Сені өсірген кең мекен.
Жерұйығы өзгенің
Туган жерге тең бе екен?!*

*Өз тілімде тыңдадым,
Анамыздың әлдиін.
Домбырамда жырладым,
Бабамыздың жан күйін.*

*Сүйіктіме сырымды
Өз тілімде ақтардым.
Досқа шағып мұңымды,
Қуанышқа шаттандым.*

*Құдіретін таныдым
Махамбет пен Абайдың.
Жамбыл сынды алыбым
Басын иген талайдың.*

*Мәнін ұғып еңбектің,
Өз тілімде ойландым.
Құпиясын жер-көктің
Ашпақшы боп толғандым.*

*Табиғаттың таң нұры
Ғажап сырын шерткізді.
Өз тілінің тағдыры
Ойландырмас тексізді.*

Өз тілімде жазамын
Бойымдағы сезімді.
Ұмытқан жан қазағын
Күлкі етеді өзіңді.

Сөз қадірін ұқпайтын
Аяғымнан ақсатты.
Кім бар екен құптайтын
Көкейдегі мақсатты?..

Орыс тілін меңгеру –
Бүгінгі күн талабы.
Өз тіліңді кем көру –
Басқа тебу ананы.

Орыс тілі – құралың,
Қиындықта дос табар.
Ана тілі – ұраның,
Маңдайдағы қос жанар.

Екі тілді тел еміп,
Өз отыңды өшірме.
Жүргін дәйім еленіп
Ұлы өмір көшінде.

Көз жұмармыз бір күні,
Көп те емеспіз, аз-ақпыз.
Болғанымен тірлігі,
Бірлігі жоқ қазақпыз.

Қу қызғаныш таралмай,
Ор қазамыз жүйрікке.
Шамамызға қарамай,
Таласамыз билікке.

Ит қабады, тойынса,
Күйе жағар көңілге.

*Туған тілім жойылса,
Тірі өлікпін өмірде.*

*Шықса да ауыр жол алдан,
Таңғалдырып бәріңді,
Шырқап өтсем, жоқ арман,
Өз тілімде әнімді!*

ЖАСТЫҚ

*Бойыңда қайрат барында,
Жалында, жастық, жалында.
Құзғынның үні естілмей,
Сайрасын бұлбұл бағыңда.*

*Көргем жоқ ерді өзіңдей,
Келесің әлі көз ілмей.
Саңқылдап даусың шығады,
Ақынның асқақ сөзіндей.*

*Сен барда Күндей нұрланам,
Тірлікте талай шыңдалам.
Құлпырды маңдай теріңнен
Тусырап жатқан тың далам.*

*Ізіңде жатыр ұлы ерлік,
Тұлғаңда сұлу тұр өрлік.
Жасында лаулап жанбаған –
Өмірде нағыз тірі өлік.*

*Жомартсың дарқан даламдай,
Адалсың балғын баламдай.
Ғашықпын саған мәңгілік
Қозысын сүйген Баяндай!*

ҚЫРЫҚҚА КЕЛДІМ

Қырыққа келдім,
Асау тұрмыс толқынымен алысып,
Іштей мықты ақындармен жарысып.
Жүре алмадым ебін тауып, екі асап,
Біреулердей өмір кешкен бал ішіп.

Қырыққа келдім,
Қыр аспайды отызда орда бұзбаған,
Ұрғаннан да ауыр тиді-ау бұл маған.
Бұза алмасам, өлейін бе, қайтейін?
Ал жүрегім тынбай әлі жырлаған.

Қырыққа келдім,
Білсем деумен дүниенің жұмбағын,
Жасаймын деп өз қолыммен гүл бағын.
Амал қанша, іске аспайды тәтті ойым,
Арманымды одан әрі тыңдағын.

Қырыққа келдім,
Бір адамдай отау құрып қызықты,
Сыйлап елге екі бірдей «бұзықты».
Сонда да бұл тыншымады көңілім,
Түсінбедім, жан күйімді кім ұқты?..

Қырыққа келдім,
Түк бітірмей азын-аулақ ғұмырда,
Адамдардан аулақ жүріп құбылма.
Ең болмаса қырындай-ақ пышақтың
Кітабым жоқ, ұят екен, шынында.

Қырыққа келдім,
Өткен күндер өкінішке қалдырып,
Қайран арман қос жанарды талдырып.
«Ақынмын!» деп кеудемді құр қақпай-ақ,
Ала алмастан біреулердей мал жиып.

Қырыққа келдім,
Құрғыр мына қысқалығы қолымның
Кес-кестеумен алдын орап жолымның.
Жетсе дедім туған-туыс, бауырға,
Бүтінделер түрі жоқ қой жоғымның...

Қырыққа келдім,
Тамырланған артыма көп қарайлап,
Басуменен аяғымды абайлап.
Сенімді дос қалмағандай көрінді,
Ауырады кейде жаным соны ойлап.

Қырыққа келдім,
Асау тұрмыс толқынына бағынып,
Қуатымның қайтқанына қамызып.
Бірақ жырды қоя алмадым біржола,
Жамбыл, Абай аруағына табынып.

Қырыққа келдім,
Отбасының күйбеңінен аса алмай,
Бойымдағы бұлақ көзін аша алмай.
Өтіп жатыр тіршілігім елеусіз,
Күннен-күнге ауыр тартып, жасармай.

Қырыққа келдім,
Өкінгенмен, өкініштен жоқ пайда,
Шын жүйріктер алысқа ұзап шаппай ма?!
Қайрамасаң өзіңді-өзің қамшылап,
Шыға алмайсың түсіп қалсаң қақпайға.

Қырыққа келдім,
Дос-жарандар, күдеріңді үзбегін,
Сезгендеймін көңілдегі күз лебін.
Жадыратам жаздың жайсаң жырымен,
Мені сонда өлеңімнен іздегін!

ТҮРКІСТАНЫМ

*Армысың,
Бүкіл түркі елінің шаңырағы,
Қадіріңді білген жұрт сағынады.
Бабалардың аруағы қолдай көр деп,
Ұлың саған бас иіп табынады.*

*Қызықпастан басқаның өлкесіне
Табынады тәкаппар өр төсіңе.
Әлдекімдей дандайсып мақтанбадым,
Мінген жоқпын біреудің желкесіне.*

*Сенен безген түбінде у жұтады,
Қалады артта қаңырап қу бұтағы.
Есті жандар әрдайым есіне алып,
Қасиетті жеріңді пір тұтады.*

*Пір тұтады білекті батырың да,
Қылыш тілді жүректі ақының да.
Сондықтан да қуат бер, о, әулием,
Жыр тұлпарын ойнатқын тақымымда.*

*Сенде жұмбақ бір сыр бар ашылмаған,
Соны айтады көнекөз ғасыр маған.
Абылай да алыстан ат арытып,
Саған жетпей құмары басылмаған.*

*Ел көшін кім қайыспай тарта алады,
Тарих қуә, өз халқын хан талады.
Бұл ауру сор болды-ау жас ұрпаққа,
Жүрегінде тұншықты нар талабы.*

*Мән беріңдер, бауырлар, дәл осыған,
Неге қазақ халқының жағасы қан?
Әкімдері қу құлқын қамын жегіш,
Көзі тоймай байлыққа аласұрған.
Сол дөкейлер ұлты үшін неге өлмейді,*

*Бұдан халқың арылмай көгермейді.
Әділдігі болмаған ел басшысы
Түптің түбі алғысқа бөленбейді.*

*Толғандырды жаралы Отырарың,
Тебіrentті ырыс-құт топырағың.
Неге елім жауына жем болды деп,
Тұңғыыққа жанымды батырар мұң.*

*Соны ойласам бойыма ас батпайды,
Жан-жағымнан тірі өлік тас қаптайды.
Әл-Фараби, әз Тәуке, Иассауилер
Аян беріп, көңілім асқақтайды.*

*Арыстанды – Қарабас желі өшпеген,
Саған соқпай өмірде ер өтпеген.
Бәлкім, содан шығар-ау Тұрғыт Өзал
Өзіңе кеп бекерге тәу етпеген.*

*Көз алдымда көңілі босағаны,
Ел мен елді қайтіп ер қоса алады?
Тіреу етіп кеткендей кейінгіге
Мына сендік киелі босағаны!*

ЖЫР-ШАШУ

*Өмірге келдің іңгалап,
Қарайды назбен дүние.
Сәбиге сені жүр балап,
Айналып жұртың сүйіне.*

*Кіндігің бүгін кесілді,
«Ұлағат», самға қияға.
Ақының еркін көсілді
Кеудеге шаттық сия ма?*

*Шынымды айтсам, сыймайды,
Төгілдің жыр боп көмейден.*

*Үніңді бәрі тыңдайды
Атырау, Алтай, Семейден.*

*Жетісу тосты құлағын
Не дейді маған бөнем деп.
Тағдырдың жұмбақ сұрағын
Қиналмай шешіп, өс өрлеп.*

*Алайда буын бекімей,
Қабырғаң әлі қатпаған.
Тұрарсың талай жер тірей,
Кешерсің күнді ақтабан.*

*Сонда да соған мойымай,
Қырандай шарла ғаламды.
Әрдайым болып жолың-ай,
Қуантқын туған далаңды.*

*Танытқын нағыз даусыңды
Ғашық қып барлық адамды.
Жайып сал бізге бар сырды,
Сілкінтіп енжар санамды.*

*Танытқын мінез-құлқыңды
Қазаққа ғана жарасқан.
Билегін ерік, ырқыңды,
Пендедей болма адасқан.*

*Шуақты мынау әлемде
Жолыңды тапқын ерекше.
Естілсін үнің бар елге,
Бітімің жетіп бөлекше.*

*Өзіңе деген тілектің
Шегі жоқ шығар, тұңғышым.
Мендегі нәзік жүректің
Тартуы – осы жыр-кұсым!*

ӨКІНІШ

*Артымда қалған бір белгі –
«Ұлағат» ізім сияқты.
Итшілеп әрең күнкөрді,
Соны ойлап жасым жиі ақты.*

*Өгей ме тәлім-тәрбие
Базарлап кеткен қоғамға?
Болады қашан мәнге ие,
Қарайтын жан жоқ обалға.*

*Осы дерт жеді миымды,
Баспаған тауым қалмады.
Ұққандай дөкей мұңымды,
Нар іске бірақ бармады.*

*Осылай біздің жағдай,
Ерлер аз қазір намысты.
Өткенді жүрміз танымай,
Өзді-өзі қазақ алысты...*

ҚАЗАҚ ДАУСЫ

*Тарихы жазылған құдірет күйіңде,
Даналық жыр жатыр бал тамған тіліңде.
Азаттық аңсаған «Елім-ай» әнімен
Халқымыз қол созды Бақытқа бүгінде.*

Қайырмасы:

*Атанған барша жұрт анасы
Жасасын, мәрт қазақ даласы!
Төсінде еркелеп өссін тек
Бауырмал адамзат баласы!*

*Батыс та, Шығыс та еріксіз санасқан
Әділет күші зой Теңдікке жол ашқан.*

*Біз үшін басты арман – қуатты ел болу
Ынтымақ, Достығы мәңгілік жарасқан.*

*Жер-Ана жүрегін ауыртып алмайық,
Ұрпақтан ұрпаққа Өмірді жалғайық.
Тәуелсіз Туымыз Ғарышта желбіреп,
Бейбіт Күн астында Қырандай самғайық!*

БОЗ ҚАСҚА БЕСТІ

*Аламан бәйге Ойықтың жазығында,
Сіңгендей тұлпар тұяқтың сазы құмға.
Қаптаған халық қиқулап үн қосады,
Байлаулы аттың айналған назы мұңға.*

*Намыстың оты көзінде жанғанында
Көсіле шапты ақырғы айналымда.
Байқайтын шығар қыран да өз шамасын
Тәуекел етіп қияға самғарында.*

*Бір-бірін кілең жүйріктер алға оздырмай,
Ұшады құстай, тұра алмас қан қоздырмай.
Қазақтың қара домалақ балалары
Ұрандап өтті, ел жоқ-ау қызба мұндай.*

*Жазықсыз жердің апишысы қуырылып,
Боз қасқа бесті шықты алға суырылып.
Шаттығы бөлек баланың үстіндегі,
Қарасқандай ма Құдайдың күні күліп?!*

*Десек те мейлі, озады тұлпар мыңнан,
Боз қасқа бесті жаққа бұл жұрт ағылған.
Қызықтап жатыр барлығы қуанышын,
Сүйсіне қарап қыздар да гүл тағынған.*

*Айырылса да атбегі бар малынан,
Санайды артық жүйрігін өз жанынан.
Иесі бесті жеңістен басы айналып,
Сүйеді ессіз тұлпарын маңдайынан.*

*Есігі ашық әрдайым адал досқа,
Бақытты кісі жоқ қазір одан басқа.
Осылай бәйге қосқаның алып жатса,
Еріксіз толар көзіңнің шарасы жасқа.*

*Өмірде мен де бір жүйрік мәпеледім,
Үзбеген шығар үмітін бекер елім.
Арғымақ жырым, шіркін-ай, оқ бойы озып
Бәйгеден келсе, армансыз өтер едім!*

ТҰЛПАР ЖЫРЫМ

*Саған бүгін сырым көп ақтаратын,
Әркім қосқан атымен мақтанатын.
Бауырыңды шын жазып көсілгенде,
Жүрегім бұл рақат шақ табатын...*

*Жарасады тұлғаңа кер төбелің,
Оңашада жарымдай еркеледің.
Жүрмесін тек Батыраш, Қотыраштар
Жолыңды аңдып астында бір төбенің.*

*От тұтатып жанардың білтесіне,
Шыққанымда ағызып қыр төсіне,
Ырза болса болғаны туған елім
Ұшқан құстай аяқты сілтесіңе.*

*Сыры мәлім өзгені пірім демен,
Жабылардың тұяғы іріңдеген.
Өткен күндер шаппаған құмар қанбай
Өзегімді өртеген, тілімдеген.*

Өмір – бәйге, барлығы бақ сынаған,
Қалған жанның жанарын жас шылаған.
Шабар кезде еңсесін тік көтеріп,
Тұлпар емес, көкке бір шапшымаған.

Қара көріп алдымнан тебінгенде,
Намыс болып төгілер терің жерге.
Әлі күнге кетпейді құлағымнан
Деген даусы әкемнің: «Кейін келме!»

Ей, жігітім, болғанмен атың алда,
Басып озып кеткенде қапы қалма.
Асыл анам деуші еді: «Құлыным-ау,
Шарабынан азғындық татып алма!»

Қос шырағың отты үміт көтергенде,
Бүркіт денем сілкініп кетер демде.
Қос құлақты жымитып тыпыршумен
Бәйге күтіп жүрмісің өтер дөңде?..

Аман болсақ, көресің мың бәйгіні,
Құлагердей жүйрік бол елге әйгілі.
Әлемдегі өзгеріс атаулыны
Қалт жібермей ақынның жырлайды үні!

«Күнделікті тірліктің
Күйбеңінен босамай,
Өмір өтіп келеді», –
Деп еді бір дос ағай.

Мен де солай күнелтіп,
Түк бітірмей келем бе?
Осы бір ой мазамды ап,
Тіл қатамын өлеңге.

*Мүмкін ақын болармын,
Мүмкін ақын болмаспын.
Жүрегімнің ұққаны –
Жырмен мәңгі жолдасын!*

КЕШІРМЕГІН

*Маған деген пейіліңді
Мен көзіме ілмей өтсем,
Ыстық құшақ, мейіріңді,
Қадіріңді білмей өтсем,
Кешірмегін, жан досым!*

*Кілті жұмбақ тас қамалдың –
Жүрегіңде жұдырықтай.
Күндей нұрлы қос жанардың
Жүрсем егер сырын ұқпай,
Кешірмегін, сүйіктім!*

*Әділдікті жақтай алмай,
Бұғып қалсам бас көтермей,
Ақ сүтіңді ақтай алмай,
Үміт оты қалса өтелмей,
Кешірмегін, жан анам!*

*Тани алмай оң-солымды,
Шын білімсіз надан болып,
Арманыңды, өр жолыңды
Жалғамасам адам болып,
Кешірмегін, жан әкем!*

*Текке өткізсем өмірімді,
Бағаламай жас шағымды,
Таныта алмай өз үнімді,
Кетсем ойлап бас қамымды,
Кешірмегін, туған ел!*

ШАБЫТ

*Кернеп кейде бойымды
Сезім күші билейді.
Шашыраңқы ойымды
Ақ қағазға сүйрейді.*

*Түр-түсін де, мекенін
Көре алмайсың жақыннан.
Шабыттың не екенін
Сұрау керек ақыннан.*

КЕЙДЕ

*Кейде жүрем алаңсыз күн өткізіп,
Самалына бойымды кіл өпкізіп.
Кейде өлең баурайды-ау шымырлатып,
Тыныш жатқан жүректі дір еткізіп.*

*Кейде жүрем көп ойдың жетегінде
Қалдырсам деп мол мұра кетерімде.
Кейде ойлап босқа өткен күндерімді
Толтырам деп әлек боп өтемін бе?*

АҒАЛАР

*Шетке қақпай, тірлікте көп елеген,
Өздеріңнен жерім жоқ жекелеген.
Қысылғанда қол ұшын беріп тұрып,
Сенімдерің қияға жетелеген.*

*Қанша ышқынып соқса да жел өкпеден,
Қиындықты сендерсің елетпеген.
Түсінемін ... ыстық от жүректерің
Жігерімді құм етіп, жер етпеген.*

*Шалыс басып жүрсе де тентек інің,
Көтердіңдер салмағын, еркелігін.
Күнім күліп тұрғанда ойламаймын,
Үземін деп өмірдің ерте гүлін.*

*Жігіт емес шыңға тік беттемеген,
Алдын кесіп үлкеннің өткен емен.
Айналайын, ағалар, нар кеуделі,
Үміт үзе көрмеңдер текке менен!*

СӘЛЕМ, АРУ ЫСТЫҚКӨЛ!

*Көркіңмен мынау балдырған
Жарқ етіп шықтың алдымнан.
Қарайды саған сұқтанып,
Автобус толы барлық жан.*

*Қызықтап сыртқы тұлғаңды,
Жанарда ойлы сыр қалды.
Сол сырды қосып жырына,
Жүрегім күндей нұрланды.*

*Тұра алмас толқын шапшымай,
Айналаң – жасыл бақ шырай.
Бөктері кілем тауларың
Күзетте тұрған сақшыдай.*

*Ән-күйің тербеп далаңды,
Қыздырған биші алаңды.
Бөлеген тәтті қылыққа
Жайдары жүздер жағаңды.*

*Төккен күн нұрын мейірмен
Келгендей ғажап сейілден...
Қарсы алдың бізді осындай
Думанды жарқын пейілмен!*

ПОЙЫЗДА

*Жолға шықтым ауылымды сағынып,
Мініп жатыр жолаушылар ағылып.
Жүрді пойыз алға жылжып ақырын,
«Қош!» - дегендей есігі де жабылып.*

*Көңіл шіркін әрбір саққа жүгіріп,
Еске түссе кейбір ойлар түңіліп...
Көргім келіп даланың бар қызығын,
Отырмын мен терезеден үңіліп.*

*Енді бір сәт бел-белесті қалдырып,
Жүйткіп келем кең жазықты жардырып.
Жаңа ғана нұрын шашқан күн көзі
Алыпты зой басын бұлтқа шалдырып.*

*Күткендей-ақ жауын жауды себелеп,
Рақат бір осындай кез не керек!
Ақ шаңы да қара жолдың басылды,
Нәр алып тұр жантақ, жусан, ебелек.*

*Келем ағып жүйрік аттай шапқылап,
Тасып жатыр кеудемде жыр атқылап.
Естіген бе, көңілімнің күйлерін,
Мына жаңбыр неткен өзі саққұлақ!*

*Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген,
Өлімді ойлап біреулер дірдектеген.
Табиғаттың бұрыннан заңы солай,
Арам ойлы жандарды гүлдетпеген.*

*Ғұмыр берген ғасырдан асырмаған,
Бірақ жүрек ажалға бас ұрмаған.
Шіркін, дүние-ай, әйтсе де тәттісің-ау
Қызығыңды жалғанда жасырмаған.*

*Туғаннан соң шараң жоқ ойланбасқа,
Біреулердің ісі жоқ тойдан басқа.
Біреулерді жаратқан мінезді етіп,
Ақымақ қып кей жанды қойған баста.*

*Жүрсе біреу білімге құмарланып,
Болашақтың жолына шырақ жағып.
Біреулер жүр екі жеп биге шығып,
Алдап соққан түлкідей бұлаң қағып.*

*Зер сап көрсем, қу тірлік қайшылықта,
Мән бермейді екенбіз жайшылықта.
Ей, адамдар, қырқыспай бір-біріңмен,
Мейірім құй жас ұрпақ – талшыбыққа!*

КЕЛЕР КҮНДЕР

*Айқара ашқан анамдай жыр құшағын,
Келер күндер, жақ шабыт нұрлы шамын.
Бал ернінен бағыңда сүйіктімнің
Жүрегіме құйылар тұңғыш ағын.*

*Келер күндер, сендерсің – кезім өсер,
Түсінбейді-ау өмірдің көбін есер.
Найзағайдай жанарым жарқылдайды,
Болар, сірә, кеудемнің көгі нөсер.*

*Келер күндер, сырыңды жасырмағын,
Тауды қолда ойнатар жасымдамын.
Жауың болса іргені түріп келген,
Көзім тірі тұрғанда бас ұрмағын!*

АРМАН

*Ей, Арман, ұяладың жүрегіме,
Сенсіз бұл адам өмір сүреді ме?!
Тәп-тәтті қиялымсың бала кезден
Балқытып сіңіп кеткен сүйегіме.*

*Ей, Арман, соншалықты биік пе едің,
Қол созсам одан әрмен биіктедің.
Осы бір мінезіңе қайран қалам,
Жандарға бос көкірек иікпедің.*

*Көп кездім Өзіңді іздеп жұлдыз көгін,
Ұқсатам саған сәтті жыр тізбегін.
Шаршармын, шалдығармын тіршілікте,
Сонда да аяушылық білдірмегін!*

ЖҮРСЕМ ДЕ МЕН ЖҮРЕГІМНЕН КҮЙ КЕТП

*Жүрсем де мен жүрегімнен күй кетіп,
Тістеп тілді, қос өкпемді сүйретіп...
Тіршіліктің күймесіне жегіліп,
Келем бірге өзімді-өзім үйретіп.*

*Алыс кетсем туған жерді сағынып,
Келем бірге толқынымен ағылып.
Қайда барсам аңсар ауып тұрады,
Табиғаттың заңына бұл бағынып.*

*Өмір жайлы жанарымда жыр тұнып,
Келем бірге ізгілікке ұмтылып.
Қыз мінезді өлеңіме осы бір
Бүкіл әлем қарайтындай ынтығып.*

*Маңдай терім тамған жерден гүл өсіп,
Келем бірге шындық үшін күресіп.*

*Құдіретті Әділеттің алдында
Зұлымдықтың сағы сынған үні өшіп.*

*Қалып қоймай көлеңкеде жырылып,
Келем бірге шуағына жылынып.
Келем бірге жаны адалмен достасып,
Қуыс кеуде пенделерден суынып!*

БАҚЫТ

*Бақыт деген немене, айтшы, досым, түсінсең,
Еңбек шығар жемісті, әлде балғын кез бе еді?
Лүпілі ме жүректің, аңғардың ба күшін, сен,
Шағым ба екен, бәлкім, ол өлең жазар кездегі?*

*Санайсың ба әлде, сен, әйелің мен ұлыңды,
Оралғанда жұмыстан мойныңа кеп асылған?
Санайсың ба әлде, сен, артық тапқан пұлыңды,
Әлде ішкен шарапты ар-ұятты жасырған?*

*Сәтің шығар ол сенің сүйіктіңмен жүздесіп,
Сүйем деуді айта алмай жанарыңды қашырған.
Әлде жетпес арман ба қуған босқа күн кешіп,
Ұшып кеткен құс па екен бір күн қонып басыңнан?*

*Мынау жарық әлемге күндей нұрын шашатын,
Бақыт деген, мен білсем, нағыз өзі шындықтың.
Жақсыларға үйір боп, ақымақтан қашатын,
Сол бақытқа тер төкпей жетіп көрші шын мықтың!*

*Бақыт деген немене, айтшы, досым, бар сырын,
Өп-өтірік аңқау боп, дым ұқпаған болмайық...
Бақыт деген қазіргі өміріміз бал шырын,
Сондықтан да біз оны қарашықтай қорғайық!*

КЕДЕЙЛІК

*Тірлікте қысымыңды көп көріппін,
Басымнан талай жайды өткеріппін.
Шалсаң да аяғымнан жанды қинап,
Өзіңе өршелене кектеніппін.*

*Өмірге енгенімде қасқыр маңдай
Алдымнан шықтың тағы қас қылғандай.
Саған бұл соншалықты не жазып ем,
Қақпасын кіріптарлық аштырғандай.*

*Сонда да мен өзіңнен жасқанбадым,
Тайған жоқ сенен үркіп бастан бағым.
Мықтысынған дәулерге иілмедім,
Керісінше, шалқайып аспандадым.*

*Ұғындым сен арқылы маңайымды,
Екеуміз сияқтымыз ағайынды.
Қусаң да ұстармын деп қыр соңымнан
Жігерім қақпаныңды қақ айырды!*

ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК ЖЫРЛАРЫ

*Ей, жүрегім, ендікпе
Тапқаныңда жол жаңа.
Абайсызда мертікпе,
Бар тілегім сол гана.*

*Соға бергін тынымсыз
Бір қалыпты жүйеңде.
Осы бір күйі, жырыңсыз
Бұл өмірді сүйем бе?!*

*Бір қалыпты соқпайды
Бұрынғыдай жүрегім.
Бәлкім, ерте тоқтайды,
Соны ойлап жүдедім.*

*Қанша өмірім қалды екен,
Мынау нұрлы тірлікте?
Армансыз жан бар ма екен,
Боламыз-ау бір нүкте...*

*Сары уайым осындай
Жиі кеп жүр басыма.
Жолықпаса тосын жай,
Деймін қайрап: «Жасыма!»*

*Жасығанмен жоқ пайда,
Жігеріңді құм қылма.
Кеудең толы от қайда,
Үйір болма құр мұңға.*

*Қонағымыз бәріміз,
Табиғаттың заңы бұл.
Таусылғанша дәміміз
Тылсым сырын таны, біл.*

*Ұзақ жасау мақсат па,
Сыр айтады өткендер.
Ие болар жақсы атқа
Адал терін төккендер.*

*Сен де солай күн кешіп,
Жұрт сүйсінер із қалдыр.
Жатсын елмен тілдесіп,
Жүрегіңде қызған жыр!*

*Жолықтың ерте, жүрегім,
Жабысқақ кене кеселге.
Соны ойлап кейде жүдедім,
Мұңға орап күнді кешем бе?*

*Кешем бе, бәлкім, айызар,
«Үмітсіз – шайтан! – дейді зой.
Әркімнің күткен Айы бар,
Содан соң алса мейлі зой...*

*Жүрегім, сөйле, тоқталма,
Айтарың болса іркілме.
Мәңгілік сенде от бар ма,
Лаулатып өтер бұл күнде?*

*Ақтармай кенді тарқамас,
Құштарлық ыстық бойдағы.
Қақпасын таңның айқара аш,
Өмірге көзім тоймады.*

*Кетпейін босқа арманда,
Түбіне терең бойлағын.
Қыспақта талай қалғанда
Намыстың жүгін ойлағын.*

*Жүрегім, сөйле, қысылма,
Секілді ең батыл бұрында.
Тілімнің тұрған ұшында
Жасырған менен сырың ба?..*

*Өзім де сезем ол жайды,
Күндерді жылдар асайды.
Кім қалай алдын болжайды,
Тірлігін тірі жасайды!*

*Жүрегім, неге қамықтың,
Кетіпті-ау түсің бұзылып?
Өмірден әлде жалықтың
Қарайтын күнде қызығып?*

*Сезімің алдап соқты ма
Құдайдай сеніп келгенде?
Өзіңе біткен от мына
Қалды ма сөніп кеудеңде?*

*Бір досың, сірә, ұнамай
Қалдырған шығар көңілді?
Мұң тұнған жанар жыламай,
Құр іштей неге егілді?*

*Бұлардың бәрі кінәлі
Болған жоқ, сезем өзім де.
Табылмай сол жан жүр әлі
Жабырқау тартқан кезімде.*

*Сырыңды бірақ алдырма,
Болмайды бірдей барлық жан.
Жүрегім, босқа қайғырма,
Ашылар бағың алдыңнан!*

*Жүрегім-ай,
Тым ертерек кеселге жолықтың-ау,
Ойлап соны оңаша торықтым-ау.
Жыр бұлағы ашылмай қалар ма екен,
Бәрінен де сен содан қорықтың-ау.*

*Жүрегім-ай,
Өнбес іске құр бекер алаңдама,
Жетілді ме есейіп санаң жаңа?!
Әр нәрсеге күдікпен зер саласың
Бар сенерің болғандай қалам ғана.*

*Жүрегім-ай,
Кім біліпті, бұл ойың жалған шығар,
Тіл қатқандай жапырақ жайған шынар.
Уақытында көрерсің не көрсең де,
Тайдырмасын жолыңнан алдамшылар.*

*Жүрегім-ай,
Ғұмырыңның төлейтін қайда құны?
(Айтасың-ау тауып ап қайдағыны)
Көңіліңді босата бермеші тек,
Жырла одан да гажайып алдағыны.*

*Жүрегім-ай,
Басқаларға қарашы бір өзіңдей,
Жүр ме солар өмірді сүре білмей?!
Бәрі мұның мен үшін түк емес-ау
Жанып өтсең Баукеңнің* жүрегіндей!*

*Жүрегім, нені сезесің?
Тым баяу соғып барасың.
Өмірден қайтіп безесің?
Біртүрлі кейде қарасың.*

*Жүрегім, босқа таусылма,
Одан да көз сал ертеңге.
Бір діріл бар ма даусымда,
Көңілдің күйін шертем бе?!*

*Жүрегім, сергі, сыр берме,
Жетерлік жүгің онсыз да.
Құбылар талай күн демде,
Адасып кетпе жолсызда.*

* Бауыржан Момышұлы.

*Жүрегім, қайда шарқ ұрдың?
Қарашы, құдың ойын-ай...
Жан-жағын алды-артыңның
Ойлағын ешбір мойымай.*

*Жүрегім, бұлай қиналма,
Жеңген жоқ ешкім шындықты.
Өзіңде титтей ми бар ма,
Қарайды шыңға шын мықты?!*

*Бұл күнде жігіт болдым шаш қайырып,
Кететін қуат та бар тасты айырып.
Тағдырым еркелетпей, өмір сырын
Келемін жадымда ұстап, жастай ұғып.*

*Талпынам, арманым қол созамын,
Талқандап қиындықтың болса азабын.
Деп әлі көргенім жоқ: «Қызғаныштан
Біреуге озбырлықпен ор қазамын».*

*Арылсақ арам ойлы біз күдіктен,
Жер беті түлер еді-ау гүлді үміттен.
Көсегең көгереді, іңкәр дүние,
Мендегі қыздай нәзік ізгіліктен!*

*Көңіл күйім ауа райы секілді,
Кейде ашық, кейде жауар бұлттанып.
Қалай қарай ауган менің бетімді
Үлгерген жоқ тірлігімде жұрт танып.*

*Азды-көпті өмір сүру сөз емес,
Егер мәнді із жатпаса артыңда.
Көз жіберсем, ғұмырымның көбі елес,
Келем әлі қоңыртөбел қалпымда.*

*Мінсем деп ем жырдан жүйрік құла тай,
Ойлағаның болмайды екен үнемі.
Сәл сүрініп кетсең саған, ұят-ай,
Әлін білмей кей ақымақ күледі.*

*Жолына адам тосқауыл боп тұрмағын,
Онда, досым, мен Өзіңнен безінем.
Ұққан сайын қилы тағдыр жұмбағын
Өзімді ерте есейгендей сезінем.*

*Бақыт жайлы күндіз-түні ойланам,
Армансызбын босқа ұялып қалмасам.
Жетсем оған барды шашып тойла, анам,
Балам деме лаулап егер жанбасам.*

*Көп ойлаймын болашағын ұлтымның,
Қашан өзі жер екен деп жемісін.
Әке, қуан, құлы емеспін құлқынның,
Ұлым деме тер төкпесем ел үшін.*

*Дүбірінен кырдың төсі жаңғырған
Байқадың ба тұлпарымның шабысын?!
Соқсын мейлі дауыл қанша алдымнан,
Жібермеспін туған жердің намысын!*

ТАЛАСЫМ

*«Сен!» – деген көзімде
Тұр жанып сағыныш.
Дейсің бе: «Өзің де
Суымнан қанып іш».*

*Жүз аңсап толқыдым,
Ағасың «Кел!»- деумен.
Күй болып толқының
Төгілген кеудемнен.*

*Сол бір түн есімде
Жағаңда сырласқан.
Куә боп төсіңде
Тұрды ғой айлы аспан.*

*Сағынып болмаған
Шыдамым таусылды.
Хатымнан жолдаған
Естірме ең даусымды.*

*Сырыңды жасырмай,
Асылым, күт мені.
Сезім тұр басылмай,
Қойсам да нүктені!*

ОЙЫҒЫМА

*Қашанда тоймай қарар ойыныма
Жаһанда жер жетпейді-ау Ойығыма.
Төсінде ерке Талас сылаң қағып,
Заулайтын мені алып қойынына.*

*Кеңінен сыр тиегін ағытайын,
Мінгенмін талай тұлпар, жабы, тайын.
Тулаған Құлагерін өр кеудемнің
Жыңғылды жырасынан қарғытайын.*

*Есімде балалық шақ асық атқан,
Таласым арнасынан тасып аққан.
Өтуге арғы бетке жүзіп еркін
Қорқақтың жүрексініп басы қатқан.*

*Есімде ауылды да су басқаны,
Адамы әбігер боп шуласқаны.
Сазаны асыр салып жалт еткенде,
Қызығып көзін тіккен нұрлы аспаны.*

*Бүгінде суы да жоқ баяғыдай,
Жылтырап әрең жеткен аяғына-ай.
Қинала көшкен қаңғып жұрт қалаға,
Базардан тауып жеп жүр тамағын-ай.*

*Қалғаны ата-атаға бөлініпті,
Ертеңін елестете алмай көңіл күпті.
Шығыны егінінің еңсені езіп,
Малының ыңыршығы көрініпті.*

*Байқаймын, күйі төмен ел жүдеген,
Алауыз тіршілігі жанды жеген.
Үйінде отағасы бала бағып,
Жастары жұмыс таппай тентіреген.*

*Соны ойлап жаным қатты ауырады,
Білмеймін, емі қашан табылады.
Қол ұшын беруге бұл шамам келмей,
Амалсыз ұлың іштей қамығады,
Амалсыз ұлың іштей сағынады...*

АНА ТІЛІМ

*Мойындатып жүрегімнің қуатын,
Сенің арқаң – болсам егер шын ақын.
Сонда да бір көтере алмай еңсемді,
Кездерім көп менің іштей тынатын.*

*Сол жөнінде айтайын бар ойымды,
Бас жоқ жерде ұзу оңай мойынды.
Бұрын бәрін Ресейден көруші ек,
Ешкім де емес енді қаққан қолымды.*

*Барлығына Өзіміз тек кінәлі,
Кеудеміздің қалықтайды құр әні.
«Бәйге атындай аңқылдаған» қазағым,
Бірін-бірі жамандаумен жүр әлі.*

*Бір «мықтысы» жұртты тонап жоғалды,
Бір «мықтысы» тапты содан ажалды.
Бір «мықтысы» дүниені шулатып,
Құрмақ ғажап «Азаматтық қоғамды».*

*Тербелсін деп тыныштықта талбесік,
Соңдарынан будақ-будақ шаң көшіп,
Қорғаны ойында жоқ пақырдың
Кең даламды батырлары қан кешіп.*

*Билей алмай бір басының тағдырын
«Мерседесте» шалқақтайды боқмұрын.
«Жаңа қазақ» есепшотқа шетелдік
Салып қойған жиган арам долларын.*

*Естілмесе жырау жыры үйінен,
Түк түсінбей өтер ұлттық күйінен.
Біреулері мансап үшін жан жалдап,
Безіп кеткен бабасының тілінен.*

*Сайрайтыны шырқап орыс тілінде
Сені төрге оздырмауда бүгінде.
Осылардың кесірінен, қайтейін,
Қайғы табы білінеді үнімде.*

*Рушылдық өртіне әбден шарпылған
Солар қазір Сені қысқан алқымнан.
Санайтыны қайнатады қанымды
Байлығы мен шенін артық халқымнан.*

*Солар қазір – басты жауың тірлікте,
Өмір қалай өзгерерін білдік пе?!
«Азаматтық қоғам» құрып алса егер,
Бүкіл қазақ қалды дей бер күңдікте.*

*Бұл қоғамда, Ана тілім, құрыдың,
Шыр-шыр етіп жылап жүрер құлының.*

*Қайран халқым,кебін киіп үндістің,
Біржолата үзіледі-ау жұлының...*

*Сондықтан да, Ана тілім, бой берме,
Намыстандыр ұл-қызыңды шерменде.
Атар таңың айналмасын азапқа,
Соны ойлап дөңбекшимін мен кейде.*

*Сондықтан да, Ана тілім, қалғыма,
Көз жібергін, тіпті, бұдан арғыға.
Жарастырып алуан ұлттың баласын,
Бәйтеректей тамырыңды жсай мына.*

*Болашақ жоқ берекесіз даулы елде,
Болады екен ондай жерің кенде ерге.
Сен арқылы ой салғаным бұл менің
Дәл бүгінгі билік құған дәулерге!*

ЖАС ТҮЛЕКТЕРГЕ

немесе

*Абай атындағы Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете
оқытатын республикалық мектеп-интернаттың соңғы
қоңырауында оқылған өлең*

*Өмір – өзен ағып жатқан тоқтамай,
Сол өзенде көрер адам бақ талай.
Кейбір пенде білімі аз бойында
Батып кеткен ел сенімін ақтамай.*

*Өмір кейде жанған оттай секілді,
Абайламай шоғын басқан өкінді.
Жүргендер бар шықпаса аты жер өртеп,
Әлі жетсе жармай алар өтіңді.*

*Өмір – орман толы қалың ағашқа,
Ну орманда босқа қаңғып адаспа.*

*Бұл өмірдің тәттісі де, ащысы
Жеткілікті бәрімізге, таласпа.*

*Өмір – мұхит буырқанып долданған,
Сол мұхитта адам қатты толғанған.
Күштілері жүзіп өткен қасқайып,
Әлсіздері құшағында қорланған.*

*Өмір, сірә, таусылмайтын бел-белес,
Адам оның бейнетінен кенде емес.
Төзімдісі мұратына жетіпті,
Төзімсізі бастан кешкен құр елес.*

*Сондықтан да, жас түлектер, шын айқын,
Бір белестен өтесіңдер сынайтын.
Белес аты – «Кәметтік аттестат»,
Жолдамаң сол алдағы өмір сұрайтын.*

*Табылғанды сонау биік өреден
Жұрты сыйлап, арқашан да елеген.
Сол жолдамаң төрт пен беске толсын тек,
Көрген көзді қуанышқа бөлеген.*

*Тілегі осы әкеңнің де түздегі,
Тілегі осы анаңның да үйдегі.
Тілегі осы ұстаздардың айтатын
Дәл бүгінгі толқып тұрған күйдегі!*

*Менің де айтар тілегім бұл сендерге,
Сыр бермеңдер небір қиын белдерде.
Ең бастысы – болғын нағыз азамат
Иманы зор, ал жауына – ер кеуде!*

26 мамыр, 2008 жыл.

ЕЛУ ДЕГЕН – ТІРЛІГІМНІҢ БЕЛЕСІ!

*Елу деген – тірлігімнің белесі,
Қалды-ау артта балалық шақ кемесі.
Кім біліпті, енді елудің алдағы
Көріне ме, көрінбей ме төбесі?!*

*Бірақ маған арман емес ол аса,
Берер өзі Құдай егер қаласа.
Бақыттымын, азын-аулақ еңбегім
Өз елімнің кәдесіне жараса.*

*Біреулердей қуғаным жоқ байлықты,
Місе тұттым қолға тиген айлықты.
Екі ұлымды адалдыққа баулыдым,
Ал жан жарым бастан кешкен жайды ұқты.*

*Еш жамандық жасамадым адамға,
Сүйендім тек от жырым мен қаламға.
Ер мінезді жүректерге жақындап,
Жоламадым арамза мен сараңға.*

*Болашаққа болуменен құр алаң,
Көрдім небір ауыр жолды бұралаң.
Байды ойласам теспей сорған халықты,
Көз алдымда аш қасқырдай тұрады аң.*

*Тілім үшін сағым сынып сандалған,
Мен де өтермін мынау қиын жалғаннан.
Тағдырына ауырамын, қайтейін,
Қазағымның қуға оңбай алданған.*

*Пендемін зой, пенделікпен мен бүгін
Тойламақпын Елуімнің мұң күнін.
Десем-дағы, дәм татыңыз тойымнан
Сыйлап аппақ көңіліңіз ән гүлін!*

АЛПЫСТЫҢ ЕСЕБІ

*Білгі еріп байлықтың елесіне,
Түспей құрғыр қатемнің көбі есіме.
Келдім мен де өзгелер жүріп өткен
Алпыс деген өмірдің белесіне.*

*Жақсы адамдар жарқырап қалды ойымда,
Не бар дей ме кей құлар шал бойында?!
АҒАЛАРЫМ, ДОСТАРЫМ, ІНІЛЕРІМ,
Есеп берем мен бүгін алдарыңда.*

*Көрмесем де Алтайдың арғы бетін,
Білмесем де елімнің барлық шетін,
Мен де кештім тым ауыр тіршілікте
Бәріңе тән тұрмыстың тауқыметін.*

*Мен де өзімше жар сүйіп үйленіппін,
Бұрын-соңды болмаған күйге еніппін.
Мақтан етіп өсірген екі ұлымды,
Еңбегіме сүйеніп күн көріппін.*

*Жақпаса да біреуге жан бағысым,
Жоғары тұр бәрінен ар-намысым.
Қайран менің лашығым – құт мекенім,
Үш немерем – қызықты алданышым.*

*Айқара ашып әрқашан есігімді,
Бола білдім пендеге кешірімді.
Үш жұрналым – тындырған бар жұмысым,
Сол үшеуі өшірмес есімімді.*

*Содан кейін жыр жаздым ғұмыр жайлы,
Жақын тарттым құдайдың түнінде Айды.
Өзегімді өртеген шіркін өлең
Көмейімде тілім деп шырылдайды.*

*Өйткені бұл тілімнің халі нашар,
Тілін тепкен өзінің артын ашар.
Көтере алмай Үкімет тілдің туын,
Ұялшақ қыз секілді бетін басар.*

*Қалтыраған далада мен де шимін,
Болашақты ойласам күнде өксимін.
Жас ұрпақтың тағдыры алаңдатып,
Ұйықтай алмай түнімен дөңбекишимін.*

*Қарап тұрам қызыға күй біткенге,
Шайлығыпты жүрегім биліктен де.
Өмір сүріп келемін бұқпантайлап,
Серік болып ез басы иліккенге.*

*Сондықтан да сыртымнан сөкпе, ағайын,
Ар сотында қалайша ақталайын?!
Иш қазандай қайнайды, дәрменім жоқ,
Ерлігінен жастардың бақ табайын.*

*Созан ғана артамын үмітімді,
Исем бе екен ұмытып күні-түнді?..
Туған елім, тек Өзің кешіре гөр,
Мендей мынау боркемік жігітіңді.*

*Ең бастысы – халқымды алдамадым,
Біреулердей жанымды жалдамадым.
Батырмадым тіземді тірі жанға,
Шығатұғын түрі жоқ таңдамалым.*

*Десем де өзім, жоқ өкпем өміріме,
Қарап келем адамның көңіліне.
Өкінерім – қиналып әрең барам
Анда-санда туған жер өңіріне.*

*Болар, бәлкім, тірлігім – әлсіздігім,
Зулап өтіп барады мәнсіз күнім.*

*Оған ешкім кінәлі емесі анық,
Білем бірақ өлеңсіз – сәнсіз жүгім.*

*Осы болды есебім алтысымда,
Ағар ма екен шыдамай қан қысымға?..
Ғұмырымның сайраған ізі жатыр
Маған берген жұртымның Алғысында!*

ЕКІНШІ БӨЛІМ

МАХАББАТ АРАЛЫНДА

*Бола білші шын бағым,
Өмірімнің өзегі.
Мәңгі сені жырладым,
Кеудемнің пәк өзені.*

*Лүп-лүп сокқан жүрегім,
Менен ешбір сыр бүкпе.
Тілер жалғыз тілегім:
«Мөлдіреп ақ тірлікте!».*

*Жазылған бұл күйімнен
Бойымдағы қаныммен,
Тек өзіңе жүгінген
Тұлғамды көр жаныңмен.*

*Жанса лаулап от мықты
Екеумізді күйдірген,
Басқа арманым жоқ тіпті,
Алды болжап кім білген?!*

*Онда біздей бақытты
Жандар неден кенде еді?!
Таң сарғайып атыпты
Сағыныштан мендегі.*

*Ойлама, жаным, сен мені
Жан ба деп жұрдай сезімнен.
Бір өзің – жүрек сенгені
Жолыққан сонау кезімнен.*

*Жанымды ұқ менің, ақ таңым,
Бақытсыз болар сүймеген.
Көңілсіз жүрген шақтарың
Маған да жайлы тимеген.*

*Түсіну қиын өмірді
Түбіне терең бойламай.
Кеудемнен сыр күй төгілді,
Күнім жоқ өткен ойламай.*

*Білмеймін анық Өзіңдей
Тәңірді енді табам ба?!
Тұрарсың мәңгі көз ілмей,
Жұлдыздай жанып санамда!*

*Санамда ойлы сұлу көркің қалып,
Барады ғашықтықтан дертім жанып.
Жанымды билеп-төстеп еркелігің,
Отына күйдірді зой еркімді алып.*

*Жүрегім секілдісің дүрсілдеген,
Сені ойлап жігіт жоқ-ау күрсінбеген.
Өзіңді құлай сүйдім, иланыш тек,
Бойыма ішкен асым бір сіңбеген.*

*Мүсінің көз алдымда ыргатылған –
Сыры бұл жанарымның жырда тұнған.
Бір қыздар арман етіп жүрсе мені,
Қол жетпес шынарымсың шыңда тұрған!*

*Серуен құрып шаттықтың ауласында,
Жүрміз, сәулем, түсімде бау қасында.
Иығымнан асылып қарағаның –
Күн секілді жымыған тау басында.*

*Оттай жанған қос жанар шырағындай
Нұрландырып түнімді тұр Айымдай.
Сен деп соққан кеудемнен жыр шығады
Алатаудың мөп-мөлдір бұлағындай.*

*Гүлге Өзіңді баласам жараспайды-ау,
Сен сияқты еркелеп таласпайды-ау.
«Тар жол, тайғақ кешуді» бірге өткізіп,
Базарында өмірдің адаспайды-ау*

*Теңеу таппай отырмын сондықтан да,
Жетпейді екен ештеңе жанды ұққанға.
Сені іздедім алаңдап қу тағдырдың
Тепкісінен жүрегім шайлыққанда.*

*Сағыныштан қос жанар шуақ төгіп,
Ізгілікті мәңгілік мұрат көріп,
Жүрсек, қалқам, жүректе арман бар ма,
Бірімізге біріміз қуат беріп?!*

*Кеудемізден ақсын тек бұлақ тұнық,
Пір тұтарым – сендегі тұрақтылық.
Бұдан басқа байлығың кеткен кірдей,
Көргенді жан жасамас ұят қылық.*

*Осы менің – өмірде бар арманым,
Саған лайық еш теңеу таба алмадым.
Сен жоқ жерде көңілім көтерілмей,
Сен бар жерде жанады жанар бағым!*

*Күн көзіндей нұр төгіп көңіліме,
Өміріңді жалғадың өміріме.
Содан бері келеміз жұпты жазбай,
Тағдыр бізді о баста теліді ме?!*

*Жүрегімді билеп ап еркелігің,
Бақыт күйін жанымда шертеді үнің.
Күнде осылай бөлеп тек шаттығына,
Сәнбесе екен тірлікте ерте Күнің!*

СҮЙГЕН ЖАРҒА

Өмірімнің болса да біразы мұң,
Жарым, саған өз басым разымын.
Өйткені мен жинадым сен арқылы
Кеудемдегі қуатты жыр азығын.

Арты бейнет, ырыс-құт алды мына
Өкпе айтуға қақым жоқ тағдырыма.
Бірге төзіп келесің дауылына,
Қабақ шытпай ызғарлы жаңбырына.

Екі бірдей ұл беріп маңдайыма,
Ұялаттың жыр құсын таңдайыма.
Бойыңдағы гажайып намыс отын
Айырбастай алмаймын бай малына.

Шыдай алмай жоқтықтың күйігіне,
Өршелене ұмтылам биігіме.
Ең болмаса тәуірлеу бір көйлекті
Кигізбеппін, қайтейін, иініңе.

Жақсармай-ақ қойды-ау бұл тұрмысымыз,
Қыспағында мұқтаждық күз, қысымыз.
Жазымыз да мәз емес, көктем күйсіз,
Ал өзіміз қайыршы құрбысымыз.

Сонда да шын салынбай уайымға,
Үмітімді жандырдың шырағымда.
Шабыт сыйлап ып-ыстық алақаның,
Жеңдік қатал тағдырдың сынағын да.

Сондықтан да сүйемін мен Өзіңді,
Жұлып берер жарымсың өзегімді.
Ақылыңнан айналдым мына сенің
Таза ұстаған асаулау өзенімді!

ЖАН ЖАРЫМ

*Әркімге бір ұрынған жас шағымда
Күндей сұлу нұр шаштың аспанымда.
Алғаш көрген сәтімде-ақ құлай сүйдім,
Тұрды бейнең жарқырап бас жағымда.*

Қайырмасы:

*Құдай қосқан жарымсың,
Күнде атар таңымсың!
Махаббаттан жаралған
Мәңгі сөнбес жалынсың!*

*Маған қонған құлпырып,
Басымдағы бағымсың!*

*Отау құрдық жарасып көңіліміз,
Ғашық сезім – сүйенген серігіміз.
Жаздай жайнап, ешкімге сыр бермедің
Қанша ауыр болса да өміріміз.*

*Нұрлы өңірге кең жайған керегені
Бүгінде біз жандармыз немерелі.
Шүкір дейсің Алланың бергеніне,
Тәтті әжесің керемет өнегелі!*

АРНАУ

*Жанымыз бір тіршілік кемесінде,
Арманы жоқ қалғанның ел есінде.
Қызғалдақтай құлпырып көз жауын ап,
Тұрсың, қалқам, отыздың белесінде.*

*Шыққан күндей нұр төгіп жадыраған,
Құтты болсын отызың балбыраған.
Тағдырыма ырзамын жолықтырып,
Сыйға тартқан өзіңдей жарды маған.*

*Бастауы боп кеудемнен аққан жырдың,
Мінезіңмен қылықты шаттандырдың.
Ашу айтқан кезімде басу айтып,
Көлеңкелі тұстардан сақтандырдың.*

*Жоламайсың шаптығып ұрысуға,
Жол іздейсің қашанда ұғысуға.
Кейбіреудің армансыз әйеліндей
Мала алмадым қолыңды жылы суға.*

*Қанағат қып әкелген айлығыма,
Қызықпадың өзгенің байлығына.
Елемедің қолымның қысқалығын,
Қабақ шытпай өмірде жайлы мына.*

*Көңілімнің базарын таратпаған,
Ақ пейілің мәңгілік қанат маған.
Қиындықтың алдында босаңсыған
Сәттерімді жүрегің жаратпаған.
Таптатпадың дұшпанға намысымды,
Дәмеленген талайдың сағы сынды.
Жігер берді ып-ыстық мейірімің,
Жақын етіп көз жетпес алысымды.*

*Сазға толы даусыңнан наз арылмай,
Магниттей тартатын ажарыңды-ай!..
Сен туған күн айналған мерекеме,
Тілерім тек: «Толысқын жаз айындай!»*

«ЖАНЫМ!» ДЕГЕН БІР АУЫЗ СӨЗ – АЛҒЫСЫҢ

*Туа біткен ару едің қылықты,
Пенде емессің бұзуға әуес шырықты.
Менің мынау алай-дүлей күйімді
Түсінгенің жүрегімді жылытты.*

*Бір басыма жеткілікті қырсығым,
Алдында адал ақылыңның тыншыдым.
Мойындамай тоңмойындық кінәмді,
Күні бұрын байбалам сап ыршыдым.*

*Естілсе де ыдыс-аяқ сылдыры,
Жуып-шайды пәк күлкіңнің сыңғыры.
«Тентегіңе» кешіріммен қарадың,
Қолыңда ойнап асау тұлпар шылбыры.*

*Бас иемін кейде өзімше ақталып,
Бәйек болам біраз сырды ақтарып.
Тіршілікте тапқаныма Өзіңді
Жүрем іштей тәубеме кеп мақтанып.*

*Көрем деумен мені сонау өрде кіл,
Өсіресің терді төгіп жерге гүл.
Бағып-қақтың Күмісжандай анамды,
Саған ырза қарындасым Кенжегүл!*

*Газет оқып сұлап жатам теректей,
Үйге жетем ісіп-кеуіп көнектей
Әлі күнге тәрбиелеп келесің
Екі ұлыңды ешкімнен де кем етпей.*

*Туған-туыс, ағайыңға жайлысың,
Біреулердей түнермейсің, Айлысың!
Күңдей жайнап өмірімді жаз қылдың,
«Жаным!» деген бір ауыз сөз – алғысың!*

*Сендей жарға кезігем бе, әй, қайдам?!
Түкке аспады-ау қутыңдаған назды айлам.
Қазыбек пен Зейінің, Айзерең мен Бекарыс
Айналаңда шапқылайды маз-мейрам!*

*Бұдан артық бақыт бар деп білмедің,
Күншілдердің өзін көзге ілмедің.*

*Отбасының ошағында жалықпай
Маздап жанған қоламтасын үрледің.*

*Осылайша, жаным, сенің арқаңда
Басып жүрем емін-еркін талтаңға.
Сауық-сайран салып шалғай кетсем де,
Жарқын жүзің қарсы алады қайтарда!*

АҚ ҚҰБА ҚЫЗ

*Қолға қонған құсымсың, ақ құба қыз,
Екеуміз де осы жыр шақты ұғамыз.
Күн көзіндей нұр төксек қос жанардан,
Жұрт қызығар жасаймыз бақты нағыз.*

*Тіршілікте тасып той тойламағын,
Дүниеге қызықпа, ойламағын.
Қабәқ шытпай, шіркін-ай, өмір сүрсек,
Шашып өтем жолыңа қолда барын.*

*Қайғы-мұңға батырмай қой көзімді,
Қысыма да, жазыма бол төзімді.
Көңіліңді қалдырсам біржолата,
Жоғалтқаным тірідей онда Өзімді!*

82-БӨЛМЕ

*Сүйкімдісің мен үшін сүйіктімдей,
Қарсы аласың сен бірге күліп Күндей.
Екеумізді көзіңмен ұзатып сап,
Тұрушы едің кеудеңе күдік кірмей.*

*Санаған соң ең жақын сырласымдай,
Шынымды айтам өзіңнен сыр жасырмай.
Жолым болмай кей күні қайтқанымда,
Қоштасушы ем мұңайып қимасымдай.*

*Балқып еріп жанымның бағы құшқан,
Жаралдың ба мендегі сағыныштан?!
Саған қарай қанатын қағады ылғи
Жыл құсындай жүрегім алып ұшқан!*

*Шығарып салдың ауылға:
«Келгін, – деп, – жайлы тынығып».
Өзіңді тартып бауырға,
Аттандым жаным жылынып.*

*Жатырмын, міне, демалып,
Төрінде туған даламның.
Ойыма ылғи сені алып,
Қасыңа үнсіз барам мың.*

*Бір апта маған жасырдай
Көзіме ұзақ көрінді.
Сырымды айттым жасырмай,
Түн ұйқым төрт-бес бөлінді.*

*Жағып ап ойдың шырағын,
Түсірдім еске өткенді.
Күні ертең жолға шығамын
Аңсаған құстай көктемді.*

*Қарсы алғын сонда жайраңдап,
Мойныма келіп асылып.
Қарасын көрген қайран қап,
Қызғанса, іште жасырып*

*Кеудемнің әрбір жыры – гүл,
Мәпелеп өсір суарып.
Мен өскен жердің сыйы бұл,
Қабыл ал, қалқам, қуанып!*

*Үнсіз ғана жанардан
Айтар сырды ұғындың.
Бір сен – мендік бар арман,
Жалынысың жырымның.*

*Маған деген назыңнан
Бақытымды көрем мен.
Жүрегіме жазылған
Атың мәңгі өлеңмен.*

*Мені жіпсіз байлаған,
Бәлкім, болар пәктігің.
Бұлбұлым боп сайраған
Күйге бөлеп тәтті үнің.*

*Еркелетпей тағдырым
Ерте есейтті, о несі?!
Күлімдеген таң нұрым,
Шуағыңа бөлеші!*

*Бұлбұлым, жүректен жыр ағылғаны –
Әнің мен Өзіңді ойлап сағынғаны.*

*Табынам тәңірімдей қарасыңа,
Иланба жұрттың жапқан жаласына.*

*Мен үшін адалдығың – бар байлығым,
Ағарсын мәңгі бізбен ар жайлы ұғым!*

САҒЫНЫШЫМ

*Сол бір түні талай сыр ағытылды,
Тәтті жырға ғашықтар бағы тұнды.
Бұл күнде Өзің қасымнан жырақ кетіп,
Сағынышым шақырды шабытымды.*

*Күнім едің жайнатқан аспанымды,
Тең көрмеймін бейнеңе басқа гүлді.
Тағат таппай сені іздеп аласұрған
Сағынышым жүдетті жас жанымды.*

*Бізді жоқтап, қалқам-ау, тіл қатады,
Қызғалдағы құлпырған қырқа тағы.
Мұңын шағып, атыңды қосып әнге
Сағынышым еріксіз шырқатады.*

*Адам ба өз бақытын таба алмаған,
Сол үшін құрбандыққа жаралмаған.
Билеген бар еркімді, жарығым-ай,
«Бір сен!» –деп жүрек күнде алаңдаған.*

*Шын зерек маңдайдағы ырысты ұғар,
Санасыз болмашыға ұрыс қылар.
Жүзіңе титтей кірбің түсіргенше,
Жатқаным көрде тыныш дұрыс шығар.*

*Шынымен Айым туып оң жағым,
Қолыма бақыт құсы қонғаны ма?!
Мен іштей қуанамын мақтаныш қып,
Өзіңдей жан-жарымның болғанына!*

АҚ ТІЛЕК

*Келе жатқан алдағы,
Қалқам, Жаңа жылыңмен!
Жүрегімнің арманы,
Қарсы ал сырлы нұрыңмен!*

*Бірге өткізіп жыл кешін,
Бақыт құшсын жанымыз.
Шаттық гүлі гүлдесін,
Жайнап жырлы бағымыз.*

*Қос жанарың елжіреп,
Тұрсын Күннің көзіндей.
Аққын мәңгі мөлдіреп
Тас бұлақтың өзіндей.*

*Көңіл толқыр сазыңды
Шарықтатып көгімде,
Сыйлашы тек назыңды,
Көгершінім, өмірде!*

*Келдің бе, іңкәр көктемім,
Ерітіп мұзын жүректің?
Жанымды баурап от демің,
Кеудеме солмас гүл ектің.*

*Көркіңе қарап сыр тұнған
Ұғындым нұрлы өмірді.
Мәз болам ылғи сыртыңнан
Бақытты жандай көңілді.*

*Сенгенім шығар ол менің,
Сенім зой – тірлік тұтқасы.
Сәні едің мендік бөлменің,
Қасымда бірге ұйықташы.*

*Бір болшы қайда жүрсем де,
Жерде де, көкте, теңізде.
Бақыттың кілті бір сенде,
Мұңайған шақта мені ізде*

*Ешкімге сеніп ашпаған,
Жүрегім, тыңда күйімді.
Қиянат жаққа баспаған
Өзімнен жаным түңілді.*

*Сүйіп ем алғаш бір қызды
Ғашық боп ессіз, өлердей.
Теңеуші ем барлық жұлдызды,
Онсыз бұл Күнім сөнердей.*

*Қайтейін, арман қарамай
Пақырын мендей сорлатты.
Көңілі қалған баладай
Алдымда басқа жол жатты.*

*Сол жолда маған кезігіп,
Қалды ғой өзге бойжеткен.
Бақытты жандай сезініп,
Кеудемнен ұшып ой кеткен.*

*Қарсы алды ол да суық тым,
Не жаздым сонша, білмедім.
Ұмытпасам да ұмыттым,
Жолықпай әлде жүрме едім?!*

*Біреуге тағзы күні ертең
Анық қой ынтық боларым.
Сол шақта қалай күнелтем,
Көріп пе ең ойлап соны арым?*

*Қасыңнан шықпас айналып
Үмітті мүлде кеспедің.*

*Жүретін жіпсіз байланып
Не деген сүю есті едің!*

*Жүрегім, тыңдап тұрмысың,
Сырымды саған шертілген.
Айтшы ақыл, адал құрбысың,
Жүдедім әбден дертімнен.*

*Еске алсам кейде өткенді,
Кетпеген әлі дағы бар.
Сағынып жүрмін көктемді
Қайғымнан мәңгі арылар.*

*Тыңдашы, мұңды күйімді
Өзіңе ғана шертілген.
Сүйіп өт нәзік дірілді
Айырған мені еркімнен.*

*Тағдырдың жолы бұралаң,
Қоса ма бізді, қоспай ма.
Болдым ба әлде құр алаң,
Бақытым алдан тоспай ма?!*

*Еркелеп әлі көрмедім
Өмірге, досқа ешкімге.
Сусамыр құмдай шөлдедім,
Артықтау айтсам, кеш мүлде.*

*Айықпас дертті таптым-ау,
Қайғыңа жүрмін көміліп.
Сонда да шыдап бақтым-ау,
Сырт көзге сұлу көрініп.*

*Ерімес жерде ерідім,
Кей күнім өтті толғанбай.
Кеттім бе қозғап, елігім,
Қайдағы жайды ойланбай?*

*Қалды ғой бойым жеңілдеп,
Тарқатып іштен шерімді.
Сен жақтан соққан қоңыр леп
Деміңдей ыстық көрінді.*

*Бақыт боп қонар қалайда
Махаббат осы от па шын?
Ұқтың ба, жаным, алайда
Осалдау маған соқпасын!*

*Ұйқым қайда, япыр-ау, ұйқым қайда?..
Өзің жайлы, бәлкім, ол күй тыңдай ма?!
Құлағымның түбінен кетпей қойды
Сыңғырлаған күмістей күлкің майда.*

*Сені ойлаумен жатырмын көзімді ілмей,
Есімді алып нұр шашқан көзің Күндей.
Шыдай алмай барамын сағынғаннан,
Болмайды екен төзім мен сезім бірдей.*

*Қалқам, саған ағымнан жарылғанда,
Соқтырмашы жанымның шамын жарға.
Сенсіз мынау дүние су қараңғы,
Бақытым бол, осынша табынғанда!*

ЖІГІТ МҰҢЫ

*Аяулым, алыстадың
Ұмытып мәңгі мені.
Жүрмін бе ұмыта алмай
Сен шерткен әңгімені.*

*Сені ойлап,
Теңіз бойлап,
Кетем кейде сағынып.*

*Қас қағымда
Жас жанымда
Тәтті күйлер ағылып.*

*Есімде көктем кеші
Кездескен жасыл бақта.
Бүр жарған махаббаттың
Жалыны басылмақ па?!*

*Армандай көруші едім,
Сағыныш жасқа малдың.
Амалсыз кеттің бе әлде
Жанында басқа жанның?!*

ҚОШТАСУ

*Кетпейсің көз алдымнан, күнде көрем,
Кеудемде өзің жайлы гүлдеп өлең.
Бір кезде бақытты едік, сырлас едік,
Сырымды ортақ етіп кімге бөлем?*

*Арамыз суыды зой, кінәлі кім?
Әлде сен, мүмкін өзім кінәлімін.
Сен менің арманым ең, ал өзім бе,
Әйтеуір оралмайтын бір әніңмін.*

*Көрсетіп, жаным, саған салқын кірпік,
Тұрмын ба амалсыздан қасыңда үркіп.
Барамын сезбей кетіп, амалым не,
Тұрсаң да, қимай әрең жасыңды іркіп.*

*Бір сені іздедім мен
Қырдағы қызғалдақтан.
Іздеуден жалықпадым,
Той-думан қызған бақтан.*

*Бір сені іздедім мен
Ғажайып таң нұрынан.
Жыр болып құйылатын
Ақындар жаңбырынан.*

*Бір сені іздедім мен
Махаббат оттарынан.
Жүректің тебіrentкен
Сағыныш хаттарынан.*

*Бір сені іздедім мен
Адамдар арманынан.
Жан біткен құмартатын
Сезімнің балдарынан.*

*Бір сені іздедім мен
Аққулар үндерінен.
Іздеуден жалықпадым
Келешек күндерімнен.*

*Қайда екенсің, ақ құсым кезікпеген?..
Тыным көрмей жер бетін кезіп келем.
Жолығасың түбінде, жолыққанда
Боларымды бақытты сезіп келем!*

*Толқындары шарқ ұрып сені іздеумен,
Буырқанып жатады теңіз кеудем.
Өмір мынау тұрмай ма адам үшін
Келер күннен үмітін тегі үзбеуден.*

*Кейде адамның болмайды өз дегені,
Өкініште қалады төзбегені.
Сынап жүрген сияқты көрінеді
Жүрегімнің мәңгілік көздегені.*

*Қинап жүрген бұл да емес, сұрақ басқа,
Ұғын, қалқам, жанымды, жырақ қашипа.
Мені біреу ұсақтап кетті десе,
Өсегіне ондайдың құлақты аспа.*

*Қайда екенсің, ақ құсым кезікпеген?..
Тыным көрмей жер бетін кезіп келем.
Жолығасың түбінде, жолыққанда
Боларымды бақытты сезіп келем!*

*Мен бір жанға ғашық едім жасымнан,
Сол сенбісің көзіме оттай басылған.
Саған дейін қол созыппын көп гүлге,
Алданыш боп шықты бәрі, жасырман*

*Алдансам да арым таза бұлақтай,
Жүріп келем үміт туын құлатпай.
Ениі, сәулем, құшағыма Күн болып,
Сағынышым бара жатыр шыдатпай.*

*Сәтсіздіктер көрсетіп жүр өте бой,
Бірақ менде жоқ болатын бөтен ой.
Жүрегімді, тілегімді ұсындым,
Сен де алдап кетем десең, кете ғой*

*Болуы оның мүмкін емес, сезем мен,
Шын бақытқа жетерімді ежелден.
Өтсек бірге қол ұстасып арман жоқ
Өмір атты ұлы ағысты өзеннен.*

*Бір тойымды күтумен кіл ақ таңнан,
Сырым да осы, шыным да осы ақтарған.
Жыр боп менің өзегімді өртеген
Махаббатым жанарымда сақталған!*

*Рауаны таңымның
Жүрегімді тербеген,
Гүлі болшы бағымның:
«Жырым мәңгі – сен!» – деген.*

*Өсірер ем солдырмай,
Өмірімнің көркі етіп.
Өтер едім қор қылмай,
Ерке еліктей ерке етіп.*

*Өзге жанға балама,
Асылымсың арымдай.
Бақыт құсы арада
Жүрсін бізді айырмай.*

*Кейде жорта бұртиып,
Кетуші едің бұрылмай,
Жерге асыққан ынтығып,
Сүйем Күннің нұрындай!*

*Қос жанарың тұратын жалын шашып,
Саған өзім қалып ем бауыр басып.
Арман қуып барасың басқа жаққа,
Өлеңіммен отырмын жанымды ашып.*

*Тағдыр қайда қуалап апарса да,
Жарға лайық шын сүйген жат алса да,
Көңілімнен кетпейді нұрлы бейнең,
Қызға құмар бұл ағаң атанса да.*

*Аппақ еді адамға қардан жаның,
Біреулердей қулықты малданбадың.
Қайда жүрсең, аман бол, амалым жоқ,
Ашылсын деп тілеймін алдан бағың!*

*Бір алдандым өмірде,
Енді алданғым келмейді.
Тисе де ауыр көңілге,
Жүрегім сыр бермейді.*

*Ойлаушы едім басында:
«Сүйсем, мәңгі сүйем!» – деп.
Кінәлі бір басым ба,
Жазықсыз мен күйем кеп.*

*Соқты солай төбемнен
Мұңды сезім оңдырмай.
Кімнен қалай көрем мен,
Туды қайдан ой мұндай?*

*Кейде өзімнен қорықтым,
Кейде өзімнен жерідім.
Сөйтіп жүріп жолықтым
Ойда жоқта, елігім.*

*Тұрмай ма адам сертінде,
Жанға ашпаған сезім бұл.
Бәрі сенің еркіңде,
Жеккөрсен де Өзің біл!*

АЛҒАШҚЫ СЕЗІМ

*Қалқам, сені алғаш рет көргенде
Ғашық сезім оянғандай кеудемде.
Бәлкім, бұған мән бермеген шығарсың,
Өтерін ұқ өмір шіркін, беу, демде.*

*Жүректегі жырларыма қақпа ашқан,
Ойлы екен қос жанарың от шашқан.
Түсіме енген сұлу құлын мүсінің
Құшағымда, оған куә – айлы аспан.*

*Кешіре гөр бұл ағаңның қылығын,
Жалғыз күнәм – сезімнің тек құлымын.
Таңдайымнан кетпес дәмі гажайып,
Сорсам егер бал тіліңнің шырынын.*

*Созан бола өкпелеме, шырағым,
Таусылғандай менің де бар шыдамым.
Бағаласаң бір басымның қадірін,
Шабыттанып тасар еді-ау бұлағым!*

САРАҒА

*Мінезіңмен ешкімге табынбаған:
«Мен ондай қыз емеспін!» – дедің маған.
Сол інімнің сатқындық қылығына
Қапаланып күйінді жаным жаман.*

*Биік шыңда толықсып өскен шынар,
Талайлардың көкейін тескен шығар.
Менен гөрі жастығын пайдаланып,
Әлгі қуым алдында бөскен шығар.*

*Жетегінде жүрумен мұңды үміттің
Блғи күнде сен келер жолды күттім.
Басымды иіп Өзіңнен өтінерім:
«Кешіре сал қулығын сол жігіттің».*

*Сырттай гашық жан едім бір басыңа,
Айналдың гой бүгінде қимасыма.
Кездескенде баладай еркеледім,
Жүрегіңді баладым сырласыма.*

*Бір кісідей көтердің әзілімді,
Түсімде де естимін наз үніңді.
Үйленсем де, қайтейін, айып етпе,
Жасыра алмай барамын сезімімді.*

*Жанарыңда ғажайып сыр қалдырған
Ерке еліксің ағаңа жыр жаздырған.
Сұлу көркің, сәбидей қасиетің
Маңайыңды ерекше нұрландырған.*

*Шыныңды айтшы, қалқам-ау, ұнаймын ба,
Әлде өкініш көліне құлаймын ба?!
Не десең де ырзамын шешіміңе,
Азабына қайғының шыдаймын да.*

*Қойдың ғой, жаным, жалғыз-ақ
Қуанышымды қайтармай.
Арамыз қалай қалды ұзап,
Қоштасу жырын айта алмай?..*

*Айта алмай барам қиналып,
Айтуға мұршам жоқ тіпті.
Жүрегім соған иланып,
Өшпейтін мәңгі отты ұқты.*

*Жүрсем де сондай сенімде,
Жанардан қайғы жиі ақты.
Тағдыр да қатал, тегінде,
Қоспайтын бізді сияқты*

*Өзіме сенгін, сүйіктім,
Жүрегім алдап кетпеген.
Арманым болдың биік тым,
Талпынған қолым жетпеген.*

*Өмірді мен де жап-жақсы
Бір адам ғұрлы түсінем.
Бергенін тағдыр алмақшы,
Болса да менен күші кем*

*Сонда да соған мұңайып,
Салынған жоқпын қайғыға.
Көрмегін, жаным, мұны айып,
Көзімді тігем арғыға.*

*Жүректен шығар жырымсыз
Ашпаймын, қалқам, ойымды.
Асыға күткен тынымсыз
Ойлаймын сендік тойымды.*

*Ойлаймын бақыт жайында
Қақпасын күліп ашатын.
Кеудемнің жырлы бағында
Күнім бол нұрын шашатын!*

*Келші, қалқам, мен қуанар жазды алып,
Маған деген кеудеңдегі сазды алып.
Қос жанар боп екіарада еліміз,
Қараушы едік шуақ төгіп, назданып.*

*Сен тіл қатсаң жүргенімде тұнжырап,
Жоқ болатын тұла бойдан мұң жылап.
Есіңде ме, танысқан күн көктемде,
Қаз-қалпында көз алдымда тұрды ұнап.*

*Таңды атырдым, Өзіңді ойлап көз ілмей,
Сағынышым жатты қалай сезілмей?..
Көңіліңде кірбің болса, мен соған
Қысылушы ем кінәлі жан өзімдей.*

*Кейде, жаным, маған бола жаралмай,
Елестейсің сан соқтырған маралдай.
Жаны жайсаң бір Қозыға татыр ем,
Сүйе білсең сен де мені Баяндай!*

АҚ ЕРКЕМ

*Бұлақтай
Арманымнан ағыласың,
Жанарыңда
Бір үмітім жазылғандай.*

*Шырақтай
Бұл әнімде жағыласың,
Таң алдында
Еркелейтін назың қандай!*

*Ақ еркем,
Сені аңсап жүремін мен,
Егілдің бе,
Сағыныштан жаратылып?!*

*Таңертең
Күй болып сен жүрегімнен
Төгілдің бе,
Тыңдайтұғын дала тұнып?!*

*Қарлығашым, келдің бе,
Қуантып бұл ағаңды?
Құшағыма ендің бе,
Билеп алып санамды?*

*Балдай тәтті қылығың
Жанға жағып барады.
Жұпар иіс – шырының
Өн бойыма тарады.*

*Бауыр басып Өзіңе
Кеткендеймін бүгінде.
Қарап нәркес көзіңе
Өтем жұмбақ күйімде.*

*Бәлкім, ойың басқада
Болған шығар, кім білсін?!
Жыр арнадым жасқана
Сезіміңе бүлдіршін.*

*Айып етпе, шырағым,
Осалдығын жүректің.
Жетер емес шыдамым,
Көңілімді жүдеттің.*

*Сыр ақтардым жасырмай
Қалмаған соң амалым.
Аспаным тұр ашылмай,
Сені іздейді жанарым!*

АРУЛАР-АЙ

*Арулар-ай, ақынды ғашық еткен,
Жолдарыңда талайдың басы кеткен.
Бай да, хан да дәрменсіз алдарыңда,
Сендер үшін байлығын шашып өткен.*

*Арулар-ай, бөлінген ақ, сарыға,
Тәтті қиял сыйлаған ақшалыға.
Тұтқындауға қалың қол жібермей-ақ
Сұлу көркің құл еткен патшаны да.*

*Арулар-ай, жігітті желіктірген,
Делебесін қоздырып еліктірген.
Алдай салсаң көңілін нең кетеді-ау,
Құр әуреге салмай-ақ көніп бірден*

*Арулар-ай, шалды да тамсандырған,
Оңашада еріксіз ән салдырған.
Жүрегімді ғажайып күйге бөлеп,
Шығыңдаршы жымыып қарсы алдымнан.*

*Арулар-ай, тәкаппар пәк қалпыңда
Айырбасқа бермес ем тақты алтынға.
Арманым жоқ өртеніп кетсем егер
Көзіңдегі сырлы саз – от жарқылға.*

*Арулар-ай, жаны – жаз, жүзі – көктем,
Мысын басқан менменнің үні өктем.
Онсыз да бұл сүйкімді келбетіңді
Нұрландырсын құдайдың Күні көктем!*

БАЛДЫЗЫМ

*Үзілмеген қызғалдақтай, балдызым,
Бошы мәңгі жалап жейтін бал мұзым.
Сүйкімдісің көлде жүзген аққудай,
Деймін іштей мен Өзіңді хан қызым.*

*Магниттей тартатұғын тұлғаңыз –
Жүрегімнен түлеп ұшқан жыр нағыз.
Сауалым бар оңашада қоятын,
Шыныңды айтшы, берік пе едің сырға, қыз?*

*Көз алдымда алаулайды төс жанып,
Өкінемін жүргеніме кеш қалып.
Жанды қинап, мазамды әбден кетірді-ау,
Жарқылдаған қос жанарың есті алып.*

*Тұла бойды балқытар нұр жүзіңде,
Тәтті жеміс пісіп-ақ тұр күзіңде.
Көңілімді еліктірген керемет
Күй ойнайды ерке мінез ізіңде.*

*Кім қызықпас көркіне бұл жақұттың,
Әттең, шіркін, тұтқынымын уақыттың..
Тек тілерім: «Сүйгеніңе қосылып,
Өмір сүргін құшағында бақыттың!».*

*Құмарым қанып сүйе алмай,
Отыңа жанып күйе алмай,
Көзімнің жасын тия алмай,
Өзіңдей жанды қия алмай,*

*Түйінді қалған шеше алмай,
Үміттің жібін кесе алмай,
Жүргенде, қалқам, түңілмей,
Жарқ ете қалшы Күнімдей!*

*Сенде нұрлы шыңдардан
Бір арман бар жоғары.
Сенде жалғыз сыр қалған,
Ешкім тапқан жоқ әлі.*

*Менде жалғыз тілек бар:
«Жырым болшы тер төгер!»
Менде жалғыз жүрек бар
Өзіңді ойлап өртенер.*

*Сүйіктім, жаның жұпар
Гүлдерден жаралдың ба?
Сазды үнім тамылжытар
Әнім боп оралдың ба?*

*Сен менің мақтанымсың,
Жүректе жатталдың да.
Арайлы ақ таңымсың,
Күтемін қақпа алдында.*

*Тып-тыныш едім, шайқадың,
Жоқ шығар сенде ешбір ой.
Бойыңнан бір күш байқадым,
Бір самал ғажап есті ғой.*

*Сол самал еді шаттығым,
Жанымның күйін тасытқан.
Баспашы жүрек аптығын
Өзіңе қарай асыққан.*

*Жолықсам ылғи сыр айтып,
Жанарым тұрды нұрланып.
Жүрсең де мені мұңайтып,
Қарадым талай ұрланып.*

*Кезіктің солай, білмеймін,
Бақытқа әлде сорыма?!
Елемей қанша жүр мейлің,
Алаңдап тұрам жолыңа.*

*Осының бәрін сезбедің,
Келмеген шығар білгің де.
Алтыным десем, жез бе едің,
Алданып, бәлкім, жүрмін бе?*

*Есімнен бірақ шықпадың,
Дарытып алдым кеселді.
Қайғымды жалғыз ұқпадың,
Қош енді, қалқам, кеш енді!*

ШЫНАР

*Әп-әдемі қыз екенсің көрікті,
Көріп сені жаман ағаң желікті.
Әлде мені менсінбеген шығарсың,
Бірақ, қалқам, билеп алдың ерікті.*

*Құттықтаймын мерекеңмен бүгінгі,
Ұсынамын жырдан жасап гүлімді.
Тар заманда бақытыңды табарсың,
Дегенмен де, ұғын ауыр күйімді.*

*Жүрегіңді жатсын кернеп қуаныш,
Соның өзі – маған үлкен жұбаныш.
Мінезіңнің байлығына тәнтімін,
Тек тілерім – жамандықтан жүр алыс.*

*Бәлкім, бізді тағдыр қосқан шығар-ау,
Қос жанарым ерініңе құмар-ау.
Құмарлығым қимастыққа ұласып,
Саған ғашық болғандаймын, Шынар-ау!*

*Бүгін сенің туған күнің өмірде,
Он сегізін гүл боп біткен өңірге.
Құттықтаймын ағымнан тек жарылып,
Ерекше бір толсын шаттық көңілге.*

*Жүрші бүгін жүрегіңнен Күн күліп,
Жас баладай мәз боп жұртты күлдіріп.
Букет-жырым қолымдағы – тартуым,
Ала қойшы маңдайыңнан сүйдіріп.*

*Өз қақпасын бақыт оңай ашар ма,
Қиындыққа мойымағын, жас алма.
Дүниеде тілер жалғыз тілегім:
«Бақытты бол, айналайын, қашанда!».*

ШЕМІШКЕ САТҚАН БОЙЖЕТКЕН

немесе

ГҮЛМИРАҒА

*Бейбітшілік гүлі екенсің әдемі,
Осы өлеңім – жүрегімнің сәлемі.
Сендей қызға шемішкені саттырған
Елді қысқан қу нарықтың әлегі.*

*Түбін ойлап әзілі бар сөзіңнің,
Тұтқын болдым жетегінде сезімнің.
«Ағай, менен алыңыз, –деп, –шөмішке»,
Мақтадың-ау әсемдігін көзімнің.*

*Маңғаз басып теңгесі көп немедей,
Екі мәрте өте шықтым елемей.
Кешір, қалқам, ағаттығын ағаңның,
Қалдың ба әлде қайраңдағы кемедей.*

*Еске сақтап мүлт жіберген кезімді,
Үшіншіде сөзге тарттым Өзіңді.
Есіміңді сұрағанға мәзбін-ау,
Жаным менің қуанышты сезінді*

*Қайда алыстап барасың, айналайын,
Сені ойлаған жаныма қайғы ағайын.
Түсінбедің, түсінгің келмеді ме?
Ұша қойшы, бағыңды байламайын.*

*Ұша қойшы, қайтейін, амал бар ма,
Әлде сыр қап қойды ма жанарларда?
Күдерімді мен әлі үзбей жүрмін,
Үміт оты мазданып жанады алда.*

*Сенсіз бағым құлпырып жайнамаған,
Қалқам, сендей шын бақыт қайда маған?!*

*Сырт айналсаң, қаламын мұңға батып,
Ну ормандай бұлбұлы сайрамаған.*

*Жалғыздықтың қашанда таңы атпаған,
Ай да батты мүсіркей қарап маған
Тек өзіңнің арқаңда шыңға шығам,
Болсаң, жаным, мәңгілік қанат маған.*

*Бір күй менің кеудемде жатты ағылып,
Ғұмыр бойы ұрпақтар сақтар ұғып.
«Сүйем» деуге, сәулем-ай, батыл бармай,
Сырымды айтып отырмын ақтарылып*

*Кез болдың маған, қалқам-ау,
Көктемде гүлі бүр жарған.
Сырымды қалай айтам-ау,
Кеудемде үнсіз туды арман.*

*Сол арман, сезсең, Өзіңсің,
Әнім боп күнде айтылған.
Үмітті нұрлы көзімсің
Сені іздеп, сәулем, шарқ ұрған.*

*Ғашықтық сезім жанымнан
Еріксіз кетті оянып.
Көліңе қоншы сағынған,
Аққуым менің, оралып.*

*Өкінбей ұсын қолыңды,
Бұл өмір қайта келмейді-ау.
Сұр жылан кесті жолымды
Жүрегім бірақ сенбейді-ау!*

ҒАШЫҚ ЖАРҒА

*Мен жайында, жаным-ау, ойладың ба,
Ойладың ба бақытты боларыңды?
Қиялыңмен армандап тойладың ба,
Айдыныма аққу боп қонарыңды?*

*Тағдырыма қуанамын,
Берген сендей тілегімді.
Жанарыңнан нұр аламын,
Ақын еткен жүрегімді.*

*Қосылды зой жұлдызы кеудеміздің,
Кел, екеуміз әлемге жар салайық.
Соқсын қанша ызғары желдеу күздің,
Қол ұстасып мәңгі бір қарсы алайық.*

*Ей, өлең, нұры көзімнің,
Тыңдағын шерлі мұңымды.
Бар ма бұл шегі төзімнің,
Жүрегім дертке ұрынды.*

*Ауру да емес, сау да емес,
Душар боп қалдым бір күйге.
Күндерден өткен қалды елес,
Жоқ менде шаттық, күлкі үйде.*

*Қос ғашық қатар ұмтылса,
Жанардан бақыт аунатып.
Барлығы солай бұлқынса,
Махаббат отын лаулатып.*

*Сүймесе бірі, жалғанда
Жоқ екен содан ауыры.
Маған да сол жол қалған ба,
Қайғының қара дауылы?..*

*Шіркін-ай, сүйсе ол мені,
Дәл мендей ессіз ынтығып.
Жанымның осы-ақ болды емі,
Кетер ем жайнап құлпырып.*

*Амал не, кетті бұйырмай,
Жүрекке салып жараны.
Екпіні қатты құйындай
Шыдатпай алып барады.*

*Ей, өлең, арман жыр-құсым,
Бұл – менің тұңғыш бар дертім.
Сырымды тыңдап тұрмысың,
Оралмай мәңгі қалды еркім!*

*Елігім, ерекше екен есіміңіз,
Көз жазып қалғанымды кешіріңіз.
Өмірдің бұл да қызық сәті шығар,
Әзірше маған жұмбақ шешіміңіз.*

*Сүйкімді бойжеткенсіз жүзі жарқын,
Ойлаймын түсінер деп сөздің парқын.
Көңілім көтеріңкі күй кешіп тұр,
Сіз жақтан соққандай жел қоңыр салқын.*

*Бейтаныс болсақ та,
Еркелей соқтықтым.
Ой салған сол шақта
Жанардан отты ұқтым.*

*Жан ба деп сезімсіз
Мені ойлап қалмағын.
Түсінші тек үнсіз
Ағаңның арманын.*

*Дәл қазір күн-көктем,
Бір сыр бар көзімде.
Жырыма нұр төккен
Құдірет Өзің бе?!*

*Өзімді-өзім суытып
Көрсем де мен Өзіңнен.
Кете алмадым ұмытып,
Таусылып бар төзімнен.*

*Жүректі арбап сиқырың,
Естен әбден тандырып,
Мәні қашып ұйқының,
Бара жатыр жандырып.*

МЕН – МАХАББАТ

*Тұрмайды екен бірін-бірі сүймесе,
Екі жастың жанарында от жанып.
Қалам кейде қадірімді білмесе,
Біреулердің кеудесінде тоттанып.*

*Асылымын бар адамның қызғанар,
Шын ғашықтар қарайды ылғи сүйсініп.
Махаббаты мың өртеніп, жүз жанар,
Өмір бойы өтеді ғой күрсініп*

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЫРЫ

*Құтты болсын мейрам, ару аналар!
Өздеріңді жігіт, жарың бағалар.
Отбасының ырысы да – Сендерсің,
Сондықтан да ырза бала-шағалар.*

*Бойдақ біткен қызға гүлін ұсынар,
Ал гашығы ептеп одан қысылар
Шал кемпірін айналсоқтап шықпайды,
Сөз айтпақ боп көңілі өсіп тұшынар.*

*Бүгін гажап күй кешіп тұр айнала,
Қарайтындай сүйсініп шын маң дала.
Бойжеткендер сәнденіпті керемет,
Сүйгеніне көз салады наздана.*

*Тек солармен жасарғандай бар көше,
Алматы да құлпырыпты өзгеше.
Мейірі – Күн, жаны нәзік жандарды
Құрметтейік ерекше біз ендеше!*

*Сұлулар-ай дәті берік, сырға бай,
Өздеріңсіз күн көреміз біз қалай?!
Мәңгі-бақи қуанышқа бөлесін,
Өздеріңді шыққан Күн мен туған Ай!*

5 наурыз, 2008ж.

ҚЫЗДАР

*Қыздар деген – құлпырған гүл әдемі,
Қандай әсем көрсеткен бізге әдебі.
Дүниеде олардан бай адам жоқ,
Соның жарқын куәсі – күллі әлемі.*

*Шешу қиын жұмбағын әлемінің,
Нағыз дастан – өзі бұл сәлемінің.
Сұлулығы жағынан әрқайсысы
Патшасындай көрінер әдемінің.*

*Бәрін түгел қаратқан қабағына,
Қардан да аппақ балауса тамағына.*

*Мөлдіреген жанары қарақаттай
Тойдырады ғашықтық шарабына.*

*Солар сенің бағыңды жандырады,
Немесе шын көзіңді талдырады.
Әсіресе, Алматы қыздарының
Ару көркі есіңнен тандырады.*

*Сондай күйге түсіп тұр ой-арманым,
Сондай тәтті сезімге тоя алмадым.
Шіркін, сондай қыздардың бірі сен деп,
Жүргенімді түсінсе, жоқ арманым!*

ЖАНАРДАН ТАМҒАН ТАМШЫЛАР

*Жалындай түскен шағыңда
Зардабын тартпа күйіктің.
Гүл болсаң оның бағында,
Аялап өтсін сүйіктің.*

*Қалқам, түсін, жарыңның
Бағыңды ашпас айлығы.
Сүйіп өтсе тірлікте,
Сол ғой берген байлығы.*

*Махаббатсыз өмірің
Өмір емес, далбаса.
Құнсыз болар өлігің,
Лаулап егер жанбаса!*

*О, махаббат, жүрегімнің дүрсілі,
Тыңда менің саған айтар сырымды.
Гүлін жарды сендік сезім бүршігі,
Өзіңе арнап жазғам тұңғыш жырымды.*

АЙНАЛАЙЫН, ЕРКЕШ!

*Гүл жиырма жетінші көктеміңді
Тойладың ғой еске алып өткеніңді.
Сенің туған күніңде кешір, қалқам,
Құттықтауды ұмытып кеткенімді.*

*Болды мұным әбестік мен жағынан,
Қысылдым шын ұяттың салмағынан.
Қалай қара басқанын білмей қалдым,
Жан шыққандай қолымның бармағынан.*

*Жалықпастан қайталап есіміңді,
Қайта-қайта сұрадым кешірімді.
Ең болмаса жыр сыйлай алмағаным
Ауыр тиіп, ағаңның есі кірді.*

*Кінәлады келгеннің көбі мені,
Өкініштен көз жасым төгіледі.
Бірақ маған бір кірбің көңіліңде
Қалып қойған сияқты көрінеді.*

*Қалай жусам екен деп айыбымды
Жиып алдым алдыңда айылымды.
Жүрегі кең қыз ең ғой, жаны нәзік,
Түсірші бұл ағаңа жарығыңды!*

6 наурыз, 2008ж.

*Болғым келді сенің нағыз жақының,
Мәжнүндей мендей ессіз ақының.
Саған ғашық екенімді айыпқа
Бұйырмашы, бар ғой қалқам, ақылың.*

*Сөге көрме ағаңның өрт сезімін,
Тауысқандай жүрегім де төзімін.
Болсаң егер армандаған Қорланым,
Дер едім шын: «Дәл Естайдың өзімін!»*

*Бәлкім, мұным саған ерсі көрінер,
Махаббатым у боп көзден төгілер.
Еріккеннен сөз айтады дейсің бе,
Кезіккенде сұлуларға көбіне ер.*

*Осы арада, жаным, рас, мұлт кеттің,
Мүмкін мені сыртымнан бұл күлкі еттің.
Не десең де қорлығыңа көнемін
Ісін істеп сертке берік еркектің.*

*Бар сырымды жайып салдым алдыңда,
Төлегеннің зор зардабы бар мұнда.
Жүрегімнен сапар шекті Өзіңе
Араласып қуанышым, қайғым да!*

ҚҰТТЫҚТАУ

(Назымға)

*Құт болсын сегізінші Наурызыңыз,
Сен барда көгімде бұл жанды жұлдыз.
Өзіңмен танысқалы сәттен бері
Ағаңды ізгілікке баулыдыңыз*

*Тілек көп саған арнап айтылатын,
Жерім жоқ енді менің тартылатын.
Осындай халге жеттім, амалым не,
Жүрегім жүзіңді аңсап шарқ ұратын.*

*Өйткені сұлусың гой хор қызындай,
Көргенде тұра алмайды ой бұзылмай.
Сен маған елестейсің мәңгілікке
Жігіттің гашық болған балдызындай.*

*Десең де орның бөлек өмірімде,
Ғашықтық кені жатыр көңілімде.
Бәлкім, мен арманыңа татымаспын,
Өтінем, арқа сүйер серігім де*

АРМАН

(А-ға, әнге лайықталған)

*Жарасымды сұлу денең
Шырай берген жан-жағына.
Жүрегімде тудырды өлең
Айналған шын арманыма.*

*Арман, арман, ғажапсың-ау,
Сені ойлап қиялданам,
Басқа жанға қияр ма адам?!
Қатаң дыбыс бола алмадым,
Алдыңда ылғи ұяңданам,
Мен үшін бұл азап – шыдау!*

*От тастады сезіміме
Сөнбейтіндей Күн көзіндей!
Сын ба екен төзіміме
Көрген алғаш гүлді Өзіңдей!*

*Жыр денеңді құшаққа алып,
Құшсам деп ем оңашада.
Кеттім бе әлде ұсақталып,
Отырғандай тамашада*

*Өзіңсің қырдың қызыл қызғалдағы,
Гүлдесін жүрегіңнің ізгі арманы!
Қуаныш бесігінде тербеле бер,
Ашылып алдыңнан бұл Иран бағы!*

*Құттықтап мерекеңмен жыр арнадым,
Деймін мен іштей сені сыңар лағым.
Амал жоқ, ұшып кетсең жылы ұяңа,
Сағынып пәк жүзіңді тұрар жаным!*

*Бозарып атқан аппақ таңды аңсаған
Тілеймін шын бақытты, қалқам саған!*

*Ерекше сезімімнің сыры деп ұқ
Кеудемде оттай лаулап жанса арман!*

8 наурыз, 2010ж.

*Тыңда, жаным, сырым көп шертілмеген,
Онсыз мынау көңілім серпілмеген.
Алдыңда осы ағымнан жарыламын
Табынбайтын басқаға еркімменен.*

*Жанарыңнан сезіп ем сүйеріңді,
Ыстығыма өзімдей күйеріңді.
Мұзды мұхит секілді қатып жатқан
Билеп алдың сен менің жүрегімді.*

*Бұған сондай мен шексіз қуанғанмын,
Буына ыстық жырымды суарғанмын.
Терең ойлы сол күнгі қарасыңнан
Таусылмайтын қуатты нұр алғанмын.*

*Ұғын бірақ жолымның бұралаңын,
Өмір енді мәңгілік бір ағарын.
Бір кісідей үңілдім дүниеге,
Игермек боп қалдырған мұраларын.*

*Әркімге тән төзімді шыдам барда,
Қиындықтар сан қилы сынайды алда.
Тірлігімде тік жүріп келем әлі,
Кейбір қулар түлкідей бұлаңдай ма?..*

*Сыры жұмбақ жанымның дара бағын
Емін-еркін армансыз аралағын.
Мейлі мені күндесін, түтіп жесін,
Өсегіне пысқырып қарамағын.*

*Сыйлағам жоқ біреудің құр атағын,
Кішіпейіл жандарды ұнатамын.*

*Қабақ шытпай ұсынғын қара суды,
Сонда ғана «жауымды» сұлатамын.*

*Қақтығысы ойлардың туар баста,
Жетіп жатыр осы да ұғар жасқа.
Дүбірлетіп өткізсек тойымызды,
Дәл мен үшін арман жоқ одан басқа.*

*Төбеңде ойнар әумесер, теңдік берсе,
Жүректіден шығады, ерлік келсе.
Бір адамды бақытты ете аламын,
Көкіректе ақырғы дем біткенше!*

МАЗМҰНЫ

Ахметова К., Асанов Қ. Азаматтық үні зор ақын.
Өмірімнің үзік сырлары..
Төрдегі сурет (ағам Әбзелбекке)

Бірінші бөлім ЖАНАРЫМДА – ЖҰМЫР ЖЕР

«Зердеме түйіп келем ұққанымды»..
Жер-ананың толғанысы..
Десең де.
Кеудемдегі кептерім
Сақ болыңдар
Армысыңдар, достарым!
Достар..
Досқа сыр..
Айы туып оңынан күле келген..
Қайрау.
«Қатпаса да бұғанам, қауырсыным».
МЕЗГІЛ ӘУЕНДЕРІ:
«Көктем!» - дейді».
«Көктем, көктем»
Дүниеге дүбірін тыңдаттырып
«Қарашы, көктем»
Жаз шыққанда
Күз боларда .
Қыс түскенде.
Шәкірттеріме
Ей, менің жастық шағым..
Өтпелі кезең шыңдығы
Шаңқай түсте адастым.
Жанайқай
Өзімізден қорқамын.
«Қоғамға сыймай барамын»
«Десек те біз тапшылықты көз көрді»
Жарылқа, Наурыз, халқымды

Жаңа жыл – Жаңа жыр
Туған жермен сырласу
Бірінші сыр
Екінші сыр.
«Ғұмырымда көбінесе мұң құшқан»
Алматы – ару қалам.
«Алматы ақшамына».
Көзі ашық, көкірегі сауатты
Ұлы Жеңіс..
Үлкендер-ай.
«Сылдырмағы шертіп әсем бір күйді»
Жанымды жеген дерт немесе Қайрат Рысқұлбекұлына
Атама хат.
Шеше
Зерделі
Ғаниға.
Атасының «әлдиі»..
Күтеміз ертеңінен зор үмітті.
Ғажап мән бар киелі есіміңде.
Ұлы заң..
Құттықтау..
«Тіл-әдебиет» журналы..
Өмір туралы.
Өмір деген – екі жол
Бітсе үнім, бітеді.
Тәуелсіздік туралы толғау.
Ысты ұрпағына
Аманат..
Жас ұрпаққа
Жастық..
«Қырыққа келдім»..
Түркістаным
Жыр-шашу.
Өкініш.
Қазақ даусы
Боз қасқа бесті
Тұлпар жырым.

«Күнделікті тірліктің»
Кешірмегін
Шабыт..
Кейде
Ағалар
Сәлем, ару Ыстықкөл
Пойызда
«Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген»
Келер күндер.
Арман
«Жүрсем де мен».
Бақыт..
Кедейлік
«Ей, жүрегім, ендікпе».
«Бір қалыпты соқпайды».
«Жолықтың ерте, жүрегім..».
«Жүрегім, сөйле, тоқталма..»
«Жүрегім, неге қамықтың..».
«Жүрегім-ай»
«Жүрегім, нені сезесің?»..
«Бұл күнде жігіт болдым »
«Көңіл күйім ауа райы секілді..»..
Таласым.
Ойығыма.
Ана тілім.
Жас түлектерге
«Елу деген – тірлігімнің белесі».
Алпыстың есебі..

Екінші бөлім **МАХАББАТ АРАЛЫНДА**

«Бола білші шын бағым..»..
«Ойлама, жаным, сен мені..».
«Санамда ойлы сұлу көркің қалып..»..
«Серуен құрып шаттықтың ауласында..».
«Сағыныштан қос жанар шуақ төгіп..»

«Күн көзіндей нұр төгіп көңіліме..».
Сүйген жарға..
Жан жарым
«Жанымыз бір тіршілік кемесінде..»..
«Жаным!» деген бір ауыз сөз – алғысың.
Ақ құба қыз.
82-бөлме.
«Шығарып салдың ауылға..»..
«Үнсіз ғана жанардан..»..
«Бұлбұлым, жүректен жыр ағылғаны..»..
Сағынышым
«Адам ба өз бақытын таба алмаған»..
Ақ тілек
«Келдің бе, іңкәр көктемім..»..
«Ешкімге сеніп аспаған..»..
«Тыңдашы, мұнды күйімді..»..
«Ұйқым қайда, япыр-ау, ұйқым қайда»
Жігіт мұңы.
Қоштасу.
«Бір сені іздедім мен..»
«Боларымды бақытты сезіп келем».
«Мен бір жанға ғашық едім жасымнан..»
«Рауаны таңымның».
«Қос жанарын тұратын жалын шашып..»..
«Бір алдандым өмірде».
Алғашқы сезім
Сараға.
«Қойдың ғой, жаным, жалғыз-ақ..»..
«Өзіме сенгін, сүйіктім»..
«Келші, қалқам, мен қуанар жазды алып»
Ақ еркем.
«Қарлығашым, келдің бе?»
Арулар-ай.
Балдызым.
«Құмарым қанып сүйе алмай»..
«Сенде нұрлы шыңдардан..»
«Сүйіктім, жаның жұпар»

«Тып-тыныш едім, шайқадың..».
Шынар.
«Бүгін сенің туған күнің өмірде..».
Шемішке сатқан бойжеткен.
«Қайда алыстап барасың, айналайын..»
«Кез болдың маған, қалқам-ау..».
Ғашық жарға
«Ей, өлең, нұры көзімнің».
«Елігім, ерекше екен есіміңіз»
«Бейтаныс болсақ та»
«Өзімді-өзім суытып»
Мен – махаббат..
Құттықтау жыры.
Қыздар.
Жанардан тамған тамшылар.
Айналайын, Еркеш!
«Болғым келді сенің нағыз жақының..».
Құттықтау.
Арман.
«Өзіңсің қырдың қызыл қызғалдағы».
«Тыңда жаным, сырым көп шертілмеген..».

Автор Шілдебайұлы Зернебек 1949 жылы тамыз айының 10 күні Жамбыл облысының Талас ауданындағы «Бостандық» ауылында дүниеге келген. Алғаш мектеп табалдырығын осы ауданның «Ойық» ауылында аттаған ол 1976 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын ауылда радиожөндеуші, Алматыдағы баспахана мен зауытта жұмысшы болып бастаған. Жогары оқу орынын тәмам-дағаннан кейін мектепте мұғалім, Қордай аудандық «Білім» қоғамында жауапты хатшы, аудандық газетте аудармашы, Республикалық «Мектеп» баспасында корректор, редактор, аға редактор, Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші, «Қазақстан мектебі» журналында бөлім редакторы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жауапты хатшы, бас редактор, «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жабық акционерлік қоғамының президенті қызметтерін атқарған. Қазір «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры болды.



Халық ағарту саласында сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісімен және Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, ақын.

Көптеген әдеби-публицистикалық, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік мақалалары, өлеңдері мен жыр-толғаулары аудандық, облыстық және республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған.

2014 жылы «Ұлылар ұлағаты» атты өлеңдер мен толғаулар жинағы жарық көрген.

Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ
КЕУДЕМДЕГІ КЕПТЕРІМ
(Өлеңдер)

Редакторы: Гүлзия Болатбайқызы.
Техникалық редакторы: Шарипа Жамықаева.

Теруге 26.05.2015 жіберілді.
Басуға 02.06.2015 ж қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/16 .
Қаріп түрі «Times New Roman»
Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 10.5
Таралымы 300 дана. Тапсырыс №135.

Теріліп, беттелген жері – Республикалық ғылыми-педагогикалық және әдістемелік «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының компьютерлік орталығында теріп беттеген - Жанар Сейдуллақызы.
050009, Алматы қаласы, Гайдар көшесі, 123.

Кітап тапсырыс берушінің дайын файлдарынан «Ан арыс» баспасынан басылып шықты.